

*С. Б. Бабаев, Ш. Б. Оразов, Қ. С. Бабаева*

**Педагогика:  
жалпы негіздері  
және тәрбие теориясы**

*Оқу құралы*

Алматы  
2019

**ББК 74.00**  
**Б 12**

**С. Б. Бабаев, Ш. Б. Оразов, Қ. С. Бабаева**

**Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы.**

Оқу құралы.— Алматы: Нұр-пресс, 2019.— 124 б.

**ISBN 9965-813-41-8**

Оқу құралы педагогика пәнінің «Жалпы негіздері» және «Тәрбие теориясы» бөлімдеріне байланысты Мемлекеттік стандартқа және оқу бағдарламасына сәйкес аса күрделі болған 50 сұраққа жауап түрінде дайындалды. Кітап емтиханға немесе сынаққа мүмкіндігінше қысқа мерзімде дайындалуға және жоғары көрсеткішке жетуге мүмкіндік береді, сонымен бірге уақытыңызды үнемдеуге көмектеседі. Дайындық барысында кітап сіздің теориялық және практикалық білім, біліктеріңізді жаңадан жүйелестіруге жәрдемін тигізеді.

**ББК 74.00**

© Авторлық ұжым, 2019.

© Нұр-пресс, 2019.

**ISBN 9965-813-41-8**

*«Бірінші мәселе білім емес, тәрбие...  
Тәрбиесізге берілген  
білім адамзатқа апат алып келеді»*

әл-Фараби

## 1-сұрақ

---

### Педагогика — тәрбие жөніндегі ғылым

#### Жауап

Адам биологиялық тіршілік иесі ретінде дүниеге келеді. Оның тұлға болып жетілуі үшін тәрбиелеу керек. **Тәрбие** адамды ізгілендіріп, оған қажет қасиет, сапаларды қалыптастырады. Қазіргі қоғамда тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мекемелер түзілген. Бұл үдерісті кәсіптенген адамдар басқарады. Тәрбие жөнінде арнайы ғылым қалыптасқан. Міне, сол ғылымды үйренуді енді бастаймыз.

Адам тәрбиелеу жөніндегі ғылым **педагогика** деп аталады. Ол өз атамасын грек сөздері «пайдес» — балалар және «аго» — жетектеу дегеннен алған, тікелей аудармасында «педагогика» сөзі «**бала тәрбиесін бағыттау өнері**» дегенді аңдатады, ал «педагог» сөзі **бала жетектеуші** мәнін білдіреді.

Барша дәуірлерде педагогтар балалардың табиғаттан берілген мүмкіндіктерін іске асырып, жаңа сапаларды қалыптастырудың тиімді жолдарын тауып, оларға көмектесумен келеді. Мындаған жылдар бойы қажетті тәлімдер тырнақтап жиналып, педагогикалық жүйе негізделді, тексерілді, қажет болмаған тұстары қолданымнан шығарылды, ақырында өміршең, ең пайдалы педагогикалық идеялар сақталып, бүгінгі күнге жетті. Бірте-бірте басты міндеті ғылыми тәлімдерді топтастыру және жүйеге келтіру болған тәрбие жөніндегі ғылым пайда болды. Ұзаққа созылған даму жолын бастан кешірген **бүгінгі заман педагогикасы адам тәрбиесі заңдылықтары жөніндегі ғылымға** айналды.

Педагогика мұғалімдерді белгілі жас тобындағы адамдарды тәрбиелеу ерекшеліктері жөніндегі **кәсіби тәлімдермен** қаруландырып, әрқилы жағдайлардағы тәлім-тәрбие үдерісін **болжастыруға, жобалауға және іске асыруға**, оның **тиімділігін бағалауға** үйретеді. Тәрбие үдерісін ұдайы жетілдіріп отыру қажет, себебі адамдардың өмір жағдайлары өзгермелі, ақпараттар көлемі ұлғаюда, осыдан мұғалімге қойылатын талаптар жыл сайын күрделеніп барады. Қоғамның мұндай талаптарына педагогтар өсіп келе жатқан әулетті тәрбиелеу, ұқтыру және оған тәлім ұсынудың жаңа технологияларын құрастырумен жауап береді.

Адамның өмірлік мектебі оның алғашқы демімен бірге басталады. Осыдан мектеп педагогтары мәңгі проблемалар құрсауында келеді. Баланы адамаралық қатынастар дүниесіне енгізуді олар өзінің ең басты парызы деп біледі. Алайда, осы уақытқа дейін тәрбиелік қызмет мұншама қиын, күрделі және жауапты болып көрген емес. Дүние басқаша кейіпте болған, онда бүгінгі балаларға төніп тұрған қауіп-қатерлердің кейбір түрлері тіпті болмаған. Отбасында, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектепте болашақ азаматқа қандай негіз қаланса, болашақ өмірі мен бақыты, бүкіл қоғамның берекесі соған тәуелді болып тұр.

Қазіргі заман педагогикасы — үлкен қарқынмен даму үстіндегі ғылым. Педагогиканың іркіліс, кешеуілдеуі адамдардың даму дағдарысына алып келеді, ғылыми-техникалық прогрестің шабандауына соқтырады. Сондықтан да педагогика кез келген дерек көздерінен жаңа тәлімдерді теріп, жинақтап баруы қажет. Педагогиканың дамуына себепші көздер — адамдардың өмір салтында, үдерісінде, халықтық педагогикада бекіген көпғасырлық тәрбие тәжірибесі, іс-қызметтері; философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер; әлемде және елімізде жүріп жатқан тәрбие үдерісі; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеу деректері; жаңа идеялар, жаңарған бағыт-бағдарлар, жылдам өзгерістерге келіп тұрған бүгінгі дүниедегі тәрбиенің тиімді соны технологиялары.

Сонымен, **педагогика — тәрбие туралы ғылым. Оның басты міндеті адам тәрбиесі жөніндегі ғылыми тәлімдерді жинақтау және жүйелестіру. Педагогика тұлға тәрбиесі, тәлім ұсыну және оны қабылдап, игеру заңдылықтарын ашып, соның негізінде алға қойылған мақсаттарға жетудің ең пайдалы педагогикалық жолдары мен тәсілдерін көрсетіп отырады.**

## 2-сұрақ

---

### Педагогиканың пайда болуы мен дамуы

#### Жауап

Тәрбие ісі өз бастауларын адамзат өркениетінің бірінші қадамдарымен байланыстырады. Тәрбие алғашқы адамдармен бірге пайда болды. Ол замандары бала ешқандай педагогика-

сыз-ақ тәрбиеленген. Адамдардың ол жөнінде тіпті хабары да болмаған. Тәрбие жөніндегі ғылым геометрия, астрономия, басқа да ғылым салаларынан көп кейін қалыптасқан.

Белгілі болғандай, барша ғылым салаларының пайда болуын-дағы алғышарт — **өмір қажеттігі**. Тәрбие идеялары адамдар өмірінде аса маңызды рөл атқара бастады. Себебі, әртүрлі қоғамда өсіп келе жатқан әулиет тәрбиесіне орай, өмір қажеттігі де жылдам немесе шабан дамидыны белгілі. Осыдан тәрбие тәжірибесін топтастыра және қорытындылап, арнайы тәлім-тәрбие мекемелерін ұйымдастырумен, жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады.

Ежелгі дүниенің Қытай, Индия, Египет, Греция сынды аса дамыған елдерінде сол заманның өзінде тәрбие тәжірибесі бір арнаға келтірілді, одан теориялық жүйе түзу қадамдары жасалды. Ол кезде табиғат, адам, қоғам жөніндегі барша тәлімдер философия шеңберінде жинақталатын, алғашқы педагогикалық тұжырымдар да сол ғылыми аумақта дүниеге келген.

Барша замандарда адамдардың рухани және тән-дене дамуында шешуші рөл атқарған, қуаты мол да күшті **халық педагогикасы** болып келген. Инабаттылық, еңбек, тән-дене тәрбиесі бойынша халық қайталанбас ғажайып өміршең идеялар жүйесін түзді.

Еуропалық тәрбие жүйесінің бесігі ежелгі Грекия философиясында қалыптасқан. Оның көрнекті өкілі **Демокрит** (б.д.д. 460—370 жж.) — балалар тәрбиесі бойынша алғашқы нұсқаулар кітабын жазған. Сол уақыттың өзінде ол: «Табиғат және тәрбие мегзес. Дәлірек айтсақ, тәрбие адамды қайта жасайды және оны өзгерте отырып, болмыс табиғатын түзеді... Жақсы адам болу табиғат ықпалынан гөрі тәрбиеге көбірек тәуелді» деген ой айтты.

Адам тәрбиесіне және тұлға қалыптастыруға байланысты тұжырымдар ежелгі грек ойшылдары **Сократ** (б.д.д. 469—399 жж.), **Платон** (б.д.д. 427—347 жж.), **Аристотель** (б.д.д. 384—322 жж.), **Тертуллиана** (б.д.д. 160—222 жж.) еңбектерінде жарияланған.

Ортағасырлар дәуірінде шіркеу ықпалы қатайып, тәрбиені толығымен діни арнаға бұрды. Бұл Еуропада 12 ғасыр бойы үстемдік еткен **догматикалық тәлім** принциптерінің шыңдалуына жол берді. Солай да болса, өз философиялық тұжырымдарымен педагогикаға үлес қосқан шіркеу өкілдері **Августин** (354—430 жж.), **Фома Аквинский** (1225—1274 жж.) есімдері ғылым тари-

хында сақталған. Бүгінгі күйінде жалпы тәлім беретін мектепті ойластырып, іске қосқандар — **Лойола** (1491—1556 жж.) және оның ізбасарлары.

Қайта өрлеу заманы (эпоха возрождения) аса жарқын ойшыл педагог-гуманистерді ғылым сахнасына әкелді. Олардың қатарында голландиялық **Эразм Роттердамский** (1466—1536 жж.), италияндық **Витторино де Фельтре** (1378—1446 жж.), француздық **Франсуа Рабле** (1483—1553 жж.) және **Мишель Монтень** (1553—1592 жж.) өздерінің педагогикалық еңбектерімен әйгілі болды.

Педагогика көп заманға дейін философияның бөлігі болып, тек қана XVII ғасырда дербес ғылым лауазымына ие болды. Осыдан педагогика бүгінгі күнде де философиямен аса тығыз байланысты. Себебі, бұл екі ғылымның да шұғылданатыны — адам, оның өмірі мен дамуын зерттеу.

Педагогиканың философиядан бөлініп, өз алдына ғылыми жүйеге келуі ұлы чех педагогы **Ян Амос Коменскийдің** (1592—1670 жж.) есімімен байланысты. Оның 1654 жылы Амстердамда жарық көрген «**Ұлы дидактика**» атты еңбегі алғашқы ғылыми-педагогикалық кітаптардың бірегейі болды. Ондағы айтылған идеялардың көпшілігі осы күнге дейін өзінің көкейкестілігін және ғылыми маңызын жоғалтқан емес. Я. А. Коменский ұсынған **табиғи сәйкестік** принципі, **сынып-сабақтық** тәлім жүйесі және басқа да тәлім принциптері, әдістері, формалары педагогикалық теорияның алтын қорынан орын алды.

Ағылшын философы және педагогы **Джон Локк (1632—1704 жж.)** өз қайрат-күшін тәрбие теориясына бағыштады. Өзінің «Тәрбие жөніндегі ойлар» атты басты еңбегінде ол өзіне сенімді, ауқымды тәлімділігін іскерлікпен, берік наным-сенімдерін сұлу мәнерлілікпен ұштастыра білген адам — сал-сері (джен-тельмен) тәрбиелеуге арналған көзқарастарын жариялады.

XVIII ғасырда мектеп педагогикасы бойынша өз шығармаларымен танылған француз материалист-ағартушылары **Д. Дидро** (1713—1784 жж.), **К. Гельвеций** (1715—1771 жж.), **П. Гольбах** (1723—1789 жж.), әсіресе **Ж. Ж. Руссо** (1712—1778 жж.) болды. «Затқа назар! Затқа! Мен ешқашанда біздің мылжың тәрбиемізбен сөзге аса көп маңыз беріп, құрғақ сөзді адамдарды жасайтынымызды қайталап айтудан жалықпаймын» деп ұрандады ол.

Педагогиканың қалыптасуында **И. Г. Песталоцийдің** (1746—1827 жж.) есімі аса құрметпен аталады. «О сүйікті халқым! Сенің

қаншалықты төмен жасап жатқанын мен байқап жүрмін, мен саған көтерілуге жәрдем беремін» деп, ол жан айқайын салды. И. Г. Песталоций өз дегеніне жетті: мұғалімдерге тәлім, білім ұсыну мен адамгершілік тәрбиесінің ізгілікті теориясын ұсынды.

«Өзгерістерден басқа тұрақты ешнәрсе жоқ» деп үйреткен **неміс педагогы Фридрих А. В. Дистервег** (1790—1886 жж.) барша педагогикалық құбылыстарға тән тәрбиенің қозғаушы күштері мен қарама-қарсылықтарын зерттеген.

Орыс ойшылдары, философтары және жазушыларының арасында педагогикалық шығармаларымен белгілі болған есімдер: **В. Г. Белинский** (1811—1848 жж.), **А. И. Герцен** (1812—1870 жж.), **Н. Г. Чернышевский** (1828—1889 жж.), **Н. А. Добролюбов** (1836—1861 жж.). Бүкіл әлемде **Л. Н. Толстойдың** (1828—1910 жж.), **Н. И. Пироговтың** педагогикалық идеялары әйгілі. Олар таптық мектепті қатаң сынға алып, халықтық тәрбие саласын түбегейлі өзгерту қажеттігін айтты.

Қазақ халқының да тәлім-тәрбиелік жүйесі ұланғайыр, әрі мәуелі.

Бұл салада халқымыздың тәлім-тәрбиелік алтын қорына елеулі үлес қосқан арыстарымыз **А. Құнанбаев**, **Ы. Алтынсарин**, **С. Торайғырұлы** және т.б. Олардың тәлім-тәрбиелік өсиеттері талай зерттеулерге арқау болуда. Кемеңгер **Ахмет Байтұрсынұлының** өткен ғасыр басында — «Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы... әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деген ұлағатты ескертпесі бүгінгі қазақ мектебінің ұлттық білім даңғылының тұғыры ретінде қабылдануда.

Орыс педагогикасын әлемдік даңққа бөлеген **Константин Дмитриевич Ушинский** (1824—1871 жж.) тәлім-тәрбие теориясын түбегейлі өзгеріске келтіріп, педагогикалық тәжірибеде төңкеріс жасады. К. Д. Ушинскийдің педагогикалық жүйесінде жетекші орын тәрбие мақсаттарына, принциптеріне және оның мәніне берілген. «Тәрбие, егер ол адамға бақыт бағыштағысы келсе, оны бақыт үшін тәрбиелемей, өмірлік еңбекке баулуы тиіс. Ұдайы жетілуде болған тәрбие адамның тән-дене, ақыл-парасат және ізгілік-инабаттық күштерінің ауқымын барынша кеңейту мүмкіндігіне ие болады» деп жазған еді ұлы ғұлама.

XIX ғ. аяғы — XX ғ. басында педагогикалық проблемалар АҚШ-та қарқынды зерттеле бастады, адам тәрбиелеудің жалпы принциптері мен заңдылықтары өрнектелді, әрбір адамға бел-

гілеген мақсаттарына тез, әрі табысты жетуге мүмкіндік беретін тиімді тәлім технологиялары қалыптасып, тұрмысқа енді. Америка педагогикасының белгілі өкілдерінің бірі — **Джон Дьюи** (1859—1952 жж.). Оның зерттеу жұмыстары бүкіл Батыс Еуропа, Америка және Австралия аймақтарында педагогикалық ойдың дамуына үлкен ықпал жасады. Американ педагогтарының тағы бір көрнекті тұлғасы **Эдвард Торндайк** (1874—1949 жж.) тәлім үдерісін зерттеумен атын әйгілеп, **әрекетшіл тәрбие технологиясын** бүкіл әлемге жария етті.

Елімізде аты танымал американ педагогы және дәрігері — **Бенджамен Снок**. Ол қауым өкілдеріне «Бір қарағанға қара-пайым ғана тәрбиеде бастысы не болу керек: қаталдық па қайырымдылық па?» деген сұрақ қойып, көпшіліктің санасына жаңа тәрбие лебін жеткізді. Бұл сұрақтардың астарынан «Педагогика қай бағытта: **әміршіл-әкімшіл** немесе **гуманистік** жолмен дамуы қажет пе?» деген ойды оқуға болады. Бұған нақты жауапты Б. Снок өзінің «Бала және оған қамқорлық», «Анамен сұхбат» және т. б. еңбектерінде беруге тырысқан.

XX ғасырдың басында әлемдік педагогикада **еркін тәрбие** және бала **тұлғасының** дамуы идеялары белсенді жария етіле бастады. Бұл идеяға жетекші **Мария Монтессори** (1870—1952 жж.) болды. Өзінің «Ғылыми педагогика әдістемесі» кітабында ол балалық шақ мүмкіндіктерін барынша пайдалану қажеттігін түсіндіріп бақты. Себебі, сәбилік шақтағы бала дамуы үлкен тәрбиелік табыстарға есік ашады. Оның пікірінше, мектеп тәлімінің басты формасы **өзіндік тәлім жұмыстары** болуы қажет. Монтессори баланың жеке тәліміне ыңғайлы дидактикалық материалдар ұсынды. Бұл тәлім құралдарының ерекшелігі, оларды пайдалана отырып, бала өз кемшілік-қателерін табады және оларды түзетеді. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында да Монтессори жүйесінің қолдаушылары баршылық. Осы бағытта түзілген «балабақша-мектеп» жүйесі іске қосылып, балаларды еркін тәрбиелеу идеясы өз жемісін беруде.

Қазан төңкерісінен кейінгі кеңестік педагогика жаңа қоғамдағы адам тәрбиесі идеяларын өзіндік түсінім жолымен дамыта бастады. Кеңестік педагогикаға байланысты шығарма-шылық ізденістер аймағында белсенділікпен қатысқан белгілі педагог ғалымдар: **С. Т. Шацкий** (1878—1934 жж.), **П. П. Блонский** (1884—1941 жж.), **А. П. Пинкевич** (1884—1939 жж.) болды. Социалистік дәуір педагогикасын танымал еткен **Н. К. Крупская**, **А. С. Макаренко**, **В. А. Сухомлинский еңбектері**. **Надежда Константиновна**



**Крупскаяның** (1869—1939 жж.) теориялық ізденістері жаңа кеңес мектебін қалыптастыру, сыныптан тыс тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру, енді пайда бола бастаған пионер қозғалысы проблемаларының төңірегінде шоғырланды. **Антон Семенович Макаренко** (1888—1939 жж.) балалар ұжымына педагогикалық басшылық, еңбек тәрбиесі, саналы тәртіп қалыптастыру және **балаларды отбасында тәрбиелеу** әдістемелеріне байланысты идеяларды қорытын-дылап, оларды тұрмыста іске асыру принциптерін ұсынды, әрі өзі оларды тәжірибе тексеруінен өткізді. **Василий Александрович Сухомлинский** (1918—1970 жж.) өз зерттеулерін жастарды тәрбиелеудің моральдық проблемаларымен байланыстырды. Оның дидактикалық кеңестері мен нақты да дәл бақылаулары қазіргі педагогикалық ой дамуы және қоғамды қайта түзу дәуіріндегі мектеп тағдыры жөніндегі ұсыныстары өз маңызын әлі де сақтауда, сонымен бірге тәлім-тәрбие сапасын жаңаша, гуманистік тұрғыда түсінуде үлкен жәрдемін тигізіп отыр.

80-жылдардың соңында бұрынғы Кеңес республикаларында мектепті жаңалау мен қайта құру қозғалысы өріс алды. Бұл **қызметтестік педагогикасының** туындауынан көрінді. Осы дәуірдегі жаңаланған педагогиканы дамытуға атсалысқан педагог ғалымдар мен бірегей шығармашыл мұғалімдер көптеп таныла бастады. Олардың арасында Ш. А. Амонашвили, Л. С. Соловейчик, В. Ф. Шаталов, Н. П. Гузик, Н. Ы. Палтышев, В. А. Караковский және басқалар болды.

Бүгінгі кезеңдегі педагогика өзінің диалектикалық, өзгермелі ғылым сипаттарына сай болуымен қарқынды дамуда. Кейінгі онжылдықта педагогиканың бірнеше салаларында келелі табыстарға қол жеткізілді, әсіресе мұндай жетістіктер мектептегі тәлімнің жаңа технологияларын жасауда көрініс берді.

Сапалы тәлім бағдарламаларымен жабдықталған қазіргі заман компьютерлері тәлім үдерісін басқаруда үлкен жәрдемін тигізуде. Соның нәтижесінде тәлім барысында аз қуат пен уақыт жұмсап, жоғары нәтижелерге жету мүмкіндіктері пайда болды.

Тәрбиенің жетілген әдістемелерін жасау бағытында да пайдалы өзгерістер көптеп болуда. Ғылыми-өндірістік кешендер, авторлық мектептер, эксперименталды тәлім-тәрбие алаңдары — ұнамды өзгерістер жолындағы елеулі көзге түскен педагогикалық жаңалықтар. Еліміздегі жаңа және жаңаланған мектеп тәлімі мен тәрбиесі басты назарда **тұлға дамуын** көзге алып, **гуманистік бағытта** өрлеп, өрістеуде.

## 3-сұрақ

### Педагогика нысаны, пәні және қызметтері

#### Жауап

Өткенде де, қазіргі күнде де педагогика жөніндегі ғалымдар пікірі үш бағытта өрбіген. Бірінші топ ғылым өкілдерінің ойынша, педагогика адамзат тәлімдерінің пәнаралық аймағын құрайды. Осыдан мұндай көзқарас педагогиканың дербес теориялық ғылым екендігін, яғни педагогикалық құбылыстардың идеялық түйіні боларын тіпті де мойындамайды. Бұл жағдайда педагогикалық нысан ретінде әртүрлі күрделі дүние болмыстары (ғарыш, мәдениет, саясат және т. б.) қабылданары сөзсіз.

Ендігі ғалымдар тобы педагогиканың басқа ғылым салаларынан (психология, жаратылыстану, әлеуметтану және т. б.) алынған тәлімдерді жанама түрде пайдаланып, тәлім және тәрбие аймағында туындайтын мәселелерді шешуге икемдестірілген қолданбалы пән рөлін таңдайды. Бұлай болғанда, педагогикалық тәжірибенің іске асуы мен өзгерістеріне тұғырлы тірек болар тұтастай теориялық негіз қалыптасуы мүмкін емес. Мұндай педагогика мазмұны педагогикалық құбылыстардың жеке тақырыптары жөніндегі кездейсоқ, жүйеленбеген, байланыссыз деректер жиынтығы күйінде көрінері екінің біріне аян.

Қазіргі кезеңде ғылым мен практикаға үшінші ғылыми тұжырым өз тиімділігімен танылып отыр: **педагогика — өзіндік нысаны мен зерттеу пәніне ие салыстырмалы дербес тәлім саласы** («Педагогика» оқулықтарының ең соңғы басылымдары: Б. Т. Лихачев, И. П. Подласый, В. А. Сластенин және т.б.).

**Педагогика нысаны.** Педагогика ғылымының нысандық ерекшелігі жөнінде батыл ой ұсынған ғалым және практик А. С. Макаренко болды. Оның пікірінше: көпшілік педагогика нысаны бала деп біледі, алайда бұл дұрыс емес. Ғылыми педагогика зерттеулерінің көздейтіні — **бұл «педагогикалық дерек (құбылыс)»**. Дегенмен, бала, адам да зерттеуші назарынан тыс қалмайды. Керісінше, адам жөніндегі ғылымдардың бірі болғандықтан, педагогика аталған объектілердің тұлғалық дамуы мен қалыптасуына мақсатты бағдарланған саналы іс-әрекеттер аймағын зерттейді. Осыдан, педагогика өз нысаны ретінде тек өкілі (индивид), не оның психикасын қарастырмай (бұлар пси-

хология нысаны), оның дамуына байланысты педагогикалық-тәрбие құбылыстары жүйесін зерттеуге алады. Сондықтан да **педагогика нысаны деп, қоғамның мақсатты бағдарланған іс-әрекеттері үдерісінде дара адам дамуына себепкер болған болмыс құбылыстарын** айтамыз. Бұл құбылыстар педагогика ғылымында **тәлім** (образование) атамасымен белгіленіп, педагогика шұғылданатын шынайы дүниенің бір бөлігін танытады.

**Педагогика пәні.** Тәлім, тәлімдену үдерісі тек педагогиканың ғана меншікті зерттеу аймағы емес, оның зерттеуімен философия, әлеуметтану, жантану, экономика және де басқа ғылымдар шұғылданады. Мысалы, **экономист** тәлім жүйесінде өндірілген «еңбек қорының» шынайы мүмкіндіктер деңгейін анықтай отырып, олардың дайындығына жұмсалатын қаржы мөлшерін белгілеуге тырысады.

**Социолог** өз міндетіне орай, тәлім жүйесінде дайындықтан өткен адамдардың әлеуметтік ортаға икемдесу қабілеттері мен ғылыми-техникалық үдеріске және әлеуметтік өзгерістер жолында ықпал ету мүмкіндіктерін білгісі келеді.

**Философ**, өз кезегінде, ауқымдылау бағдарды негізге ала отырып, тәлім саласының жалпы міндеттері мен мақсаттары жөніндегі сұрақтарға жауап іздестіреді: тәлім-тәрбиенің бүгінгі жайы қалай? Ол келешекте қандай болмақ?

**Психолог** тәлімді педагогикалық үдеріс ретінде қарастыра отырып, оның психологиялық қырларына назар аударады.

**Саясаткер** қоғам дамуының нақты кезеңіндегі мемлекеттік тәлім саясатының тиімділік деңгейін тануға ұмтылады т. с. с.

Әлеуметтік құбылыс болған тәлімді зерттеудегі әртүрлі ғылымдардың қосқан үлесі, әлбетте, құнды да қажетті, бірақ олардың бәрі де адамның күнделікті өсу және даму үдерістерімен байланысқан тәлімнің мәндік астарын және сол даму үдерісіндегі педагог пен тәлімші ықпалдастығы мен оған сәйкес жүйелік құрылымдарды назардан тыс қалдырады. Солай болуы заңды да, себебі аталған мәселелердің баршасы арнайы ғылым — педагогиканың зерттеу нысандары.

Осыдан, **педагогиканың пәні** арнайы әлеуметтік мекемелерде (институттарда): отбасы, тәлім ұсыну және мәдени-тәрбие орындарында — мақсат бағдарлы ұйымдастырылған шынайы біртұтас педагогикалық үдеріс ретінде көрінетін жүйеленген ілім саласы. Бұл тұрғыдан *педагогика әрбір адамның бүкіл өмір бойы дамуының кепілі және құралы болған педагогикалық үдерістің мәні мен мазмұнын, заңдары мен заңдылықтарын және оның*

*бүгінгі бағыт-бағдары мен болашақ өркендеу жолын зерттеуші ғылым жүйесін аңдатады.* Осы негізде педагогика тәлім-тәрбие үдерісінің ұйымдасу теориясы мен технологиясын, педагог іс-әрекетін (педагогикалық қызметті) және тәлімгерлердің әрқилы тәлім жұмыстарын жетілдірудің формалары мен әдістерін, әрі олардың арасындағы тәлім істері төңірегінде туындап отыратын ортақтасу, қарым-қатынас, ықпалдастық сара жолдары мен тәсілдерін нақтылап, ашып отырады.

**Педагогика ғылымының қызметтері.** Дербес ғылым ретінде танылған педагогиканың қызметтері оның жоғарыда аталған пәндік сипаттарымен сабақтас, яғни табиғи бірлікте іске асырылуы қажет теориялық және технологиялық міндеттер.

Педагогиканың **теориялық міндеттері** үш деңгейде жүзеге асырылады:

— **сипаттау немесе түсіндіру** — озат, әрі жаңашыл педагогикалық тәжірибені зерттеу;

— **нақтама** (диагностикалық) — педагогикалық құбылыс жағдайын, педагог пен шәкірт іс-әрекеттерінің нәтижелілігі немесе тиімділігін және оларды қамтамасыз етуші шарттар мен себептерді айқындап алу;

— **болжау** (прогноздау) — барша педагогикалық жағдаяттарды табиғи тұтастық күйінде эксперименталды зерттеуден өткізу және оның негізінде сол педагогикалық болмыстың жаңаланған нобайын құрастыру.

Теориялық қызметтің болжау, болжастыру деңгейі педагогикалық құбылыстардың мәнін ашу, педагогикалық үдерістің түп-төркінінде орын алатын құбылыстарды таба білу, сонымен бірге болып қалуы мүмкін ықтималды өзгерістерге ғылыми негіздеме бере алу сынды іс-әрекеттермен байланысты. Осы деңгейде анықталған деректерге орай, тәрбие және тәлім теориясы анықталып, тәлім ұсынуда жетекші рөл атқарушы озық педагогикалық жүйе нобайы құрылады.

Педагогиканың **технологиялық қызметтері** де үш көрініс береді:

— **жобалау** (проекттеу) — педагогикалық іс-әрекет пен оның мазмұнын, әрі сипатын қалыптастыру және реттеуге нұсқау болғандай теориялық тұжырымдар мен анықтамаларды қамтыған қажетті әдістемелік материалдарды (тәлім жоспары, бағдарлама, оқулықтар мен тәлім құралдары, педагогикалық ұсыныстар) дайындаумен байланысты;

— **жаңалау** — тәрбие және тәлім ұсыну тәжірибесін жетілдіру мен қайта түзу мақсатына орай, педагогика ғылымының замандық жетістіктерін мектеп өміріне енгізе, пайдалану;

— **ықпал таныту** (рефлексивтік) және **реттеу-түзетулер енгізу** (коррекциялық) — ғылыми зерттеу нәтижелерінің тәлім-тәрбие ісіне болған әсер-ықпалын бағалау және одан соңғы ғылыми теория мен тәжірибелік іс-әрекеттер байланысына қажет болып қалатын реттеу-түзетулерді іске асыру.

Өзінің қоғамдық қызметтерді орындауға қажет қабілеттерінің дамуына себепші болған **әлеуметтену үдерісінде адам тұлғалық кемелдену сатысына көтеріледі**. Адамның әлеуметтенуі оның қоғамдағы ауыспалы жағдайлар мен шарттарға икемдесе білуі ғана емес, ол өз ішіне **жеке тұлғаның дамуы, өзіндік танымы мен өз мүмкіндіктерін өз күшімен іске асыра алу** сияқты үдерістерді де қамтиды. Дегенмен, аталған үдерістерге байланысты міндеттердің шешімі бірде мүдделі, жүйеленген болып, бүкіл қоғам, сол үшін арнайы ұйымдастырылған мекемелердің қолдауымен және тұлғаның ынта-ықыласына негізделсе, кейде кездейсоқ келеді. Ал осы әлеуметтенуге орай жүргізілетін, нақты мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған басқару үдерісі **тәлім (об-разование)** деп аталады. **Тәлім** мәні — әр адамның өте күрделі өзіндік басқару жүйесінің тиімділігін көтеру және оны жоғары моральдық және азаматтық мұраттар рухында тәрбиелеу.

Сонымен, әлемде кең таралған педагогикалық ойдың дамыған екі бағыты танылған — үлкендердің бедел-абыройына және балалардың бағыныштылығына негізделген **әкімшіл (авторитарлы) ағым**, шәкірт құқығы мен еркіндігін құрметтеуші — **гуманистік ағым**. Олардың арасында сан қилы педагогикалық бағыттар өрбіген. **Әлемнің ізгілікті педагогикасы өзінің гуманистік таңдауын қабылдады**.

## 4-сұрақ

### Педагогикалық ғылымдар жүйесі

#### Жауап

Педагогика — кең, ауқымды ғылым. Оның шұғылданатын тәлім және тәрбие мәні мен олардың барша байланыстарын жеке

бір ғылым шеңберінде қамту мүмкін емес. Педагогика дамудың ұзақ жолын басынан кешіріп, көптеген тәлімдер жинақтап, бүгінгі күнде ғылыми тәлімдердің кең тармақты жүйесіне айналып отыр. Сондықтан, бүгінгі педагогиканы **тәрбие жөніндегі ғылымдар жүйесі** деп атаған дұрыстау келеді.

Педагогиканың іргетасы — философия, дәлірек айтсақ, тәрбие проблемаларымен арнайы шұғылданатын оның **тәрбие философиясы** тармағы. Тәрбие философиясы өз алдына тәлім саласы ретінде тәрбиелік тәжірибеде әртүрлі философиялық жүйе идеяларын пайдаланады. Философия педагогикаға танымның жалпы бағыт-бағдарын, педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді зерттеудің әдіс-тәсілдерін көрсетеді. Сондықтан да, **философияны** оның біртұтас және жүйелік, құрылымдық талдау әдістерімен бірге, **педагогиканың әдіснамалық негізі** деп атау қабылданған.

Қоғамдық құбылыс ретінде тәрбие дамуы мен педагогикалық тәлімдердің өткен жолын **педагогика тарихы** зерттейді. Өткенді түсіне отырып, болашаққа көз тігеміз. Бастан кешіргенді зерттеу және оны бүгінгімен салыстыру осы заманғы құбылыстардың негізгі даму кезеңдерін нақтылаумен бірге, бұрынғы қателерді қайталаудан сақтандырады. Педагогика жүйесі келесі салаларды қамтиды: жалпы педагогика; жас кезеңдер педагогикасы; әлеуметтік педагогика; арнайы педагогика.

**Жалпы педагогика** — адам тәрбиесі заңдылықтарын зерттеп, барша типтегі тәрбиелік мекемелердегі тәлім-тәрбие үдерісінің жалпы негіздерін теориялық тұрғыдан қарастыратын іргелі ғылыми пән. Қалыптасқан үрдіс бойынша жалпы педагогика төрт бөлімнен тұрады. 1) тәлім-тәрбие үдерісінің негіздері; 2) дидактика (білім игеру теориясы); 3) тәрбие теориясы; 4) мектептану.

**Жас кезеңдері педагогикасы** педагогиканың мектепке дейінгі және мектептік жүйелерін өз алдына бөліп қарастырады. Олар өсіп келе жатқан әулеттің белгілі жас тобына байланысты тәлім-тәрбие іс-әрекеттері ерекшеліктерін бейнелейтін тәрбие заңдылықтарын зерттейді. Бүгінгі күнде жас кезеңдер педагогикасы мектептік тәлім жүйесінің құрылымын қамтиды. Әрқилы жас топтарында немесе тәлім-тәрбие мекемелеріндегі тәрбие айырмашылықтарын танытушы дербес педагогикалық салалар пайда болуда. Олардың ішінде қазіргі күнде өз алдына пән ретінде өтілетіндері — *мектепке дейінгі педагогика, кәсіби-техникалық мектептер педагогикасы, өндірістік педагогика, ұзақтан тәлім игеру педагогикасы* және т. б.



Ғылыми пәндер ішінде ересектердің педагогикалық проблемаларымен айналысып, қарқынды даму жолына түскен — **жоғары мектеп педагогикасы**. Оның міндеттері — барша деңгейдегі ресми, ресми емес тіркелген жоғары тәлім орындарында жүріп жатқан тәлім-тәрбие үдерісінің заңдылықтарын ашып беру, қазіргі ауыспалы кезеңде жоғары тәлім жүйесінің арнайы проблемаларын зерттеу, жоғары технологиялық және компьютерлік тәлім жүйелерінің принциптерімен таныстыру. **Дипломнан соңғы тәлім педагогикасы еңбек** педагогикасымен тығыз байланыста мамандық көтеру, сонымен бірге нарықтық экономикаға орай көкейкесті болып тұрған халық шаруашылығының әртүрлі салаларында қызмет етіп жатқан жұмысшылардың қайта мамандану, егделік жасқа келгенде жаңа тәлімдерді, жаңа кәсіпті игеру мәселелерімен шұғылданады. Арнайы жағдайларда өтетін тәрбие үдерістер ерекшелігін **әскери педагогика** зерттейді.

**Әлеуметтік педагогика** ауқымында отбасы педагогикасы, мәжбүрлі тәрбие (первентив) педагогикасы, алдын алу (профилактикалық) педагогикасы дамуда.

Өз дамуында әрқилы мүшелік бұзылыстар мен ауытқуларға ұшыраған адамдар **арнайы педагогика** аймағында зерттеледі. Саңыраулар мен мылқаулар тәлімі және тәрбиесімен *сурдопедагогика*, зағиптар — *тифлопедагогика*, ақыл-есі кемдермен — *олигофренопедагогика* шұғылданады.

Педагогика ғылымдарының арнайы тобын жекеленген немесе **пәндік әдістемелер** құрайды. Олар тәлім-тәрбие мекемелерінің барша типтерінде өтілетін нақты тәлім пәндерінің жүрісі мен игерілуі заңдылықтарын ашып, мұғалімдерге ұсынады. Өз пәнін меңгерту әдістерімен әрбір педагог жоғары деңгейде таныс болуы міндетті.

Тәрбиеге байланысты жаңа ғылым салалары педагогиканың дәл және техникалық тәлімдермен тоғысында қылаң бере бастады. Олар — **кибернетикалық, математикалық, компьютерлік педагогика, суггестология** (гипноздық сендірумен жедел үйрету жүйесі) және т. б. Осы заманғы педагогика адам жөніндегі басты ғылымдардың бірі ретінде ауқымды да қарқынды даму жолына түсті.

Сонымен, бұл күнде педагогика кең тармақты ғылыми жүйе ретінде танылған. Бұл жүйеде мектеп педагогикасы маңызды орынға ие. Себебі, тәрбие үдерісі, әсіресе балалық шақта жылдам жүрісте болады, сондықтан да оны жоғары кәсіптік деңгейде басқара білу қажет. Өз проблемаларын шешу барысында педагогика көптеген ғылымдардың деректерін пайдаланады.

## 5-сұрақ

### Педагогика және басқа ғылымдар

#### Жауап

Адам жөніндегі ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың орны оны басқа ғылымдармен байланыстыра қарастырғанда ғана айқындалуы мүмкін. Өзінің ұзаққа созылған тарихында педагогика көптеген ғылымдармен тығыз байланыста болып, өз дамуы мен кемелденуінде олардың әрқилы ықпал-әсеріне ұшырап отырды. Бұл ұштастықтардың кейбірі тарих тұңғышынан жалғасып келе жатса, енді біреулері — кейінгі, жақын дәуірлерде пайда болды. Педагогиканың алғашқы байланыс түзген тәлім салалары — **философия** мен **психология**. Бұл ғылыми «одақ» қазіргі күнде де педагогикалық теория мен практиканың өрістеп дамуының алғышарты.

Педагогиканың **философиямен** байланысы өте ұзақ та өнімді болды, себебі философиялық идеялардан педагогикалық тұжырымдар мен теориялар туындап отырады. Педагогикалық ізденістердің бағыттары белгіленді, сонымен бірге педагогиканың әдіснамалық негізі осы философиялық көзқарастардан қалыптасты. Философиялық бағыттар (экзистенциалды, прагматикалы, неопозитивистік, материалистік т. б.) жүйесін ұстануына орай, педагогика зерттеушілерінің тәлім-тәрбие саласындағы ғылыми-ізденіс жолы, тәлім ұсыну үдерісінің мәні мен мағынасы, мақсаты мен технологиялық сипаттамасы айқындалады. Философия, сонымен бірге педагогикалық болмыс пен нақты тәжірибені теориялық тұрғыдан түсінудің құралы ретінде қолданылып, жаңа педагогикалық тұжырымдамалар жасаудың бастау көзін береді.

Педагогиканың ежелден келе жатқан үдерісті де аса құнды байланысы **жантану** (психология) ғылымымен орныққан. Адам табиғатын білу, оның тума қасиеттері мен мүмкіндіктерін түсіну, тұлға дамуы мен оның жандүниелік қозғалыстарында байқалатын заңдылықтар және оларды басқарушы тетіктерді ескеру, сонымен бірге тәлім мен тәрбие жүйесін осы психикалық заңдылық, қасиет, сапа, қажеттіктер мен мүмкіндіктерге негіздей отырып, құрастыру талаптарын елеулі ғұлама-педагогтардың бәрі де алға тартып отырған. Дегенмен, ескеретін жайт: тұлғаның дамуы

мен қалыптасуын біржақты, тек психологиялық шарттармен ғана түсіндіру шынайылыққа келмейді, себебі педагогтар мен шәкірттер өмірі табиғи заңдылықтардан кейде басымдау түсетін әлеуметтік-педагогикалық жағдайларға тәуелді келеді, тіпті сол психологиялық дүние, болмыстың өзі де арнайы қоғамдық ықпал нәтижесінде өзгеріске келуі әбден мүмкін.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы адамды тұлға ретінде зерттеуімен ортақ келетін философия және психология аймағымен шектеліп қалмайды. Оның адамды тіршілік тегі сипатында танушы **анатомия, физиология, астрология және медицина** ғылымдарымен байланысы заңды құбылыс.

Адам дамуына ықпал жасаушы табиғи және әлеуметтік жағдаяттар арақатынасынан туындайтын проблема — педагогика үшін өзекті мәселелердің бірі. Адамның жекеленген табиғи дамуын зерттеуші **биология** ғылымында бұл мәселе аса маңыздылығымен танылған.

Адамды табиғи жаратылыс туындысы және әлеуметтік болмыс жемісі ретінде қарастыра отырып, педагогика **антропология** ғылымындағы адам туралы тәлімдердің бай қорын толық пайдаланады, осыдан олардың бәрін жалпыланған адам бойында теориялық бірігімге келтірумен оның сан қырлы да көп сырлы болмысын тануға жол ашады.

Педагогиканың **медицинамен** байланысының нәтижесінде педагогикалық тәлімдердің арнайы саласы **коррекциялық** (реттеуші) **педагогика** пайда болды. Осыдан, өз дамуында тума немесе жасанды ауытқуы бар балаларды тәрбиелеп, сауатын ашудың тәсілдері анықталды. Педагогиканың бұл саласы медицина деректерін пайдалана отырып, бала деніндегі кемшіліктердің орнын толтыру мен оның қоғам өміріне толыққанды араласып кетуін жеңілдететін терапиялық құрал-жабдықтар жүйесін түзіп, қолданымға келтірді.

Сонымен бірге, педагогиканың дами түсуі адамды қоғам мүшесі ретінде, оны әлеуметтік қатынас, байланыстар жүйесінде зерттеуші ғылымдарға да тәуелді келеді.

Сондықтан да осы заман педагогикасының **әлеуметтану, экономика, саясаттану** және басқа әлеуметтік ғылым салаларымен тұрақты да ықпалды байланысқа түсуі кездейсоқ емес.

Педагогика және экономикалық ғылымдар арасындағы қатынастар өте күрделі, бірақ біртекті емес. Қай заманда да экономикалық саясат қоғамды тәліммен қамтамасыз етудің қажетті шарты болған. Осы саладағы ғылыми зерттеулерді экономикалық қолдау педагогика дамуына үлкен ықпал жаса-

ушы жағдаятқа айналып отыр. Осы ғылымдардың байланысынан **«Тәлім экономикасы»** деген арнайы педагогика саласы дүниеге келіп, тәрбие аймағын реттестіруші экономикалық заңдылықтар ашылды, олардың қоғамды сауаттандыруға байланысты ерекшеліктері зерделенді.

Педагогиканың **әлеуметтану** ғылымымен байланысы — ежелден келе жатқан үдеріс. Себебі, бұл екеуін де толғандыратын ортақ проблемалар: тәлім-тәрбиені жоспарлау; халықтың әртүрлі топтары мен әлеуметтік қатпарының негізгі даму бағыттарын айыра тану; әрқилы әлеуметтік орта мен ұйымдардағы тұлғаның қоғамдық кемелденуі мен тәрбиесі заңдылықтарын ашу.

Қоғам мен мемлекеттегі тәлім саясатының қалыптасуы әрдайым үстемдік жүргізуші партиялар мен таптардың идеологиясы негізінде түсіндіріледі; бұл тұрғыдан педагогика мемлекеттік тәлім-тәрбие құралы ретінде **саясаттану** ғылымының заңдылықтарына сүйене отырып, адамның саяси сана субъектісі ретінде қалыптасуының шарттары мен тетіктерін белгілейді, саяси мұраттар мен талаптарды игеріп, орындау мүмкіндіктерін нақтылап, ашып отырады.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланыстарын талдауға сала отырып, оларды пайдаланудың келесі формалары анықталған:

— басқа ғылымдардың негізгі тұжырымдарын, теориялық болжамдары мен қорытындыларын педагогикада пайдалану;

— бұл ғылымдарда қолданылатын зерттеу әдістерін шығармашылықпен қабылдап, меншіктеу;

— психология, жоғары жүйке қызметі физиологиясы, әлеуметтану және басқа да ғылымдар зерттеулерінің нақты нәтижелерін педагогикада қолдану;

— адамды жан-жақты және көптарапты зерттеуде педагогика-ның қатысуы.

## 6-сұрақ

---

### Педагогика әдіснамасы жөніндегі түсінік

#### Жауап

Ғылым дамуының басты шарты — жаңа деректермен үздіксіз толығып бару. Ал деректердің жинақталуы мен олардың түсі-

ніктемесі ғылыми негізделген зерттеу әдістеріне тәуелді келеді. Әдістер, өз кезегінде, ғылым аймағында **әдіснама** атауын **алған теориялық принциптердің бірлікті тобымен** міндетті байланыста болады.

Қазіргі заман ғылымында **әдіснама** деп ғылыми-танымдық іс-әрекеттердің түзілу принциптері, формалары мен тәсілдері жөніндегі тәлімді айтамыз. Ғылым әдіснамасы зерттеу жүйесіндегі құрылымдық бірліктердің нысаны, талдау пәні, зерттеу міндеттері, зерттеу құралдар тобы, т. б. сипаттамасын береді. Сонымен бірге, зерттеу міндеттерінің шешімін табу үдерісіндегі әрекеттер бірізділігін белгілейді. Осыдан, **педагогика әдіснамасын педагогикалық таным және болмысты қайта жасаудың теориялық ережелер топтамасы** ретінде қарастырған жөн.

Әрқандай әдіснама калыпты көрсетпе-нұсқау және реттестіру қызметтерін атқарады. Дегенмен, әдіснамалық тәлім екі күйде іске асырылуы мүмкін: дескриптивтік не прескриптивтік.

**Дескриптивтік әдіснама** — ғылыми тәлімдердің құрылымы мен ғылыми таным заңдылықтары жөніндегі тәлім ретінде зерттеу үдерісіне бағыт-бағдар береді, ал **прескриптивтік әдіснама** — зерттеу іс-әрекеттерін реттеп барудың жол жобасын белгілеп, көрсетеді. Үдерісті әдіснамалық талдауда ғылыми іс-әрекеттерді жүзеге асыру тиімділігімен танылған ұсыныстары және ережелеріне байланысты құрастыру міндеттері басымдау болса, ал дескриптивті талдауда ғылыми таным үдерісінде іске асырылған зерттеу әрекеттерін қайталап баяндау, түсіндіру қызметтері атқарылады.

Әдіснамалық тәлімдер тобы төрт деңгейлі келеді (Э. Г. Юдин): философиялық, жалпы тәлімдік, нақты ғылымдық және технологиялық. Әдіснаманың ең жоғары **философиялық деңгейі** танымның жалпы принциптерімен бүкіл ғылымның категориялар құрылымын негіздейді. Осыдан философиялық тәлімдердің барша жүйесі әдіснамалық қызмет атқарады. Екінші — **жалпы ғылымдық-әдіснама** деңгейінде ғылымдардың баршасында, не көпшілігінде қолданылуы мүмкін теориялық тұжырымдарды белгілейді. Үшінші деңгей — **нақты ғылым әдіснамасы** қандай да нақты ғылыми пән аймағында қолданылатын зерттеу әдістері мен принциптерінің жиынтығын құрайды. Нақты ғылым әдіснамасы белгілі саладағы ғылыми тануға тән болған проблемаларды, сондай-ақ жоғарылау келген әдіснамалық деңгейлерге байланысты алға тартылатын мәселелерді де қамтиды, мыса-

лы: педагогикалық зерттеулердегі жүйелестіру мен нобайлау (моделдеу) проблемалары. Төртінші деңгей — **технологиялық әдіснама** — зерттеу әдістері мен техникасын белгілеп, деректі сезімдік материалдарды жинақтап, алғашқы өндеуден өткізіп, кейін оларды ғылыми тәлімдер өрісіне қосу қызметтерінен хабар береді. Бұл деңгейдегі әдіснамалық тәлім нақты көрсетпенұсқау сипатына ие. Әдіснаманың барша деңгейлері күрделі жүйеде бірігіп, өзара сабақтастықпен байланысты келеді. Ал әрқандай әдіснамалық деп танылған тәлімнің мазмұндық негізі философиялық деңгейден іздестіріледі, себебі таным үдерісі мен болмысты қайта жасау әрекеттерінің дүниетаным, көзқарас бағдары осы философиямен айқындалады.

## 7-сұрақ

---

### Педагогиканың философиялық негіздемесі

#### Жауап

Қазіргі кезеңде адам зерттеулеріне байланысты әрқилы ғылымдар әдіснамасы сипатында көптеген философиялық бағыт-бағдарлар, теориялық көзқарастар бір қатар жасауда. Солардың ішінен бүгінгі педагогикада өз орнын тапқан келесі философиялық тәлімдерді ажыратуға болады: экзистенциализм, прагматизм, неотизм, неопозитивизм, диалектикалық материализм ж. т. б.

**Экзистенциализм** немесе адамның тіршілік, болмыс толғаныстары философиясы. Бұл бағытты дәріптеуші көрнекті өкілдер: Н. А. Бердяев, Л. И. Шестов (Ресей), М. Хайдеттер, Г. Ясперс (Германия), Ж. Сатр, А. Камю (Франция), Э. Брейзах, П. Тиллих (АҚШ), т. б. Экзистенциализмнің негізгі ұғымы — тіршілік — өз «меніне» шомған жекеленген адам болмысы. Экзистенциалистер түсінігінде шынайы дүниенің мәні оның субъектті сипатта болуына тәуелді. Олар тікелей объектив тәлімдер мен объектив шындықты мойындамайды. Сырттай дүние әр адамның ішкі «мені» тарапынан қалай қабылданса, солай танылуы тиіс.

Экзистенциалистер қазіргі қоғамның тұлғаны күйреуге соқтыратын, оның өзіндік ерекшелігін жойып, қауымнан аласталуына себепші келеңсіздіктерін алға тартады. Мұндай

қиыншылықтан құтылудың жолын олар әр адамның өзін-өзі кемелдендіру әрекетімен байланыстырады. Осыдан, мектептің мақсаты, экзистенциалистердің пікірінше, шәкірттерді өзін-өзі қалыптастыруға үйретіп, өз «менін» жасауға қажет тәрбие, тәлімге баулу.

Шынайы тәлімдерге қарсы тұруымен аталған бағыт теоретиктері мектеп бағдарламалары мен оқулықтарына қарсылық білдіреді. Тәлім құндылығы мен қажеттілігі әр нақты тұлға үшін өзіндік маңызға ие болуынан мұғалімнің міндеті — тәлім, тәрбие материалын игеруде балаға толық еркіндік беріп, оның ынта-ықыласы мен қызығуларына жол ашу. Заттар мен құбылыстар мәнін ұғыну шәкірт еркінде. Ал ұғу үдерісі санаға негізделмей, бала сезімдері, арманы мен сеніміне орай іске асырылады. Экзистенциализм жекелеп тәрбиелеудің философиялық негіздемесі ретінде танылып отыр.

**Неотомизм** — ортағасырлық діни философ *Фома Аквинскийден* бастауын алған әдіснамалық бағыт. Бұл ағымның ерекшелігі — сана объективтігін мойындайды. Бірақ, мұның астарында сыр бар: сана неотомистер үшін діни догмаларды дәлелдеу мен шіркеудің адамдарға болған ықпалын күшейте түсу құралы ретінде ғана қажет.

Ғылыми тәлімдердің адамдар өміріне жан-жақты, берік енуін мойындаудан, неотомистер ортағасырлық Ф. Аквинский идеяларын осы заман жағдайлары мен талаптарына сәйкестендіре қолдануға мәжбүр болып отыр. Алайда, олар танымында дүние екіталай: заттасқан және рухани. Заттасқан болмыс — ең төмен деңгейлі, өлі, мақсаты мен мәні жоқ дүние — оны зерттейтін ғылым. Сезімдік деректерді жинауға бағдарланған ғылым дүние мәнін ашуда қауқарсыз, себебі ол мән Алланың қолында. Сондықтан да анайы шындық, неотомистердің пікірінше, Жаратқан ақылымен ғана танылады, оның аяны арқасында ғана пенде санасына қонады.

Адам — екі тарапты, қосарланып жүретін заттасқан және рухани дүниеден тұрады. Соңғысы жоғары құндылық ретінде танылып, тұлғаның адамгершілік сипатын көрсетеді. Бұл адамға мәңгі өмір берген Алла тартуы.

Неотомистер мектептің шектен тыс ақыл-ойға тәуелділігін (рационалдығын) сынап, оны баланың санаға дейін тума берілген астарын қалайтын табиғи мүмкіндіктерін (сүйіспеншілік, бақыт, еркіндік пен өмір мәнінің негізі) жадтан шығарғандығымен айыптайды. Сондықтан, барша тәлім және тәрбие жүйесі бала-

дағы Алладан дарыған санаға дейінгі ұмтылысты дамытуға бағытталуы қажет.

XIX—XX ғ.ғ. тоғысында химия, биология және т.б. жаратылыстану ғылымдарының өрістей дамуымен философия сахнасында жаңа — **позитивистік** бағыт пайда болды. Бұл бағыт өкілдері табиғаттану пәндері мен оларда қолданылатын әдістерді әсіре дәріптеп, сандық зерттелген дәйектерді ғана дұрыс та дәлелді деп таниды. Таптық күрес, қоғам дамуы, әлеуметтік қайшылықтармен байланысты проблемаларды тіпті де жалған, ғылыми деректеуге келмейді деп жариялады. Позитивистер үшін бірден бір мәнді ғылымдар, бұл — математика мен табиғаттану, ал қоғамдық ғылымдар — шындыққа сыйыспайтын ертегі.

**Неопозитивизм** мәндік тұрғыдан өз негізі позитивизмді қолдай отырып, қазіргі заман ұғымдары мен терминдерін пайдалануымен осы дәуір философиясында елеулі орын иеленді. Педагогика әлсіздігін неопозитивистер оның шынайы деректері мен іс-әрекеттерге орынды мән бермей, пайдасыз идеялар мен абстракцияға бой ұрғандығынан көреді. Олар тәлім ұсыну жолында мазмұнға емес, әдістерге елеулі мән беріп, тәлім мен тәрбиеде негізгі нәрсе «тәлім емес, ал оны ұғу мен игеру әдістері» деген тұжырымды алға тартты. Неопозитивизмнің көрнекті өкілі — ірі атомшы ғалым, АҚШ-тың саяси қайраткері **Дж. Конант**. Оның «Бүгінгі Америка орта мектебі», «Америка мұғалімдерін дайындау» атты еңбектері АҚШ педагогикасының өркендеуіне зор үлесін қосты.

**Прагматизм** философиялық ағым ретінде XIX—XX ғ.ғ. шектерінде пайда болды. Ғылым, техника және өндірістің қарқынды дамуы материалистік философияның тұғырын бекіте түсіп, абсолюттік идеализмнің негіздеріне ақау салды. Прагматистік бағытты қалаушылар идеализм мен материализмнен бөлектенген жаңа философияны ұстанатынын жария етті. Прагматизмдегі басты ұғым — «тәжірибе», «іс» (грекше «прагма»), осыдан олар болмыс танудың негізі тұлғаның іс-тәжірибесінде деп біледі де, объектив тәлімдерді мойындаудан бас тартады. Олардың пікірінше, адамның практикалық іс-әрекетінің нәтижесінде алынған, ол үшін құндылықты болған тәлімдер ғана шынайы сипатта болуы мүмкін.

Прагматизмнің аса көрнекті өкілі — американдық ғалым **Дж. Дьюи**. Оның шығармашылығымен жүзеге асқан прагматикалық педагогика көптеген елдердің, әсіресе АҚШ-тың мектептік тәлім жүйесінің қалыпқа түсіп, өркендеуіне зор ықпал жасады, әлі де



ықпал жасауда. Өзінің көптеген педагогикалық еңбектерінде Дж.Дью ескі, жаттанды білімге негізделген мектепті сынай отырып, тәлім мен тәрбиеге орай аса маңызды болған бірқатар принциптерді алға тартты. Олардың ішіндегі **бала белсенділігін дамыту**, бала тәлімінің ықпалды сеп-түрткісі — **қызығуға дем беру** принциптерінің орындалуын тәлім игертудегі басты міндет деп есептеді.

Прагматизмнің тірек ұғымы «тәжірибеге» сүйене отырып, Дж. Дью тәлім үдерісінің негізі баланың жекеленген іс-әрекеттік тәжірибесінде болатынын уағыздады. Оның ойынша, тәлім мақсаты — балаға тумадан берілген инстинкттер мен қабілеттердің өзіндік көрінуіне ықпал жасау. Дж. Дью және оның ізбасарлары (Т. Брамельд, А. Маслоу, Э. Келли және т.б.) инабаттылық тәрбиесі мәселелерін де осы жекеленген тәжірибе тұрғысынан қарастыруды дәріптейді. Адам өз әрекет-қылығын басқаруда алдын ала жоспарланған принциптер мен ережелерге тәуелді болмай, нақты жағдай мен көзделген мақсатқа орай белгілі әрекетке кірісуі қажет екендігін мақұлдайды. Жеке табысқа жету жолында жәрдем бергеннің бәрін прагматистер ізгілік нышаны ретінде таниды.

**Диалектикалық материализм** табиғат, қоғам және ойлау үдерістерінің жалпы қозғалыс және даму заңдылықтары жөніндегі философиялық тәлім ретінде XIX ғ. 40-жылдарында туындады. Ол XX ғ., әсіресе социализм елдерінде кең өріс тапты. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері — **К. Маркс** және **Ф. Энгельс** қоғам тарихын танудың құралы материализмді жариялай отырып, теориялық таным үшін қоғамдық тәжірибенің рөлін негіздеді, материализм мен диалектиканы табиғи ұштастыққа келтірді.

Диалектикалық материализмнің негізгі тұжырымдары келесідей: материя — бірінші, ал сана — одан туындаушы, материяның (адам миының) дамуы нәтижесінде пайда болатын өнім (материалистік монизм принципі); объектив дүние мен сана құбылыстары себепті шарттасқан, өзара байланысты және тәуелді (детерминизм принципі); барша заттар мен құбылыстар қозғалыс жағдайында болып, дамиды және өзгеріске келеді.

Диалектикалық материализм философиясында аса маңызды орын диалектика заңдарына берілген: сандық өзгерістердің сапалық ауысуы, қарама-қарсылық бірлігі мен күресі, жоқты жоққа шығару.

Диалектикалық материализм педагогикасының негізгі идеялық ұстанымы — тұлға қоғамдық қатынастардың объек-

тісі және, субъектісі. Адамның тұлғалық дамуы мен кемелденуі сыртқы жағдайлармен себепті тәуелділікте (детерминирован), сонымен бірге сол нақты адамның табиғи болмысына байланысты. Тұлға дамуында жетекшілік рөл — тәжірибеде. Ал тәрбие — тарихи және таптық сипатқа ие болған күрделі әлеуметтік үдеріс. Тұлға және адам іс-әрекеті ажырамас тұтастықты құрайды, яғни тұлға іс-әрекетте, еңбекте көрінеді және қалыптасады. Жаңаланған дәуір педагогикасы философиялық деңгейлі әрқилы әдіснаманы өз ғылыми зерттеулерінің бағыттаушысы ретінде міндетті түрде қолданып, пайдалануы қажет.

## 8-сұрақ

### Педагогиканың жалпы ғылымдық әдіснамасы

#### Жауап

Жалпы ғылымдық әдіснама қоршаған болмыс құбылыстары мен үдерістерінің жалпыланған байланысы және өзара шарттастығына негізделген жүйеліліктен танылуы мүмкін. Ол әрбір зерттеуші мен практикті белгілі құрылымға, сондай-ақ өзінің жасау заңдылықтарына ие өмір құбылыстарының белгілі жүйесіне бағдарлайды.

Жүйелілік мәніне орай әрқандай салыстырмалы дербес бірліктер өз бетінше шектелмей, өзара байланысқан даму мен қозғалыста қарастырылады. Осыдан, ол жүйені құраушы бөлшектерде көріне бермейтін біріктіруші жүйе қасиеттері мен сапалық белгілерді анықтауға көмектеседі. Жүйеліліктің заттасқан және тарихи қырлары келесідей зерттеу принциптерін бірлікте іске асыруды қажет етеді: **тарихи, нақтылық, көптарпты байланыстар мен дамуды ескеру**.

Жүйелілікті білуден педагогикалық теория, эксперимент пен практика тұтастығы орындалады.

Теориялық негізде жобаланған экспериментте біршама тексерілген ғылыми тәлімдер мен тұжырымдардың шынайылығы практика міндеті мен талаптарына орай өлшестіріледі. Практикадан тәлімнің жаңа іргелі проблемалары туындайды. Сонымен, теория практикалық шешімдердің дұрыстығына арқау болады, ал тәлім тәжірибесіне байланысты ұланғайыр проблемалар мен



міндеттер іргелі үдерісті қажет ететін жаңа сұрақтардың туындауына жол ашады.

## 9-сұрақ

---

### Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық принциптері

#### Жауап

Ғылыми-педагогикалық зерттеулер жүргізуде төмендегідей принциптерді басшылыққа алу қажет:

— педагогикалық құбылыстардың шынайылығы мен шарттасқандығын ескеру, себебі дүниедегінің бәрі өзінің ішкі объективті заңдары, қарама-қарсылықтары және себепті-салдарлы байланыстарына орай жасайды, әрі дамиды;

— құбылыстарды даму барысында зерттеу;

— бір құбылысты екіншілерімен өзара қатынаста байланыстыра зерттеу;

— зерттеу процесінде қалаған ғылыми проблеманың шешімі бірін бірі толықтырып отырушы көптеген әдістер кешенімен орындалатынын естен шығармау;

— зерттеу әдістері зерттелетін құбылыстың мән-мағынасына сай келуі;

— даму үдерісінің сол дамудың қозғаушы күші және даму көзі саналатын оның қарама-қарсылықтарына негізделген өзіндік қозғалыс және өзіндік даму ретінде қарастыру;

— сынақталушыға, тәлім-тәрбие үдерісіне зиян келтіретін, адамгершілік-инабаттылық талаптарына қайшы болатын эксперименттерді өткізбеу.

## 10-сұрақ

---

### Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру

#### Жауап

Педагогика саласындағы зерттеулер, бұл — тәлім заңдылықтары, оның құрылымы мен механизмдері, мазмұны, принциптері

ментехнологиясы жөніндегі жаңа мәліметтерді алуға бағытталған ғылыми ізденіс үдерісі және оның нәтижесі. Педагогикалық зерттеулердің міндеті — деректер мен құбылыстарды түсіндіру және оларды алдын ала болжастыру.

Бағытталу тұрғысынан педагогикалық зерттеулер іргелі (фундаменталды), қолданбалы және болжам-жобалау (разработка) деңгейіндегі болып үш топқа бөлінеді. **Іргелі** зерттеулер нәтижесінде педагогиканың теориялық және практикалық жетістіктерін қорытушы жалпы тұжырымдамалар алынады немесе болжам жобалаумен педагогикалық жүйелерді дамытудың нобайлары ұсынылады. **Қолданбалы зерттеулер**, бұл — педагогикалық үдерістің кейбір тараптарын тереңдей тануға, алуан қырлы педагогикалық қызметтің заңдылықтарын ашуға бағдарланған істер. **Болжам** — жоба бұрыннан белгілі теориялық көзқарастарға негізделген нақты ғылыми-практикалық ұсыныстар дұрыстығын дәлелдеп, оларды практикалық айналымға қосу бағытында істелетін жұмыс.

Қалаған педагогикалық зерттеу көпшілік қабылдаған әдіснамалық тиектерге орай жүргізіледі. Педагогикада олардың қатарына — зерттелуге тиіс мәселе, тақырып, нысан және оның дені (предмет), мақсат, міндеттер мен болжамдар, қорғалуы тиіс идеялар кіреді. Педагогикалық зерттеулер сапасын танытушы негізгі көрсеткіштер: зерттеу көкейкестілігі, жаңалығы, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы.

**Зерттеу бағдарламасы**, әдетте, екі бөлімнен тұрады: **әдіснамалық және іс-әрекеттік** (орындау-процедуралық). Алдыңғы бөлімде тақырып көкейкестілігі негізделеді, мәселе нақтыланады, зерттеу нысаны мен дені, мақсаты мен міндеттері айқындалады, негізгі ұғымдары белгіленеді, зерттеу нысаны бастапқы жүйелі талдауға салынып, қызметтік болжам жасалады. Ал екіншісінде — зерттеудің стратегиялық жоспары түзіледі, сонымен бірге деректерді жинақтау мен оларды іріктеудің реті және негізгі шаралары жасалады.

**Зерттеу көкейкестілігін** негіздеудің мәні — тәлім мен тәрбиенің теориясы және тәжірибесін бұдан былай да дамыту үшін тиісті сұрақтардың қажеттігін, дер кезінде зерттеліп, шешімін табудың маңыздылығын түсіндіру. Көкейкесті зерттеулер белгілі кезеңдегі аса күрделі де қажет мәселелердің жауабын береді, педагогикалық ғылымға қойылатын қоғамның әлеуметтік тапсырысын бейнелейді, тұрмыста орын алған келелі қайшылықтарды ашады. Көкейкестілік тиегі өзгермелі,

қозғалысты, уақыт пен нақты, әрі ерекше жағдайларға тәуелді. Жалпыланған күйде көкейкестілік ғылыми идеялар мен тұрмыс, тәжірибелік ұсыныстарға болатын сұраныс (қандай да қажеттілікті қамтамасыз ету үшін) пен дер кезеңдегі ғылым мен тәжірибенің мүмкіндігі арасындағы айырмашылық деңгейін сипаттайды.

**Зерттеу тақырыбы** шешімі қалтқысыз табылуы қажет, өте күрделі де қоғамдық маңызға ие болған мәселелермен ұштасқан, әлеуметтік тапсырыс нақты **тақырыптың** негіздеме дәйегін талап етеді. Ал бұл, өз кезегінде, қойылған мәселенің ғылым аймағында зерттелу дәрежесінен туындайды.

Егер әлеуметтік тапсырыс педагогикалық болмысты талдаудың нәтижесінде ұсынылатын болса, ғылыми мәселенің өз негізі басқаша. Оның міндеті — ғылым құрал-жабдықтарын пайдалана отырып, негізгі қарама-қарсылықтарды баяндап беру. Әдетте, ғылыми сұрақ шешімі зерттеу мақсатын құрайды. **Мақсат** — қайта түзіліп, өрнектелетін ниет.

Мәселе нақтыланып, өрнектелгеннен соң, **зерттеу нысанын таңдау** кезегі келеді. Нысанға педагогикалық үдеріс, педагогикалық болмыстың бір саласы немесе қайшылықтарымен жүз берген қандай да педагогикалық қатынас алынуы мүмкін. Басқаша айтсақ, өз ішінде нақты, не әлі де күмәнді қайшылықтарды қамтып, мәселелі сұрақтарды туындатқан жағдайлардың баршасы нысан болып есептеледі. Танымдық үдеріс бағытталғанның бірі — нысан. **Зерттеу дені (предмет)** — нысан бөлшегі, біртарапты, яғни бұл — түбегейлі зерттеуді қажет еткен нысанның теориялық, не тұрмыстық тұрғыдан өте маңызды сапалық қасиеттері, қырлары мен сырлары.

Зерттеу мақсаты, нысаны және деніне сәйкес, әдетте, болжамды (жобаны) тексеру мен дәйектеуге арналған зерттеу міндеттері белгіленеді. **Жоба** — бұл шынайылығы әлі дәлелденуі қажет теориялық негізі бар болжамдар жиынтығы.

**Ғылыми жаңалық тиегі** аяқталған зерттеулердің сапасын бағалау үшін қолданылады. Ол қазіргі кезеңде әлі белгісіз, педагогикалық әдебиеттер тобына еңбеген тәлім заңдылықтары, олардың құрылымы мен тетіктері, мазмұны, принциптері мен технологиясын сипаттаушы теориялық және тәжірибелік қорытындылардың мазмұнын өрнектейді.

**Зерттеу жаңалығы** қаншалықты теориялық маңызға ие болса, соншалықты тұрмыстық қажеттілікке ие. Зерттеулер нәти-

жесінде түзілген тұжырымдамалар, алынған жобалар, ашылған заңдылықтар, әдістер, бағыттар, көзқарастар, мәселені айқындау нобайы орындалған ғылыми істердің теориялық маңызын танытады. Ал зерттеудің іс-әрекеттік маңызы жаңа ұсыныстар, нұсқауларды және т. б. дайындауға арқау болуында.

Жаңалық тиектері, теориялық және тәжірибелік маңыздылық зерттеу типтеріне орай бір бірімен ауысып барады, сондай-ақ жаңа тәлімдердің пайда болу уақытына да тәуелді келеді.

Зерттеу ізденістерінің қисыны мен қозғалысты өзгермелілігі (динамикасы) бірнеше сатылық-сезімдік, болжамдық, эксперименталды-теориялық немесе теориялық, жобалау жұмыстарын орындауды қажет етеді.

Зерттеудің сезімдік сатысында зерттеу нысанының қызметтік бағамы алынады, шынайы тәлім-тәрбие тәжірибесі, ғылыми тәлімдер деңгейі мен құбылыс мәнін түсіну қажеттігі арасындағы қарама-қарсылықтар көрінеді, ғылыми мәселе өрнектеледі. Сезімдік талдаудың басты нәтижесі — зерттеудің алғашқы тұжырымдамалары ретінде қабылданған, бірақ әлі тұтастығы тексеріліп, бекуі қажет болжамдар мен шамалаулар жүйесінен түзілетін зерттеу жобасынан көрінеді.

Жобалау сатысындағы ізденіс жұмыстарының мәні: зерттеу нысаны жөніндегі деректік болжамдар мен олардың мәнін айқындап алу қажеттігі арасындағы қарама-қарсылықтарды шешіп алу, содан соң зерттеудің сезімдік деңгейінен оның теориялық (эксперименталды-теориялық) деңгейіне өтудің дайындық жағдайларын жасау.

**Теориялық саты** зерттеулерінде назарға алынған нысан жөніндегі қызметтік және ниеттілік болжамдар мен ол туралы жүйелі шамалаулар қажеттігі арасындағы қайшылықтарды үйлестіру жұмыстары орындалады.

Теорияның белгілі қалыпқа келуі **алдын ала жобалау сатысына** жол ашады, осының нәтижесінде тұтастай құрылым болып танылған зерттеу нысаны жөніндегі соңғы алынған идеялық ақпараттар мен олардың ендігі, жаңа жағдайларда даму мүмкіндіктерін көрегендікпен алдын ала жобалау қажеттігі арасындағы текетіресті шешу талабы қойылады. Теорияның міндеті — осы сан қилы талаптардың шынайы шешіміне негіз болу.

## 11-сұрақ

### Педагогикалық зерттеу әдістемесі мен әдістер жүйесі

#### Жауап

Зерттеу әдістемесінің (методика) дайындығы ғылыми ізденіс қисынына орай жүргізіледі. Бұл әдістеме өте күрделі де сан қилы қызметтермен байланысты нысан болған тәлімдену үдерісін аса жоғары шынайылықпен зерттеуге мүмкіндік беретін теориялық және сезімдік **әдістер** тобынан құралады. Әдістердің тұтастай бір бөлігін қолданудан назарға алынған мәселе жан-жақты айқындалады, оның барша қырлары мен шектері түгелдей зерттеуден өтеді. Педагогикалық зерттеу әдістерінің әдіснамадан өзгешелігі — бұл педагогикалық құбылыстарды зерттеу, олар жөніндегі ғылыми ақпараттарды жинақтап, заңдылықты байланыстар, қатынастарды анықтау, оның нәтижесінде ғылыми теория қалыптастыру мақсатымен жүргізілетін іс-әрекет жолдары мен тәсілдерінің өзі. Әдістер көптүрлі де сан қилы, бірақ жүйелестіре келгенде, бұлардың бәрі үш топқа ажыратылады: 1) педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері; 2) теориялық зерттеу әдістері; 3) математикалық әдістер.

**Педагогикалық тәжірибені зерттеу** әдістері — тәлім ұсыну үдерісін ұйымдастырудың көз алдымызда қалыптасқан тәжірибесін зерттеудің жолдары. Зерттеуге озат тәжірибе, яғни танымал мұғалімдер мен қатардағы тәлімгерлер қызметтері бірдей алынады. Олардың жұмыстарында кезігетін қиындықтар педагогикалық үдеріс қайшылықтары мен пайда болған, не енді туындауы мүмкін мәселелерге байланысты келеді. Педагогикалық тәжірибені зерттеу барысында келесідей әдістер қолданылады: бақылау, әңгімелесу, интервью, анкеттеу, шәкірттердің жазба, сызба және шығарма жұмыстарын көзден өткеру, педагогикалық құжаттармен танысу.

**Бақылау** — зерттеу барысында нақты дерек материал жинақтау мақсатымен қандай да педагогикалық құбылыстың назарға алынуы. Бақыланған құбылыстар міндетті түрде хатталады. Бақылау нақты нысанмен жете танысуға орай алдын ала белгіленген жоспар бойынша жүргізіледі. Бақылау жұмысы келесі кезеңдерге бөлінеді: 1) міндеттері мен мақсаттарын айқындау; 2) бақыланатын нысан, оның бөліктерін және

жағдайларын таңдастыру; 3) бақылау және оның барысында ақпарат топтастыруға оңтайлы, әрі тиімді тәсілдерді іріктеу; 4) байқалғандарды хатқа түсіру формасын ойластыру; 5) жинақталған ақпараттарды өңдеу және дәйектеу.

Бақылау түрлері: *араласа бақылау* — ізденуші зерттеу жүргізіп жатқан топтың мүшесі ретінде қатысады; *сырттай бақылау* — зерттеуші ізденіс жұмыстарына тікелей араласпайды; *ашық және жасырын бақылау*; *тұтастай және таңдамалы бақылау*.

Бақылау орындалуы тұрғысынан ең оңай әдіс, бірақ өзіндік кемшілігі де жоқ емес: көп жағдайларда бақылау барысындағы ең соңғы нәтижеге зерттеушінің тұлғалық-әлеуметтік жекедара бітістері (көзқарасы, мүддесі, жан толғанысы) ықпал жасап, оның қандай да шынайылықтан ауытқуына себепші болуы мүмкін.

**Сұхбат әдісі** — қажетті ақпаратты алу немесе бақылау барысында түсініксіздеу болған құбылыстың мәнін аша түсу мақсатымен дербес, не қосымша қолданылатын зерттеу тәсілі. Сұхбат айқындалуы тиіс нақты сұрақтар бойынша күн ілгері түзілген жоспармен орындалады. Әңгімелесу еркін жүргізіліп, сұхбаттас кісінің жауаптары хатталмайды. Сұхбаттасудың екінші бір түрі педагогикаға әлеуметтану саласынан енген — *интервью* алу. Бұл әдісте сұрақтар алдын ала түзіліп, бірізділікпен қойылып барады. Интервью жауаптары анық жазылып, хатталады.

**Анкеттеу** — ауқымды материал жинақтау үшін қолданылады. Сұрақ жауаптары жазба күйінде қабылданады. Сұхбаттасу мен интервью алу бетпе-бет әңгімелесумен жүргізіледі, ал анкеттеу — сырттай орындалады. Аталған әдістердің нәтижелі болуы қойылатын сұрақтардың мазмұны мен құрылымына тәуелді. Сауалнама түзуде ескерілетін жәйттер: 1) алынатын ақпараттың сипатын анықтап алған жөн; 2) қойылатын сұрақтың бірнеше баламалы өрнегі болғаны қажет; 3) сауалнаманың бірнеше жоспары түзіліп, ол алғашқы тексеруден өткізілуі тиіс; 4) сауалнама кемшіліктері түзетіліп, пайдалануға ақырғы мәтіні ұсынылғаны дұрыс.

Құнды материал оқушылардың **шығармашылық туындылары**н зерттеу әдісімен де алынады. Олар: шәкірттер орындаған жазба, сызба, шығармашылық және бақылау жұмыстары; балалардың суреттері, жасалған қосалқы бөлшектер, кейбір пән дәптерлері. Мұндай жұмыстар балалардың даралық

қабілеттерінен дерек береді, олардың қандай да бір саладағы ептілік және дағды жетістіктерінің деңгейін көрсетеді.

**Мектеп құжаттарымен танысу** әдісін қолдана отырып, тәлімгердің жеке ісі, дәрігерлік кітапша, күнделік, жиналыс, не отырыс хаттамалары және сол секілді мектеп хат-қағаздарымен танысу арқылы зерттеуші тәлім-тәрбие, тәлім игеру үдерісін ұйымдастыру тәжірибесінде нақты қалыптасқан шынайы жағдайлар жөніндегі ақпараттармен қаруланады.

Педагогикалық зерттеудің қандай да бір әдіс, не тәсілінің педагогикалық тиімділігін анықтау үшін арнайы ұйымдастырылған тексеру түрі — эксперимент ерекше маңызды. **Педагогикалық эксперимент** міндеттері: 1) жобаланған педагогикалық құбылыс және оның іске асуында көрініс беретін себепсалдарлы байланыстар мәнін зерттеу; педагогикалық құбылысқа зерттеушінің белсенді ықпал жасауы; 3) педагогикалық ықпал мен ықпалдастықтың нәтижесін өлшестіру. Эксперимент келесі кезеңмен өткізіледі:

— *теориялық* (мәселе қою, зерттеу мақсатын, нысанын және денін анықтау, міндеттер мен болжам белгілеу);

— *әдістемелік* (зерттеу әдістемесі мен оның оның жоспарын айқындау, бағдарлама түзіп, алынған нәтижелерді өңдеу әдістерін нақтылау);

— *эксперимент* жұмысы — бірнеше тәжірибелік зерттеу әрекеттерін орындау (ситуация түзу, бақылау, тәжірибені басқару және зерттеушілердің жауап әрекеттерін бағалау);

— *талдау* — сандық және сапалық сарапқа салу; алынған деректерге түсініктеме беру; қорытынды жасап, ұсыныстар енгізу.

Эксперимент түрлері: *табиғи* (қалыпты тәлім-тәрбие үдерісі жағдайында) және *зертханалық* — қандай да әдістің тиімділігін тексеру үшін жасанды жағдайлар түзу (экспериментке алынған балалар тобы өз алдына бөлектенеді). Көп жағдайларда табиғи эксперимент қолданылады. Ол зерттеуге алынған педагогикалық құбылыс мазмұны, мақсаты және т. б. орай ұзаққа созылған, не қысқа мерзімді болуы мүмкін.

Егер эксперимент педагогикалық үдерістің нақты жағдайымен танысуға бағытталған болса, *деректеуші* (констатирующий) аталып, ал жеке шәкірт, не сынып ұжымының дамуына қажет жағдайларды анықтауға арналған мұндай эксперимент — *қайта жасаушы* (дамытушы) деп аталады. Қайта жасау экспериментінде салыстырып баруға керек бақылау топтары түзіледі. Эксперименттік әдістің қиындығы: оны жүргізу техникасын жете білу

қажет, бұл зерттеу барысында ұйымдастырушының аса үлкен сыпайылығы мен әдептілігі, көрегендігі мен егжей-тегжейлілігі, зерттеудегілермен қатынас түзу қабілеттілігі де маңызды келеді.

Жоғарыда аталған әдістер тобы педагогикалық құбылыстар танудың сезімдік мақсатымен байланысты келеді, яғни жеке-дара ғылыми-педагогикалық деректерді жинақтауға арналады. Ал осы топталған алғашқы деректік материалдың мән-мағынасын ашып, заңдары мен заңдылықтарын анықтау зерттеудің теориялық талдау әдісімен орындалады.

**Теориялық талдау** — педагогикалық құбылыстың кей тараптарын, белгілерін, ерекшеліктері мен қасиеттерін біліп, қарастыру үшін қажет. Жеке деректерді талдаумен оларды жүйелі топтарға біріктіреміз, әрбіріндегі жалпылық пен даралықты ескере отырып, ортақ принциптер мен ұстамдарға келеміз. Талдауды біріктіру (синтез) үдерісімен қатар жүргізе отырып, зерттеудегі педагогикалық құбылыстың мән-жайына енеміз.

Индуктив және дедуктив әдістер — сезімдік жолмен алынған ақпаратты қорытындылаудың қисынды әдістері. **Индуктив** әдіс — ойдың жеке пікірлерден жалпы ойға өтуін байқаса, **дедуктив** — жалпы пікірден жеке қорытынды жасауға қолданылады.

Теориялық әдістің қажеттігі проблема анықтауға, болжам белгілеп, жинақталған деректердің бағасын шығарудан туындайды. Теориялық әдіс көптеген әдебиеттермен таныс болуды талап етеді:

— жалпы адамтану, соның ішінде педагогика классиктерінің еңбектері;

— жалпы және арнайы педагогикалық әдебиеттер;

— тарихи-педагогикалық ресми деректер мен құжаттар;

— педагогикалық мерзімді басылымдар;

— мектеп, тәрбие, мұғалім жөніндегі көркем шығармалар;

— педагогикалық анықтама құралдары;

— педагогика және онымен сыбайлас пәндер бойынша әдістемелік қолданбалар.

Әдебиеттермен танысудың арқасында қай педагогикалық мәселенің қандай тараптары жақсы зерттелгенін, қайсыларының дау-дамайлы және әлі тың жатқанын білуге болады.

**Әдебиеттермен жұмыс істеу** әдістерінің түрі сан алуан. Олардың арасында көбірек қолданылатындары: кітапдерек (библиография) түзу — зерттелетін мәселеге байланысты іріктеліп алынған деректік әдебиеттер тізімі; *реферат* жазу — жалпы



тақырып бойынша бір, не бірнеше ғылыми еңбектің қысқартылып берілген мазмұны; *конспектілеу* — жұмыстың маңызды идеялары мен тұжырымдарына байланысты Жан-жақты материалдарды мұқият қамтыған жазбалар; *аннотациялау* — кітап пен мақаланың жалпы мазмұнынан қысқаша ақпар жазу; *сілтеме* (цитата) беру — әдеби деректе келтірілген ой, пікір, не санды өзгертпестен мәтінге ендіре жазу.

Педагогикадағы **математикалық** және **статистикалық** әдісті сауалнама, эксперимент жолымен алынған деректемелерді өңдеу үшін, сондай-ақ зерттеліп жатқан құбылыстар арасындағы сандық тәуелділіктерді анықтау мақсатында қолданылып, эксперимент нәтижесін бағалауға қорытындылар сенімділігін арттыруға, теориялық тұжырымдарды негіздеуге жәрдемдеседі. Математикалық әдістер арасында педагогикада ең көп қолданымға келетіндері: тіркеу (регистрация), ранжирование (тәртіпке келтіру), өлшемге түсіру (декодирование). Статистикалық әдіспен қолға түскен көрсеткіштердің орташа сандық шамасы айқындалады: орта арифметикалық (салыстырып бақылау және эксперименттік топтардың жазба жұмыстарында жіберілген қателердің орташа санын шығару үшін); медиана — тізімдердің орта тұсындағы көрсеткіш (топта он екі тәлімші болса, бағаның өсу дәрежесімен өрнектелген тізімде алтыншысының бағасы — медиана); таралу (дисперсия) дәрежесі немесе орташа квадраттың ауытқу, баламалар коэффициенті және т. б.

Мұндай есептерді жүргізу үшін белгілі формулалар, анықтама кестелер қабылданған. Осы әдістермен жинақталған көрсеткіштердің сандық тәуелділіктері графиктер, диаграммалар, таблицалар түрінде өрнектеледі.

## 12-сұрақ

### Тұлғаның даму үдерісі

#### Жауап

**Даму** — адамның сандық және сапалық өзгерістерінің жүрісі мен нәтижесі. Даму нәтижесінде адам биологиялық түр және әлеуметтік тіршілік иесі болып жетіледі. Адамның

биологиялық сипаты өз ішіне морфологиялық, биохимиялық, физиологиялық өзгерістерді қамтыған тән-дене дамуынан көрінеді. Ал *әлеуметтік* даму оның психикалық, рухани, ақыл-ес кемелденуінен байқалады.

Егер адам сана және өзіндік санаға ие болып, өз бетінше жаңғыртушы іс-әрекет орындауға қабілетті болса, онда ол адам **тұлға** деп аталады. Адам тұлға болып туылмайды, ол қасиеттік дәреже даму барысында қалыптасады. «Адам» ұғымынан өзгеше «тұлға» түсінігі — адамның қоғамдық қатынастар, басқа адамдармен араласу ықпалында қалыптасқан әлеуметтік сапа-қасиеттерін білдіреді. Тұлға ретіндегі әрбір адам әлеуметтік жүйеде мақсат бағдарлы және ойластырылған тәрбие барысында қалыптасады. Әрбір тұлға, бір жағынан, қоғамдық тәжірибені игеру деңгейімен, екінші жағынан, материалдық және рухани құндылықтар қорына қосқан қоғамдық үлесімен танылады. Тұлға болып жетілу үшін адам өзіне табиғаттан берілген және өмірі мен тәрбие желісінде қалыптасқан ішкі қасиеттерін нақты тұрмыстық қызметте аша білуі шарт.

Адам дамуы — бұл өте күрделі, ұзақ мерзімді және қарама-қайшылықты үдеріс. Біздің ағзамызда болып жатқан өзгерістер өмір бойына ұласады. Ал адамның тән-дене болмысы мен рухани дүниесі, әсіресе балалық және жасөспірімдік шақта қарқынды ауысуларға кезігеді. Адамның дамуы сандық өзгерістердің қарапайым жиынтығы немесе төменнен жоғарыға бағытталған ілгерілі қозғалыс тобы емес, бұл үдерістің өзіне тән ерекшелігі — сандық өзгерістердің тұлғаның физикалық, психикалық және рухани сапалық қасиеттеріне диалектикалық түрде өтіп, жаңалануы. Бұл құбылыстарды түсіндіруде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Мамандардың бір бөлігі адамдардың дамуын кездейсоқ, басқарымға келмейтін өзінше жүрісі бар, даму өмір шарттарына тәуелсіз, сондықтан, тумадан берілген күштерге байланысты; адамның дамуын ешкім, еш уақытта өзгертуі мүмкін емес, тағдыр белгілейді дейді. Ал басқа бір зерттеушілер тобының пайымдауынша: даму — бұл әуел бастан қозғалысқа қабілетті тірі материя. Даму жолында көне жойылып, жаңа туындап барады. Өмірге енжар икемдесуші жануарлардан адам өз дамуы үшін қажеттерін өз еңбегімен жасай алатындығымен ерекшеленеді дейді.

Дамудағы қозғаушы күш — *қарама-қарсылықтар тайтасы*. Қарама-қарсылықтардың арқасында үздіксіз қайта жасалулар мен жаңғыртулар дүниеге келеді. *Қарама-қарсылықтар*



— бұл өзара екі шекті күштердің бір-біріне сиымсыздығынан туындайтын диалектикалық үдеріс. Адамға қайшылықтарды іздеп немесе ойдан шығарып, әлектенудің қажеті жоқ, олар қадам сайын өмірлік қажеттіліктердің өзгеру салдарынан пайда болып отырады. Табиғатынан адамның өзі де қарама-қайшылықты дүние болмысы. Қарама-қайшылықтар барша адамдардың дамуына ықпал жасаушы *ішкі және сыртқы, жалпы* (әмбебап), сонымен бірге қарапайым материалдық және ең жоғары рухани *қажеттерінің* және оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылықтар әмбебап сипатқа ие. Ішкі қарама-қайшылықтар әр адамның өз болмысына қанағаттанбауынан туындайды. Олар жеке-дара *ниеттерде* көрінеді. Негізгі ішкі қайшылықтардың бірі — жаңадан пайда болған қажеттер мен оларды іске асыру мүмкіндіктерінің арасындағы алшақтықтар. Мысалы, жасөспірімдердің өз психикасы мен ақыл-ес, әлеуметтік деңгейінің жетімсіздігіне қарамай, мүмкіндіктері толысқан ересектермен бірге іс алып баруға ұмтылуы. «Қалаймын» — қолымнан келмейді», «білемін» — «білмеймін», «мүмкін» — «болмайды», «бар» — «жоқ» — мәңгі қарама-қайшылықтарды белгілейтін қосарлы ұғымдар. Адам дамуын зерттей отырып, ғалымдар даму және оның нәтижелері — бір жағынан және оларға ықпал жасаушы себептер — екінші жағынан, арасындағы заңдылықты байланыстарды аңдатушы бірнеше маңызды тәуелділіктерді ашты.

Сонымен, адамның дамуы — сандық және сапалық өзгерістердің желісі мен нәтижесі. Даму барысында адам тұлғаға айналып, сана мен өзіндік сана, дербес жаңғыртушы іс-әрекет иесі болып жетіледі. Дамудың қозғаушы күші — қарама-қарсылықтар күресі. Адамның дамуы ішкі және сыртқы жағдайлармен анықталады.

## 13-сұрақ

---

### Нәсілдік және қоршаған орта

#### Жауап

Дамудың қай қырлары адамның өзіне тәуелді және қай таптарын сыртқы жағдайларға, жағдаяттарға байланысты? Даму-

ды айқындаушы *себептер тобы* — жағдайлар деп аталады, ал сол қарапайым себептердің ішіндегі ең маңызды, *мәнді себеп* — жағдаят (фактор) деп аталады. Даму үдерісі мен оның нәтижесіне әсер етуші жалпы жағдайлар мен жағдаяттар қандай?

Белгілі болғандай, адамның даму үдерісі мен оның нәтижесі үш өзекті жағдаяттардың бірлікті әрекетімен жасалады, олар — *нәсілдік, қоршаған орта және тәрбие*. Негізге «нәсілдік» деп аталатын адамның тума, табиғи ерекшеліктері алынады. *Нәсілдік* — бұл атадан балаға берілетін тұрақты сапалар мен ерекшеліктер. Нәсілдікті тасушы биологиялық ген (грек сөзі — *туындатушы*). Ағза қасиеттері табиғат жаратқан ген көрсеткіштері өрнектеліп, белгілі ақпарат күйінде тіршілік өкілі тәнінде сақталатынын және бірден бірге ауысып баратынын бүгінгі ғылым дәлелдеп отыр. **Генетика** — адам дамуының нәсілдік бағдарлама құпияларын ашып, жариялайды. Адамның нәсілдік бағдарламасы адамды адам кейпінде танытатын жалпы, сонымен бірге әрбір адамның басқаға ұқсас өзгешелігін білдіретін айрықша *детерминатты* (тұрақты) және *ауыспалы* бөліктерді өз ішіне алады. Нәсілдік бағдарламаның тұрақты бөлігі адамзаттың ұрпақ жалғастыру және адам тегіне тән нышандарды — сөйлеу, тік жүру, еңбек іс-әрекеті, ойлау, т. б. — қамтамасыз етеді. Атадан балаға адамның сыртқы белгілері: дене құрылысы, шаш, көз, тері түстері ауысады. Қан тобы, резус-жағдаят, ағзадағы ақуыздардың әртүрлі бірігімі қатаң генетикалық бағдарламаға тәуелді түзілген.

Адамның жүйке жүйесі, мінезі, психикалық үдерістердің өту ерекшелігі осы нәсілдік қасиеттер тобынан. Ата-аналар тәнінде болған жүйке жүйесінің кемшіліктері, олардың арасында психикалық күйзеліс, сырқаттар — патологиялық ауытқулар ұрпақтан-ұрпаққа өтіп отырады. Сондай-ақ, қан аурулары (гемофилия), сусамыр, кейбір эндокриндік бұзылыстар, мысалы, ергежейлілік нәсілдік сипатқа ие. Ұрпаққа ауыр зиян келтіретін жағдаяттардың бір тобы — ата-аналардың маскүнемдік және нашарлық зиянды әдеттерінен.

Нәсілдік бағдарламаның *ауыспалы* бөлімі адамға тіршілік жағдайларының өзгермелі шарттарына икемдесіп баруына көмегін тигізеді. Нәсілдік бағдарлама жетілдіре алмаған адамның сапа-қасиеттері өмір бойы жүріп жататын *тәрбиемен* толықтырылады. Бағдарламаның бұл бөлігін әрбір адам өз бетінше дамыта алады. Осылайша, **табиғат әрбір адамға өзіндік даму және өзіндік жетілу жолымен өзінің адами мүмкіндіктерін іске асыруға жол ашады**. Сонымен, тәрбие қажеттігі адамға

оның табиғатынан берілген. Балалар өз ата-аналарынан нені мұра етіп алады — ақыл әрекетіне дайын қабілеттерді ме немесе қабілеттерді дамыту үшін қажет, мүмкін болған нышандарды ма? Эксперименталды зерттеулерде топталған деректерді талдау бұл сұрақтарға нақты бір жауап мүмкіндігін берді: *нәсілдіктен өтетін қабілеттер емес, тек қана нышандар*. Әулетке өткен нышанның кейін дамуы да мүмкін, не қолайлы жағдайлар болмаса, өшіп кетуі де ықтимал. Бәрі жағдайға байланысты: егер адамның нәсілдік бастаулары нақты қабілетке өту мүмкіндіктеріне кез болса және тұрмыс шарттары, тәрбиесі, адам мен қоғамның қажеттері орынды үйлесім тапса, нышан қабілет деңгейінен көрінеді.

Барша қалыпты адамдар табиғатынан өзінің ақыл және танымдық күштерін дамыту мүмкіндігіне ие, сонымен бірге шексіз рухани дамуға қабілетті. Жоғары жүйке қызметі типтеріндегі айырмашылық ойлау үдерістерінің жүрісін ғана өзгертуі мүмкін, ал ақыл-парасат әрекеттері деңгейіне олардың ешқандай әсері жоқ. Солай да болса бүкіл дүние педагогтары нышандардың ақыл-ой қабілеттерінің дамуына кедергі де болатынын айғақтайды. Мысалы, маскүнемдерден туған балалардың бас миындағы енжар жасушалар, нашакорларда болатын гендік құрылым бұзылымдары, кейбір нәсілдік психикалық сырқаттар қабілеттердің орнығуына көп кедергі келтіреді. Шылымкеш ата-аналардан туған балалар өкпе ауруына шалдыққыш келеді.

Ақыл-ой әрекетіне негіз — *жалпы* нышандармен бірге, *арнайы* нышандар да ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Белгілі іс-әрекет түрінде адамды қалыптастырудың бастауы осы арнайы нышандарда. Егер адамға қажетті жағдайлар жасалса, арнайы нышандар ерте жастан-ақ белгілі болады. Мұндай нышандар: ән-күй, сурет өнері, математика, лингвистика, спорт және т. б. үлкен маңызға ие.

## 14-сұрақ

---

### Іс-әрекет және тұлға дамуы

#### Жауап

Дамуға нәсілдіктің, қоршаған ортаның және тәрбиенің ықпалына қосымша әсер ететін аса маңызды жағдаяттардың және бірі

— бұл тұлға іс-әрекеті. **Іс-әрекет ұғымы** қандай да жұмысты орындау үшін жасаған адам қимыл-қозғалыстарының бәрін аңдатады.

Тарих тұңғығынан іс-әрекет бабында небір дана бақылаулар бізге дейін жеткен: «Балаңның немен және қалай шұғылданатынын айтсаң, оның қандай адам болып жетілетінін айтып беремін»; «Қаңғыбас болғанның ешқайсысы да, дегеніне жете алмаған»; «Қанша тер төксең — сонша емерсің»; «Адам өз бақытының ұстасы»; «Ерте тұрғанның ырысы артық»; «Еңбегіне қарай — сый-сияпаты»; «Өнерлінің қолы гүл» т. б. Даму нәтижелері мен іс-әрекет қарқындылығы арасында тікелей байланыс болатыны айдан анық. Бұдан даму үдерісінің және бір жалпы заңдылығы ашылады: шәкірт неғұрлым белгілі салада көбірек іс-әрекет жасаса, оның сол саладағы даму деңгейі соншама жоғары келеді. Әлбетте, бұл заңдылықтың шексіз қолданыла беруі мүмкін емес. Ол жағдай әрбір адамның қабілеттеріне, жасына, іс-әрекеттің өзінің қарқындылығы мен ұйымдасуына тәуелді келеді.

Іс-әрекет барысында адамның жан-жақты және біртұтас тұлғалық дамуы жүріп жатады, оның қоршаған дүниеге көзқарас, қарым-қатынасы қалыптасады. Таңдалған іс-әрекет көзделген тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал етуі үшін оны қажетті деңгейде ұйымдастыру және келелі бағдарлап отыру қажет. Бұл — тәрбие жүрісінде өте күрделі іс. Өкінішке орай, көп жағдайларда осы күрделілік даму мүмкіндіктерін шектейді; кейде тәрбиеленушілер ең қажетті болған жағдаяттарға — қоғамдық, еңбек, таным әрекеттеріне белсенді араласа алмай, енжар бақылаушы күйінде қалып, дайын ережелерді жаттаудан ары өте алмайды.

Балалар мен жасөспірімдердің іс-әрекеттерінің негізгі түрлері — ойын, тәлім, еңбек. Бағдары бойынша іс-әрекет танымдық, қоғамдық, спорттық, көркемөнерлік, техникалық, кәсіптік, құмарлық (гедоникалық) болып ажырайды. Барлық жастағы тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерінің ерекше түрі — тілдесу, қатынасу (ортақтасу).

Іс-әрекет сипаты бойынша белсенді (актив) және енжар (пассив) болуы мүмкін. Тіпті, құрттай ғана сәбидің өзі белсенді тіршілік иесі болып көрінгенді қалайды. Ол жасына қарамай үлкендерге, қатарына қандай да талаптар қояды, төңірегіндегі кісілерге, заттарға, болып жатқан оқиғаларға өз қатынасын білдіруге тырысады. Уақыттың озуымен қоршаған орта және тәрбиенің ықпалы арқасында белсенділік көтерілуі де мүмкін,

кейде төмендеуі де ықтимал. Мысалы, адам көп жұмыс істеуі мүмкін, бірақ іске құлықсыз, көңілі құламайды, орындалуы қалай болса, солай, енжар. Әлбетте, мұндай іс-әрекет адамды жоғары нәтижелерге жеткізбейді. Дамудың тиімді болуы іс-әрекеттің белсенділігіне, көңіл-күй жарасымдылығына тәуелді. Адам таңдаған ісіне жан-тәнімен кірісіп, өзіндегі бар мүмкіндіктердің бәрін іске жұмылдырып, өзін кемелденген тұлға ретінде көрсете білуі қажет. Мұндай қызмет адамға қанағат ләззатын әкеліп, шабыт пен қуаттың көзіне айналады. Сондықтан да іс-әрекеттің маңыздылығы оның өздігінен ғана емес, сол әрекетте көрінетін тұлға белсенділігінің деңгейіне байланысты.

Белсенділік тәлім барысында шәкіртке тезірек және табысты әлеуметтік тәжірибе топтауға мүмкіндік береді. Оның қарым-қатынас тілдесу қабілеттерін дамытады, қоршаған болмысқа деген көзқарасын қалыптастырады. Баланың ақыл-парасатты дамуын танымдық белсенділік қамтамасыз етеді. Бұл үшін балаға танымдық мәселелерді шешуімен бірге, игерілген тәлімдерді тұрмыста қолдану қажеттігі де тән болуы тиіс. Себебі, еңбектегі белсенділік тұлғаны өзінің рухани және адамгершілік дүниесін тез арада және тиімді қалыптастыруға ынталандырады, оны көп және нәтижелі еңбектенуге бағыттайды.

Белсенділіктің барша көріністерінің негізінде бір ғана тұрақты дерек көзі — *қажеттілік* орын алған. Адам қажеттіліктерінің көп түрлілігі оларды қанағаттандыру үшін қолданылатын іс-әрекеттердің де сан қилылығын туындатады. Өсіп келе жатқан адамға белсенділіктің пайдалы бағыттарын көрсетіп, алдамшы қырларын мейлінше бәсеңсіту — педагогтар үшін тұрақты және өте күрделі міндет. Күрделілігі — адамның жеделдете кемелденуі дәуірінде іс-әрекет қажеттері мен сеп түрткілері (мотивтері) өте қозғалмалы және ауыспалы келеді. Сондықтан, әртүрлі жас сатыларында іс-әрекет түрлері ауысып баруы шарт. Мектеп тәрбиесінің тұрмыстық өзгерістер ізімен үлгере орындалуы өте қиын, солай да болса, әрқандай тәрбиелік іс мезетінен бір де кешікпей жүргізіліп, келеңсіз салдардың алдын алып отыруы қажет.

Әрбір адамның өзіндік белсенділігі — оның қабілеттері мен дарынының дамуы және табыстарға жетуінің міндетті кепілі. Бала тәрбиесімен қандай да бір ғажайып тәрбиеші шұғылданбасын, оның өз әрекет-ықыласы болмаса, ешқандай нәтиже болуы мүмкін емес. К. Д. Ушинскийдің пікірінше, бала өзін өзі тәрбиеленуші, ал педагогтың қызметі — оған игерілуі

қажет материалды ұсынып бару, оның тәлім үдерісін басқару. Осыдан, дұрыс қойылған тәрбиеде шәкірт — педагогикалық ықпалдың нысаны ғана емес, ол сонымен бірге, өз тәрбиесін белсенді өз қолына алған субъект.

Іс-әрекет сияқты тұлға белсенділігі де таңдамалы сипатқа ие. Тұлғаның дамуы кез келген әсерден болмайды, солардың ішінде адамның өз қажетіне сай келген, оның тұлғасына жарасымды болған, шынайы болмысқа деген оның жеке көзқарастарына сәйкес ықпал болса ғана, бала дамуы қарқынды жүреді.

Тұлғаның белсенділігі — дамудың тек алғышарты емес, оның нәтижесі де. Қоғамдық белсенді, ынталы, шығармашыл және өзі мен төңірегіндегі қатысқан адамдардың бәріне бірдей жақсылық пен қуаныш беретін тұлға қалыптастырушы тәрбие әрдайым өз мақсатына жетіп отырады. Педагогикалық сынақтан өтіп, сапалы ұйымдастырылған іс-әрекет белсенділіктің қай түрін де қамтамасыз ете алады. Өсіп келе жатқан адамға толық іс-әрекет мүмкіндігін ашып беру өз күш-қуатын белсенді қолдануға қажет әрекет тәсілдерімен қаруландыру, тұлғалық ерекшеліктерді жете зерттеу және әр тұлғаның болмысындағы табиғаттан берілген нышандар мен дарындылықты мейлінше жайып салу — әрбір тұлғаның даму үдерісін ақылгөйлікпен бағыттаушы ұстаз-тәлімгердің өз ар-намысы мен қоғам алдындағы борышы. Сонымен, адам дамуының маңызды жағдаяттарының бірі — оның меншікті өз әрекет-қызметі. Мұғалім қаншама жақсы болмасын өзінше еңбектенбеген шәкірт көздеген мақсатына жете алмайды. Әрқандай іс-әрекет тәлімші ықылысымен орындалып, шартты түрде белсенді болуы қажет. Орындаған ісінен бала ләззат және қанағат табуы ләзім. Белсенді іс ешқашан шаршатпайды.

## 15-сұрақ

---

### Тұлға қалыптасуының өзегі тәлім — жалпыадамзаттық құбылыс

#### Жауап

Қаншалықты кең тараса да, бір қарағанға тұрақты болып көрінгенімен, «тәлім» (образование) түсінігі көп мәнділігімен ерекшеленеді. Әдетте, бұл термин мазмұны жағынан келесідей

түсініктемелерге ие болуы мүмкін: тәлім — жалпыадамзаттық құндылықты құбылыс; тәлім — әлеуметтік мәдени мұра; тәлім — жүйе; тәлім — педагогикалық үдеріс; тәлім — нәтиже.

Категориялық тұрғыдан тәлім *жалпыадамзаттық құндылық* ретінде танылады. XX-ғасырдың 60-жылдарынан адам, мораль, гуманизм, жалпы субьектив жағдаяттар мәселесіне қызығушылықтың артуынан, бұл категория философиялық деңгейде қарастырыла бастады. Құндылықтар табиғатын, олардың құндылықты дүние болмысы мен оның құрамындағы орнын **аксиология** ғылымы зерттейді.

«**Құндылық**» термині қоғамдық мұраттар қамтыған, сонысымен де міндеттілік өлшемі (эталон) ретінде танылған нысандар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін, сонымен бірге бейнақты идеяларды белгілеу, әрі сипаттау үшін қолданылады. Құндылықтар заттасқан және субьективті болып ажыралады. Сан қилы адамзат қызметінің, қоғамдық қатынастардың өнімі және олардың аймағына қосылған табиғат құбылыстары **заттасқан** құндылықтар сапына кіреді. Ал **субьектив** құндылықтар — бағалау баға негізіне алынған өлшем-шектері (критерий), өрнек үлгілер, әлеуметтік стандарттар. Бұлардың бәрі идеялар, принциптер, мұраттар, іс-әрекет мақсаттары ретінде қоғамдық санада бекіп, ол сананың бағыт-бағдарын айқындап отырады.

Құндылық ретінде әлеуметтік ілгерілеумен (прогресс) байланысты ұнамды мән-мағыналы оқиғалар мен құбылыстар ғана танылады. Әрқандай тарихи нақты қоғамдық саты әлеуметтік реттілікті қамтамасыз етуші, өзіне ғана тән құндылықтар жиынтығына ие. Сол құндылықтарды танып меңгеру негізінде тұлға қалыптасады, қоғамда қабылданған тәртіптер жүйесі қолдау табады.

Адамзат дамуының әрқилы кезеңдерінде де өзгеріске түспей, тұрақты қалпында сақталатын құндылықтар болады. Мұндай құндылықтар: өмір, бейбітшілік, еңбек, денсаулық, махаббат, әсемдік, шығармашылық және т. б.— адамзат қауымының гуманистік бастауы болған бұл категориялар мәңгілік, ешбір төңкеріс, не идеология, саясат оларды жоюы мүмкін емес. Әр тарихи кезеңде олардың мәні қайта қарастырылып, жаңа көзқараспен басқаша бағалануы ықтимал.

Жалпы құндылықтар арасында **педагогикалық құндылықтар** өз алдына дербес топ құрайды. Олардың мәні тәрбиелеу және тәлім ұсыну қызметінің ерекшелігі, оның әлеуметтік рөлі және жасампаздық мүмкіншіліктерімен анықталады.

**Педагогикалық құндылықтар тәлім-тәрбие** саласында қалыптасқан қоғамдық дүниетаным, көзқарастар мен педагог қызметтері арасында жанама және тікелей байланыстырушы ретінде, әрі педагогикалық іс-әрекетті реттеуші талаптар (нормы) ретінде қабылданған. Барша құндылықтар сияқты педагогикалық құндылықтар да қоғамдық-әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастарға тәуелді. Олар тарих желісінде қалыптасып, ерекше танымдық бейне және ұғымдар түрінде қоғамдық сана формасына енеді. Өмірдің әлеуметтік шарттарының өзгеріске келуімен, тұлға, қоғам қажеттерінің дамуымен педагогикалық құндылықтар да ауысып барады.

*Тәлім* — қоғамдық құндылықтардың аса маңыздысы. Мұның дәлелі — көпшілік елдер Ата Заңында келтірілген әрбір адамның тәлім игеруге, алуға құқығы. Бұл құқық әртүрлі бастау тұжырым, бағыттардың дүниетаным шарттарына сәйкестендірілген нақты дәуір тәлім жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Тәлім, өз кезегінде, мемлекеттік, қоғамдық және жеке тұлғалық құндылықтарға ие.

Тәлімнің *мемлекеттік* тұрғыдан құндылықты болуының себебі — мемлекеттің адами-инабаттық, ақыл-парасаттық, ғылыми-техникалық, рухани-мәдени және экономикалық мүмкіндіктерінің негізі — тәлімде. Осыдан, тәлімді ел — мықты, мызғымас ел.

Тәлімнің *қоғамдық* құндылығы да жоғарыда аталған алғышарттармен анықталады. Алайда, мемлекет және қоғам тарапынан болатын тәлім дамуына орай түсіністік пен үмтылыс әрқашан сәйкес бола бермейді. Мысалы, осы күнгі ҚР-да он екі жылдық тәлімге өту — мемлекет талабы, бірақ ол қоғам тарапынан түсінбеушілікке ұшырауда.

## 16-сұрақ

---

### Тәлім — әлеуметтік құбылыс

#### Жауап

Әрқандай адамзат қауымдастығының шарты — оның мүшелері мойындаған, әр тұлғаның сол қауымның нақты табиғи және әлеуметтік-тарихи жағдайларына байланысты қалыптасып, тәуір құндылықтарын қабылдап, қылық-әрекет талаптарына



бой ұсынуы. Өзінің қоғамдық қызметтерді орындауға қажет қабілеттерінің дамуына себепші болған әлеуметтену үдерісінде адам тұлғалық тәлімдену сатысына көтеріледі. Адамның әлеуметтенуі оның қоғамдағы ауыспалы жағдайлармен шарттарға икемдесе білуі ғана емес, ол өз ішіне жеке тұлғаның дамуы, өзіндік танымы мен мүмкіндіктерін өз күшімен іске асыра алу сияқты үдерістерді де қамтиды. Дегенмен, аталған үдерістерге байланысты міндеттердің шешімі бірде мүдделі, жүйеленген болып, бүкіл қоғам, сол үшін арнайы ұйымдастырылған мекемелердің қолдауы мен тұлғаның ынта-ықыласына негізделсе, кейде кездейсоқ келеді. Ал осы әлеуметтенуге орай жүргізілетін, нақты мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған басқару үдерісі тәлім (образование) деп аталады. Тәлім — өте күрделі, басқа дүние болмыстарында қайталанбас қыр мен сырға мол қоғамдық-тарихи құбылыс, оның мән-жайын тануға құштарлық білдірмеген ғылым аз-ақ.

Педагогикада қолданылып келе жатқан тәлім түсінігі: *кейбір идеалды бейнелерге саналы бағытталған, тарихи шарттарға тәуелді қоғамдық санада түбегейлі әлеуметтік өрнек — эталонға сай бекіп, жүзеге келетін тұлғалық және рухани қалыптасу мен әлеуметтену үдерісін аңдатады.*

Бұл тұрғыдан тәлім барша қоғам мен жеке адамдар өмірінің ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптасады. Осыдан да ол — ең алдымен әлеуметтік құбылыс.

Тәлімнің әлеумет өміріндегі ерекше сала сипатына ие болу кезеңі мен әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа өткізу үдерісі қоғамның тіршілік әрекеттерінен өз алдына бөлініп және тәрбие мен тәлімді іске асыратын арнайы кәсіби адамдардың пайда болу дәуірінен басталады. Дегенмен, мәдениетке мұралық ету, әлеуметтену мен тұлға дамуының қоғамдық құрал-тәсілі ретінде тәлім адамзат қауымының алғашқы қадамдарымен бірге өмірге еніп, еңбек әрекеттері, ойлау, тіл дамуымен бірлікте шексіз өркениет жолында өз өрісін тауып келеді.

Алғашқы қауым сатысында балалардың қоғам өміріне бастапқы араласу заңдылықтарын зерттеген ғалымдардың топшылауынша, ол дәуірдегі тәлім игеру үдерісі қоғамдық өндірістің нақты іс-әрекетіне тікелей араласу нәтижесінде атқарылатын болған. Тәлім мен тәрбие, мәдени құндылықтарды әулеттен әулетке жеткізу қызметтерін орындау әрбір ересектің борышты міндеті есептелген, ол міндет балалардың еңбек және әлеуметтік іс-әрекеттерге тікелей араласып отыруының арқасында шешімін тауып отырған.

Қоғамның әрбір ересек мүшесі күнделікті тіршілік үдерісінде педагог қызметін атқаратын болған, ал кейбір дамыған қауымдарда (Қолумбия, ягу тайпасында) бұл жүктеме, яғни жас балаларды тәрбиелеу негізінен жасөспірімдерге тапсырылған. Қандай жағдайда да тәлім қоғам өмірінен ажырамай, оның тұтастай бірлігіне айналған. Балалар үлкендермен бірге қорек тауып, ошақ-отбасын қорып, еңбек құралдарын жасай отырып, білік, өнеге үйренген. Әйелдер қыздарын үй шаруашылығына үйретіп, бала бағуға баулыған, ал ер адамдар ұлдарын аңшылыққа, қару-жарақ ұстауға, пайдалануға тәрбиелеген. Жастар аға ұрпақ өкілдерімен бірге жүріп, жануарларды қолға үйреткен, көкөніс өсірген, сонымен бірге бұлттар мен аспан денелерінің қозғалысына ден қойып, табиғат сырларын таныған, табысты аңшылық, әскери жеңістерге қуана асыр сала билеп, ән шырқаған, тайпаластарының бақытсыздығы мен ашаршылығын, жеңілістері мен күйреулерін бірге басынан өткізіп, налыған да жабырқаған. Осыдан адам тәлімденуі кешенді іске асып, өмір бойы үздіксіз жетілуде.

Қоғамдық қатынастар шеңберінің өрістеуі, тіл мен жалпы мәдениеттің дамуы жас ұрпаққа өткізілуі тиіс ақпарат пен тәжірибенің мольға түсуіне жол ашты. Бірақ, оны игеру мүмкіндіктері шектеулі болды. Осы қарама-қарсылықтың үйлесімді шешімі тәлім топтау мен көпшілік арасында таратуға арналған арнайы әлеуметтік құрылымдар мен әлеуметтік (институт) мекемелердің түзілуіне байланысты болды.

Әлеуметтік құбылыс ретінде танылған тәлім — ең алдымен шынайы қоғамдық құндылық. Әрқандай қоғамның адамгершілік, ақыл-ес, ғылыми-техникалық, рухани-мәдени және экономикалық мүмкіндіктері тәлім ұсыну саласының даму деңгейіне тәуелді. Алайда, тәлім қоғамдық-тарихи сипатта бола тұрып, өз кезегінде әлеуметтің тәлімдену қызметін іске асырушы қоғамның тарихи типіне байланысты. Әр дәуір тәлімі сол кезеңдегі әлеуметтік даму міндеттерін, қоғамдағы экономика мен мәдениет деңгейін, саяси және идеологиялық талаптар сипатын аңдатады. Себебі, аталған жағдаяттардың ортасында қоғамдық қатынастар субъектісі болған педагогтар мен тәлімгерлер тұр.

Сонымен, тәлім — салыстырмалы дербес жүйе. Оның қызметі — нақты ғылыми біліктерді, идеялық-ізгілік құндылықтарды, ептіліктер мен дағдыларды, әрекет-қылық талаптарын игеруге бағытталған қоғам мүшелерінің тәрбиесі мен тәлімін іске асыру. Ал бұлардың бәрінің астарында болатын мазмұн нақты қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымы мен



оның материалдық-техникалық деңгейімен айқындалып барады.

Тәлімнің жеке тұлғалық құндылығы әрбір адам үшін өз алдына бөлек. Әсіресе, бұл өзіндік тәлім оның деңгейі мен сапасынан көрінеді.

Тәлім әлеуметтік-қажеттілік болумен бірге, біршама қызметтер атқарады. Ғалымдардың пайымдауынша (Н. В. Берковский, А. Л. Реан) тәлім қызметтері төмендегідей:

— *адамның ғылым және мәдениет әлеміне енуінің ең оңтайлы да дәл жолы*. Бүкіл дүние қазіргі таңда әлем және барша планета азаматын тәрбиелеуге ұмтылыс жасап, тәлім аймағында барлық күш-қуатын топтастыруда. Дүниежүзілік тәлім кеңістігі жедел дамуда. Сондықтан да әлем қауымдастығы адамның жасайтын орны не елі, тәлім игеру типі не деңгейіне тәуелсіз жаһандық тәлім стратегиясын қалыптастыру талаптарын алға тартып отыр;

— *тұлғаның әлеуметтенуі мен ұрпақтар жалғастығын қамтамасыз ету тәсілі*. Адамдардың идеологиялық көзқарасы мен талғамдарының, әлеуметтік танымдарының, мұраттары мен тіршілік климаттарының түбегейлі өзгеріске түсіп жатқан заманында тәлім қайта жаңғырту мен тарихи және әлеуметтік тәжірибені әулеттен әулетке өткізу үдерісін қалыпты жүргізуге мүмкіндік береді, сонымен бірге жаңа саяси және экономикалық жағдайларды, қоғам және мәдениет дамуының жаңа бағыттарын жас ұрпақ санасына ендіріп, бекітуге жәрдемдеседі. Тек тәлімнің ғана үйлестіру, тұрақтандыру қызметіне бола, адам жаңа өмір үрдістері мен тіршілік шарттарына икемделіп, бейімделеді;

— *адамның қоғамдық және рухани өмірін, сонымен бірге жалпы халықтың рухани сана қалыптастыру тетіктері*. Тәлім ұсыну және тәрбиелеу мекемелері белгілі дәуір адамының әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттерінің ең жоғары өрнек-үлгілерін шоғырландырады. Осыдан тәлімнің әлеуметтік құндылығы тәлімді де ізгілікті қоғам адамының маңыздылығымен өлшенеді. Тәлімнің адамилық (гуманистік) құндылығы әрбір жеке тұлғаның танымдық және рухани қажеттерінің даму мүмкіндіктерінен көрінеді. Біртұтас тәлім жүйесінің барша түрлері мен деңгейлерінде елдің ақыл-ес және рухани-инабаттық мүмкіндіктері жинақталып, даму жолына түседі;

— *мәдени қалыпқа енген жеке мінез-қылық және қимыл-әрекет үлгілері мен қоғамдық өмірдің бекіген формаларының ауысып (трансляция) баруы*. Тәлім және тәрбие барысын-

да адам өркениет дамуына қажет әрі мәдени-тарихи маңызы бар әлеуметтік-мәдени шарттарды игереді, атап айтсақ, олар: адамның әлеуметтік топтар мен өндірістегі, отбасы мен қоғамдық орындардағы, сонымен бірге ортақтасу, жеке тұлғалық және іскерлік қатынастардағы моральдық және ізгілік талап өлшемдері;

— *аймақтық жүйелер мен ұлттық салт-үрдістің даму әдісі*. Кейбір аудан тұрғындарының ерекшелігі педагогикалық міндеттерге өзіндік өң береді. Жастардың қала не ауылдың рухани өміріне енуі осы тәлімнің арнасында өтіп жатады. Аймақтық тәлім жүйесінде бұқара халық арасындағы әрқилы әлеуметтік топтардың сұраныстары ескеріледі;

— *тұғырлы мәдени құндылықтар мен қоғамның даму мақсаттарын бірден бірге өткізіп тұрушы және іске асырушы әлеуметтік институт* (ресми құрылым, мекеме). Әлеуметтік институттар жас ұрпақты бүгінгі қоғамда дербес жасауға мақсат бағдарлы дайындау жұмыстарын іске асырып барады;

— *тұлға мен қоғамдық өмірдегі мәдени ауысулар және қайта түрленудің белсенді үдеткіш күші*.

## 17-сұрақ

### Тәлім үдерісінің жүйелілігі

#### Жауап

Жүйе ретінде тәлім — бұл өзара ұштасқан тәлімдену бағдарламалары мен мемлекеттік тәлім стандартының жиынтығы, әрі оларды іске асырушы тәлім мекемелері мен тәрбиені басқару органдарының торабы.

Еліміздегі осы заманғы тәлімдену жүйесі Қазақстан Республикасының 1992 жылы қабылданған «Білім туралы» заңына сәйкес құрылады. Бұл заң тәлім саласындағы келесідей мемлекеттік саясат принциптерін белгілеп берді. Олар:

— тәлімнің адамилық (гуманистік) сипаты, жалпы адамзаттық құндылықтардың, адам өмірі мен салауаттылығының, тұлғаның еркін дамуы, азаматтық сезім және Отанға деген сүйіспеншілік тәрбиесінің басымдылығы принципі;

— аймақтық мәдени және тәлім кеңістіктерінің бірлігі, тәлім жүйесі арқылы көпұлтты мемлекет жағдайында ұлттық мәдени

құрылымдар мен аймақтық мәдени салт-үрдістерді қорғау принципі;

— жалпы халықтың тәлімге теңдей қол жеткізе алуы, тәлім жүйесін тәрбиеленушілердің даму деңгейлері мен ерекшеліктері және дайындығына икемдестіру принципі;

— мемлекеттік, жеке меншік тәлім мекемелеріндегі тәлімнің зайырлылық (светский) сипаты;

— тәлім жүйесіндегі еркіндік пен әрқилы пікірлер сиыстығы (плюрализм) принципі;

— тәлім басқарудың демократиялық, мемлекеттік-қоғамдық сипаты, тәлім мекемелерінің дербестігі принципі.

Заң өзіндік сипаттарымен, әсіресе, деңгейі және кәсіби бағыттарымен ажыралатын тәлім мекемелерінің құрылымын анықтап берді.

Қазіргі қалыптасып жатқан тәлім жүйесінде тәлім мекемелерінің төменде көрсетілген типтері белгіленген:

— мектепке дейінгі: ясли, балабақшалар;

— жалпы тәлімдік (бастауыш, негізгі, орта (толық): мектептер, гимназиялар, лицейлер, т.б.

— бастауыш кәсіби (училищелер), орта кәсіби (техникумдар, колледждер), жоғары кәсіби (институттар, университеттер, академиялар) және ЖОО-дан соңғы кәсіби (аспирантура және докторантура, курстар, біліктілік көтеру және қайта дайындау институттары) тәлім мекемелері;

— дамуында ауытқуы бар тәрбиеленушілерге арналған арнайы (түзету-коррекциялық) тәлім мекемелері; көруі мүкісті және зағиптар, естуі мүкісті және кереңдер, ақыл-ес дамуы кемістер, есі ауысқандар және т.б. мектептері;

— қосымша тәлім: ән-күй, өнер, спорт мектептері, шығармашылық орталықтары, жас техниктер мен туристер станциялары және т.б.;

— жетім балалар мен ата-ана қарауынсыз қалған балаларға арналған мекемелер: интернаттар, балалар үйі;

— тәлімдену үдерісін іске асырушы басқа да мекемелер.

Ұйымдасу-құқықтық формалары бойынша тәлім мекемелері мемлекеттік, аймақтық және мемлекеттік емес (жеке меншік, қоғамдық мекемелер мен діни ұжым тәлім орындары) болуы мүмкін.

Жеке тұлға қажеттері мен мүмкіндіктерін ескеруге орай әрқилы тәлім меңгеру формалары: тәлім орнына орай (күндізгі, күндізгі-сырттай (кешкі), сырттай тәлім формалары), отбасылық тәлім формасында: өзіндік тәлім, экстерн тәлімі болып бөлінеді.

ҚР «Білім туралы» заңына орай тәлім жүйесіне тәлім мекемелері мен олардың іске асырып баруы тиіс тәлімдік бағдарламалары және стандарттары кіреді. Бағдарламалар қажетті деңгейдегі және бағыттағы тәлім мазмұнын анықтайды. Қазақстан Республикасында жалпы тәлімдік (негізгі және қосымша) және кәсіптік (негізгі және қосымша) болып ажыралған жалпы және нақты тәлім бағдарламалары бойынша тәлім, тәлім үдерістері жүргізіледі.

Жалпы тәлімдік бағдарламалардың міндеті — тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіби тәлім бағдарламаларын саналы таңдау мен игеру негіздерін қалау.

Кәсіби (нақты) тәлім бағдарламалары кәсіби тәлімдік деңгейлерді бірізді көтеру міндеттерін іске асыруға, белгілі талаптарға сәйкес мамандар дайындауға бағытталады.

Осы заманғы тәлім жүйесінің аса бір көзге түсетін ерекшелігі — тәлім жүйесін басқарудың мемлекеттік формасының мемлекеттік-қоғамдық формаға біртіндеп ауысуы, мұндай басқарымның мәні — тәлім мәселесін мемлекет пен қоғам мүдделерін үйлестіре жасау үшін осы екі жүйенің бірлікті күш-қуат жұмсау қажеттігі.

Тәлімнің мемлекеттік сипатын елде ҚР «Білім туралы» заңына сай жүріп жатқан тәлім саласындағы біртекті мемлекеттік саясат айқындайды. Оның ұйымдасу негізі — нақты уақытқа арналған жоғары заң шығарушы билік қабылдаған тәлімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарлама мазмұны, бір жағынан, мемлекеттік саясаттың жалпы принциптерімен анықталса, екінші жағынан, замандық бағыт-бағдар және болашақ даму жағдайларын ескерумен тәлім жүйесіне жасалатын объективті талдаулар нәтижелерімен белгіленеді.

Тәлім-тәрбие кеңістігінде мемлекет саясатын бірізді асырып бару үшін мемлекеттің басқару — республикалық, облыстық, аудандық — органдары түзіледі. Елдегі басқару құрылымдары министрлік, облыстық тәлім департаменттері және аудандық тәлім бөлімдеріне бөлінген.

Тәлім жүйесін басқарудың мемлекеттік органдары құзырына төмендегідей міндеттер жүктеледі:

— тәлім бағдарламалары мен стандарттарын дайындау, стандарттар негізі тәлім бағдарламаларын міндетті тәлімнің ең аз педагогикалық ықшамдалған (минимум) көлемін, тәрбиеленушілерге арналған тәлім жүктемесінің ең жоғары (максимум)

ауқымын, түлектер дайындығына қойылатын талаптарды белгілейді;

— тәлім мекемелері мен тәлімгерлерді *аккредитациялайды* және *аттестациялайды*;

— тәлімдік құрылым бірліктерін қалыптастырады;

— тәлім мекемелері торабының дамуын қамтамасыз етеді және болжастырады;

— тәлім жүйесіндегі бюджеттік және қаржылық қызметтерде ҚР заңдарының орындалуын қадағалайды;

— бүгінгі таңда тәлім-тәрбиені басқару жүйесі бір орталыққа тәуелділігінен босатылған, яғни республикалық органдар дамудың стратегиялық бағыттарын береді де, ал жергілікті мекемелер нақты ұйымдастыру, қаржылық, мамандар және материалдық қамтамасыз ету мәселесін шешеді. Мемлекеттік басқару көздерімен бірқатар мұғалім мен тәлім ұжымдарының өкілдері, ата-аналар мен әлеумет белсенділерінен жасақталған қоғамдық басқару органдары да жұмыс алып барады.

## 18-сұрақ

### Тәлім — педагогикалық үдеріс

#### Жауап

*Тәлім* — бұл мұғалім мен шәкірттің субъект-объект, субъект-субъект қатынасының әрекет жолдарымен мақсатқа жетуді көздеген педагогикалық үдеріс жүрісі. Адамның тұлғалық дәрежеге жетуі, оның қоғам мұраттарына сай қалыптасуы педагогикалық үдерістен тыс іске асуы мүмкін емес.

*Педагогикалық үдеріс* осыдан тәлім ұсыну, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуге бағыттанып, арнайы ұйымдастырылған педагог пен тәрбиеленуші арасындағы өзара ықпалды қызметті аңдатады, яғни педагогикалық үдеріс — *бұл анайы тар мағынадағы тәлім мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету жолымен кең мәндегі тәрбиені іске асыруды көздеген біртұтас жүйе*.

Мәндік, мағыналық тұрғыдан педагогикалық үдеріс-әлеуметтік құбылыс. Педагогикалық үдерістің басты мақсаты — қоғамның әлеуметтік тапсырысын іске асыру, яғни өздеріне

жүктелген міндеттерді табысты шеше білетін адамдардың жан-жақты дайындығын қамтамасыз ету. Педагогикалық үдерісте мұғалім күшімен әлеуметтік тәжірибе ұсынылады, әрі ол шәкірт қажетсінумен белсенді игеріліп барады, бұл мақсат бағдарлы ұйымдастырылған іс-әрекеттер жәрдемімен, тәрбиелеуші және тәрбиеленушілер қарым-қатынасымен, шәкірттер санасына, еркі мен көңіл-күйіне жүйелі әсер етумен орындалып жатады.

Педагогикалық үдерістің ең алдымен көзге түсер, тілге алынған бірліктері — бұл *тәлім* және *тәрбие*. Осылардың арқасында тұлғаның тәлімділігі, тәрбиелілігі және дамуындағы іштей өзгеріс үдерістері іске асады. Өз кезегінде, тәлім және тәрбие үдерістері бір-біріне ұштасқан нақты іс-әрекет үдерістерінен құралады: *тәлім және тәрбие талаптарын ұқтырып, олардың орындалу жолдарын үйрету* және бұдан туындайтын *өзіндік тәрбие*.

Педагогикалық үдеріс атқаратын қызметтер түрі:

— ақпараттық (тәрбиеленушіні сауаттандыру);

— тәрбиелік (тәрбиеленушінің тұлғалық өзгеріске келуі);

— дамытушылық (тәрбиеленушінің жан-жақты кемелденуі);

— аксиологиялық (тәрбиеленушінің құндылық сезіну бағдары, заттар мен құбылыстарға болған қатынастарын қалыптастыру);

— әлеуметтік икемдістіру (тәрбиеленушіні нақты өмір жағдайларына бейімдеу).

Педагогикалық үдерістің құрылымы екі тұрғыдан қарастырылады:

1) Педагогикалық үдеріске қатысушылардың субъекттік құрамы;

2) Іс-әрекеттік құрамы.

Педагогикалық үдерістің *субъекттері* — тәрбиеленуші және тәрбиеленушілер. Бұлардың құрамы сан қилы. Мысалы, тәрбиеленушілер қатарында алты жастан алпыс жасқа дейінгі сәбилер мен қариялар; ал тәрбиелеушілер сапында ата-аналарды, кәсіби педагогтарды тікелей тәрбиеші субъекттер деп білсек, бұқаралық ақпарат құралдарын, салт-үрдіс, дін, тіл, табиғат және с.с. балаға ықпал жасайтын барша әлеуметтік-қоғамдық құбылыстардың бәрін жанама да, тікелей де тәрбиеші деп танығанымыз жөн.

Педагогикалық үдеріс субъекттерінің өзара байланысты іс-әрекеттерінің соңғы нәтижесі — тәрбиеленушілердің адамзат жинақтаған тәжірибені игеруі.

Педагогикалық үдерістің *іс-әрекеттік (үдерістік) құрылымында* төмендегідей бірліктер ажыралыды:

— педагогикалық үдеріс қозғалысы (динамика), педагогикалық үдерістегі кейінгі өзгерістердің мөлшері алдағы кезеңдердің өзгерістер өлшеміне тәуелді. Қолға түскен жетістіктер неғұрлым жоғары болса, нәтиже де соғұрлым салмақты келеді. Бұдан шығатын қорытынды — педагогикалық үдеріс педагог пен тәрбиеленуші арасындағы дамып барушы ықпалдастық ретінде бірізді «сатылық» сипатқа ие. Осы заңдылық салдары: аралық нәтижесі жақсы болған тәрбиеленушінің жалпы жетістіктері де жоғарылау көрсеткіштерге ие болады;

— педагогикалық үдерісте тұлғаның дамуы — педагогикалық үдеріс, тұлға дамуының арқауы. Тұлғаның даму қарқыны мен жетілген деңгейі нәсілділікке, тәрбие және тәлім ортасына, тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерге жегілуіне, қолданымдағы педагогикалық ықпал жабдықтары мен тәсілдеріне тәуелді;

— тәлім-тәрбие үдерісін басқару, педагогикалық үдерістің тиімділігі тәрбиеленушілер мен тәрбиешілердің арасындағы кері байланыстың жеделдігіне, сондай-ақ тәрбиеленушілерге жасалған реттеуші ықпал-әсердің шамасы, сипаты және негізділігіне орайлас келеді;

— ынталандыру. Педагогикалық үдерістің өнімді болуы тәлім-тәрбие қызметтерінің ішкі ықпалдарына (стимулдарына) және сыртқы (қоғамдық-педагогикалық, моральдық, материалдық) және т. б. ықпалдардың әсеріне байланысты болады;

— педагогикалық үдерістегі сезімдік, қисындық және іс-тәжірибелік бөліктердің бірлікті тәлім-тәрбиелік ықпаланың тиімділігі сезімдік қабылдау, қабылдағанды қисынды талдау, тоқығанды іс-тәжірибеде қолдана білу шарттарына тәуелді;

— сыртқы (педагогикалық) және ішкі (танымдық) іс-әрекеттің бірлігі. Педагогикалық ықпал нәтижелілігі педагог қызметінің сапасына қалай байланысты болса, тәрбиеленушінің өзіндік тәлім, танымдық іс-әрекеттерінің сапасына да соншалықты тәуелді келеді;

— педагогикалық үдерістің себептілік негізінің болуы. Тәлім-тәрбие үдерісінің жүрісі мен нәтижесін алдын ала анықтап отыратын жағдаят-қажеттілік, сондай-ақ тұлға мен қоғам мүмкіндіктері (материалдық-техникалық, экономикалық және т.б.), үдерістің орындалу (моральдық-психологиялық, санитар-гигиеналық және т.б.) шарттары.

Жоғарыда аталған және басқа да заңдылықтар негізінде педагогикалық үдеріс принциптері (яғни, кейбір ереже, ұсыныстарға орай) нақтыланып баратын тәлім мен тәрбиеге бастау, жетекші талаптар анықталады.

Қай педагогикалық үдеріс болмасын, өз дамуының белгілі бірізділігіне сәйкес кезеңдерге бөлінеді. Олар:

- дайындық кезеңі;
- орындау (негізгі) кезеңі;
- нәтижелер талдауы (қорытынды) кезеңі.

## 19-сұрақ

---

### Қазіргі заман тәлім-тәрбие жүйесін реформалаудың негізгі бағыттары

#### Жауап

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында әлем қауымдастығының басқа да елдеріндегідей тәлім жүйесін жаңарту және дамыту мақсаттарында ұлан ғайыр реформалау шаралары қолға алынып жатыр. Осы заманның тәлім жүйесін реформалаудың басты бағыттары төмендегідей:

- тәлімді адамиластыру (гуманизациялау);
- тәлімді үздіксіз жүргізу бағыт-бағдары;
- тәлім-тәрбие технологиясындағы пәнаралық бірігім-байланыстарды (интеграция) іске асыру;
- тәлім үдерісін компьютерлендіру және технологияландыру;
- тәлім ұсынудың ақпараттандыру формасынан проблемдік, ғылыми ізденіс, тәрбиеленушілердің өзіндік жұмыстарын кең қамтитын тәлімдік белсенді әдістері мен формаларына өту;
- тәлім желісінде мұғалімнің оқыту жұмыстарынан гөрі, шәкірттердің танымдық ұғу, үйрену, іс-әрекеттеріне көбірек мән беру;

— таным үдерісін ұйымдастыру мен сол үдерісті басқаруда жоспарлы қадағалау, қатаң бағдарластыру тәсілдері орнына шәкірттің дамытушылығын, белсенділігін көтеру, жеделдестіру мүмкіндіктерін мейлінше тиімді пайдалану;

— тәлімгердің дамытушылық және азаматтық баулу қызметтерін назарда ұстау. Қазақстан мектебінің 2005—2010 жылдардағы даму бағдарламаларында белгіленген аса маңызды мәселе — азаматтық, дербестік, жеке жауапкершілік, қоғамға қызмет ету құндылығын түсіну, демократиялық қоғам құру мәселелерін шешуде ынтымақ сезімін тәрбиелеу.



Қазақстанның тәлім-тәрбие кеңістігінде қалыптасып жатқан осы заман тәлімін реформалау бағыттары жалпы әлемдік бағдармен үндес келіп, іске асырылуда.

## 20-сұрақ

### Тәрбие — арнайы ұйымдастырылған қызмет

#### Жауап

Тәрбие түсінігі — мағыналық жағынан кең ауқымды категория. Мысалы, жоғарыда тәрбиені өсіп келе жатқан әулетті тұрмысқа дайындау деп анықтағанбыз. Ал, бұл дайындықты арнайы ұйымдастырылған тәрбие қызметінің барысында іске асыруға болады, сонымен бірге ол балалардың күнделікті үлкендермен араласа жүріп, тұрмыстық іс-әрекетке үйренуімен де орындалуы мүмкін. Бірақ, аталған екі жағдайдағы тәрбиелік әрекеттердің әртүрлі мағынаға ие болатыны сөзсіз. «**Қоршаған орта тәрбиеледі**», «**Отбасының тәрбие жемісі**», «**Мектеп тәрбиесі адам қылды**» деп, нақтылап айтатын болсақ, онда бұл бір мақсатты сияқты әрекеттердің өзара теңгерілмейтінін байқаймыз. «Қоршаған орта тәрбиеледі» немесе «Отбасы тұрмысы тәрбиеледі» деумен жеке адам дамуы мен қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық жағдайлардың күнделікті жоспарсыз, мақсатты бағдары болмаған ықпалын түсінеміз. Ал енді «мектеп тәрбиесі» десек, әңгіме басқаша, бұл ретте арнайы ұйымдастырылған және саналы іске асырылатын тәрбиелік қызметті білеміз. К. Д. Ушинский: «Педагогикадағы тәрбие — алдын ала ниеттелген және арнайы ұйымдастырылған педагогикалық үдеріс» деп тұжырымдаған.

Тәрбие мәнін дәлірек топшылауда американ психологы және педагог **Эдвард Ли Торндайк** былай деген еді: «Тәрбие сөзіне әркім әртүрлі мағына береді, бірақ ол қашанда **өзгеріс** дегенді аңдатады. Егер біреуді өзгеріске келтіре алмасақ, біз оны тәрбиелемегеніміз». Ал енді осы өзгерістер жеке адам дамуында қалай көрінеді? Бұл сұраққа жауап берген, **К. Маркс** «Адамның қоғамдық тұлға ретінде дамуы мен қалыптасуы адамзаттық болмысты игеру жолымен іске асады» деген еді. Бұл тұрғыдан тәрбиені өсіп келе жатқан әулеттің адамзаттық болмысты игеруге пайдаланатын құрал-жабдығы деп білу қажет.

Ал, енді осы болмыстың өзі не және оны игеру қалай өтеді? **Адамзаттық болмыс** дегеніміз адамдардың көптеген ұрпағының еңбегі және жасампаздық ұмтылысынан туындаған **қоғамдық тәжірибе**. Бұл тәжірибе өз ішінде келесі құрылым бірліктерін қамтиды: 1) *адамдардың табиғат, қоғам және өзі жөнінде жасаған білімдерінің жиынтығы;* 2) *еңбектің әрқилы саласында қажет ептіліктер мен дағдылар және шығармашылық іс-әрекет әдістері;* 3) *әлеуметтік, рухани қатынастар.*

Аталған тәжірибе көп ұрпақтың еңбегі және шығармашылық күшімен жасалатындықтан, білімдер де, тұрмыстық ептіліктер мен дағдылар да, сондай-ақ ғылыми және көркемдік туындылар мен рухани-әлеуметтік қатынастар да адамдардың әртүрлі танымдық, көркем шығармашылық, әлеуметтік және рухани қызметінің нәтижелерінен қалыптасады. Енді осы тәжірибені өз «игілігіне» айналдырып, «меншіктеп» алу үшін жана әулет қайтадан бұл «затты» ақыл-саналық сипатқа келтіруі тиіс, яғни қай формада болмасын оны жасауға бағышталған іс-әрекетті (еңбектік, танымдық, әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық) шығармашылықпен көркейте, байыта отырып, қайта жаңғыртып, бұрынғыдан да дамыңқыраған түрде өзінен кейінгі ұрпаққа жеткізуге борышты. Тек **өз қызметінің күшімен, шығармашылық ұмтылысымен ғана адам қоғамдық тәжірибені және оның құрылымдық бірліктерін игеруі мүмкін**. Осыдан тәрбиенің негізгі қызметі — жас адамды қоғамдық тәжірибенің әр **тарапын заттықтан саналылыққа айналдыру** ісіне жұмылдырып, өткен тәжірибені өзі қайтадан жаңғыртып, осылайша өз бойында қоғамдық сапалар мен қасиеттерді өзі баулуына, яғни оның тұлғалық сатыға көтерілуіне көмектесу. Бұдан тәрбиенің терең астарлы күші үгіт-насихаттық құрғақ сөзбен жас адамды дерексіз іске бағдарлауға емес, ал оның өзін, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын қоғамдық тәжірибенің әр түрлі тарапын игеруге, пайдалы қызметке косуда.

Педагогика үшін және бір маңыздысы — тұлғалық даму адамды тәжірибе игеру қызметіне қосумен ғана шектелмейді, ең бастысы, оның сол сәттегі **іс белсенділігіне, оның бағыт-бағдарына, яғни еңбекке деген қатынасына** байланысты.

Тұлға дамуы үшін оның ұйымдастырылған іс-әрекеттегі **белсенділігінің бағыт-бағдар сипаты** да біршама маңызға ие. Мысалы, сынып пен мектептің жалпы табысы еңбектегі белсенділік пен өзара **байланысқан көмек** болуы мүмкін. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында әрдайым шәкірттердің белсенділігіне жол



бере отырып, оларда сол қызметке деген ұнамды және шынайы адамгершілік қатынас қалыптастыру қажет.

Келтірілген пікірлер, біздіңше, тәрбиенің мәнін жеткілікті, әрі түсінікті де ашып, оған ғылыми анықтама беруге негіз болуы мүмкін. Сонымен, **тәрбие — бұл жеке адамның қоғамдық тәжірибені** (білімді, ептіліктер мен дағдыларды, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін, әлеуметтік және рухани қатынастарды) **игеру үшін бағытталған белсенді іс-әрекетін қолдап, қуаттаушы, әрі ұйымдастырушы мақсат бағдарлы, әрі саналы орындалатын педагогикалық үдеріс.**

К. Д. Ушинский ескерткендей, тәрбие заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан тану өте қажет. Себебі, оның айтуынша, педагогикалық ережелерді қарадүрсін жаттау ешбір пайда бермейді. Сол ережелерді туындататын ғылыми негіздерді зерттеу — міндетті іс. Ұлы педагогтың кеңесі: **басқарылуы қажет болған психикалық құбылыстардың заңдарын ашып, өз іс-әрекетінді сол заңдарға және оларды қолданатын жағдайларға орайластырған жөн.** Тәрбиенің астарлы, терең заңдылықтарын білместен, оны жетілдіруге ұмтылудың өзі бос әрекет. Өмір шындығы заңдылықтары мен жеке адамның дамуы және кемелденуіндегі қайшылықтарды тану ғана белгілі бір дәуір тәрбиесіндегі күнделікті шараларды іске асырудың және сол үдерісті ғылыми тұрғыдан басқарудың теориялық-әдіснамалық негізін бере алады.

Сонымен, **тәрбие заңдылықтары** деген не? Бұл түсініктің мәні: **орындалуы жеке адам дамуы мен қалыптасуында тиімді нәтижеге жеткізетін тәрбиелік үдерістегі орнықты, қайталанып отыратын қажетті байланыстар.** Мұндай заңдылықтарды біле отырып, тәрбие жұмыстарын алдын ала болжауға және ол іске терең мазмұндық, әрі әдістемелік мән-бағдар беруге болады.

## 21-сұрақ

---

### Тәрбие мақсаты және міндеттері

#### Жауап

Педагогтың кәсіби қызметі адамның барша іс-әрекетіндегідей мақсат қоядан басталады. Педагогтың балалармен жүргізіп

жатқан ісінде мақсат болмаса, ол істі кәсіпқой маманның жұмысы деп бағалауға болмайды, оны әншейін бір әрекет, тәрбиелік үдеріспен ешбір байланысы жоқ, жәй белсенділік деп түсіну керек. Мақсатты сезіну әрқандай іс-әрекетке қуат береді. Ұлы да шапағатты мақсат адамның бар шығармашылық күшіне қанат беріп, оны өрістете түседі. Мақсатқа жету адам бақытының негізі болған терең де толық қанағаттанушылық тудырады.

**Тәрбие мақсаты** — педагогика ғылымының өзекті категориясы. Оны нақтылау, жобалау, дайындау — педагогикалық тұжырымдар жасаудың арқауы.

Кейде педагог балалармен тәлім жұмыстарын нақты айқындалған мақсатсыз-ақ орындаған сияқты болады. Бірақ, сол бағыт-бағдарсыз бастаған ісінде қаншалықты сарсаңға түсіп, онды-солды ұрынғанын нәтижеге жете алмай шаршап-шалдыққанда бір-ақ түсінеді. Егер түсінсе! Шынында да, күнделікті мектептегі педагогикалық тәрбиеде, болмыс көрсеткендей, мақсат мәселесі өте нашар шешілуде, кейде ол тіпті естен шығарылады, осыдан «мақсатсыз тәрбие», яғни жол-жөнекей, кездейсоқ ықпал-етек алған құбылыс. Осының салдарынан педагогтың кәсіби қызметінің өнімі жоқтың қасы, балалар мен ұстаздардың шығармашылық мүмкіншіліктері іске қосылмайды, ал кәсіпқой іскер не істерін білмей, ақырында түңіледі, жұмысынан қанағаттанушылық рахат көрмейді. Тәрбиелік істің мұндай келеңсіз жағдайларының объективті себептері мақсаттың әлеуметтік-психологиялық табиғатынан туындайтынын түсіне білу қажет. Сонымен, **мақсат — субъект санасында оның қоршаған ортамен өзара ықпал байланысынан туындайтын әрекеттің нәтижесі туралы ой болжамы.** Демек, мақсат — жағдайлар себепті пайда болуынан, нақты болмыстан алынатындықтан, **объективті** құбылыс. Мысалы, өмірінде домбыра ұстап, оның үніне зер салмаған педагог балаға музыкалық тәрбие беруі мүмкін емес, т.б.

Мақсат объективті себептерден бастау алумен бірге, **субъективтік** те категория, себебі сана туындысы, ол адам ойында пайда болып, әр нақты тұлғаның сана-сезімдік ерекшеліктерінің көрінісін береді. Ертедегі латындар айтқандай: **«Екі адам зат жөнінде бір әңгіме айтуы мүмкін, бірақ бірінің әңгімесі екіншісіне ұқсамас».** Бір мақсатты жалау еткен педагогтар, сол мақсаттың өзін әртүрлі баламада түсінеді, себебі олардың әрқайсысы кәсіби әрекеттің нәтижесіне өз сана деңгейінен баға береді. Сондықтан, мақсат болжау мәселесі — тәрбиелі адамның мұратты бейнесінің дараланған саналардағы көптеген балама-

ларын қамтыған мақсаттың мүмкіндігінше нұсқасын анықтау — байсалды зердемен қоса, көп уақыт та, мамандық күш салуды да талап етеді. Адам өзіне ықпал етуші объективті және субъективті әсерлердің нәтижесінде өмір бойы қалыптасады. Бірақ, педагогикалық жүйелер (мектепке дейінгі, мектептік, мектептен соңғы) жеке адамның қалыптасу деңгейі мен сапаларын нақты көрсететін өзінің уақыттық шектеріне ие болғандықтан, әр саты аяғындағы тәрбиелік нәтижелер жөнінде сөз қозғау мүмкін.

Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мақсаты — кең әлеумет пен ғылымның араласуымен тек мемлекет белгілейтін **педагогикалық саясаттың** басты құрылым бірлігі. Жарияланатын тәрбиелік мақсаттардың экономикалық, құқықтық және ұйымдастыру шарттарын қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті. Былайша айтқанда, құқық негізінде бекіген тәрбие мақсатының іске асуына қоғамның бар мүмкіндіктері бағытталуы қажет, әлбетте, бұған да тиісті бақылау қажет.

Тәрбие мақсатының мазмұны неде, ол қалай айқындалады?

Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мақсатының мазмұны қоғамның өркениеттілігіне, оның демократиялық сипатына, экономикалық мүмкіндігіне, педагогикалық жүйелер дамуын болжастыратын және нақты жағдайларды үйлестіріп отыратын мекемелеріне байланысты.

Мақсаттың жалпыланған сипаты жағдайлардың әртүрлі көрініске енуіне тәуелсіз оның іске асып отыруын қамтамасыз етеді.

Мақсат әрекеті адамның **саналық** (идеялық) **өнімі** болғандықтан, өте құбылмалы, тез өзгеріске түседі, себебі ол үздіксіз ауыспалы дүниемен, сонымен бірге өзгерістегі тұлғамен де әрекеттік-қозғалмалы байланыста болады. Тәжірибе, білім, оқиға, т.б. адамды байытып отырады, бірақ құбылмалы сана иесі — субъект сол байлыққа жету жолында өзінің де өзгеріп жатқанын байқай бермейді, не оған тіпті мән бермейді. Мысалы, педагог кеше де, бүгін де өзін бір мақсат ұстағандай сезінеді, ал сырттан қарағанға, оның кәсіби педагогикалық ісінде өзгерістердің болғаны айдан анық байқалады. Өмірдің өтпелі-ауыспалылығы мақсаттың да бір қалыпта өзгеріссіз қалмауына ықпал жасайды.

Мақсаттың **өзгермелі қозғалысы** педагогикалық үдерісте өте айқын көрінеді. Себебі, баланың сыныптан сыныпқа карай, жастан жасқа дамып өзгеруі қас қағымдай, сондықтан өсіп келе жатқан жеке адамның әлеуметтік-психологиялық жаңа құрылымдары бір мақсаттың ысырылып, орнына екіншісінің қойылуы табиғи талаптар дамуының нәтижесі болып есептеледі.

Ал, соңғы нәтижесі көздеген жалпыланған сипатты мақсат жастық өзгерістер байланыстылығын сақтап, «тәрбиелі адамның» жеке бейнесін баламаластырып қарауға, айқындауға мүмкіндік береді.

Момын да, айдағанға көнгіш бастауыш сынып оқушысы да, тынымсыз, беймаза жасөспірім де, менменсінген «данагөй» жоғары сынып шәкірті де — бәрі де мұғалім бастаған бір даму жолын басып өтеді, әңгіме сол жолдың кең болып, күтілген жеке адамдық әртүрлілікті сыйғыза алуында. Осы мысалда көптеген әр жас деңгейіне байланысты күтілген нәтиже — нақты мақсатқа байланысты 6 жастағы балаусаның мектеп жолын түгелдей басып, 17 жасында жетілетін нәтижесі — жалпы мақсат өнімі.

Мақсаттың **қозғалмалылығы мен ауыспалылығы** оның ешқашан шектелмейтінін көрсетеді. Мақсатты, көркемдеп айтсақ, жақындаған сайын, алыстай түсетін жұлдызбен теңестірген жөн. Мақсаттың бітуі — рухани не заттай жойылу деген сөз. Мақсат өзін белгілейтін субъект — адаммен бірге дамып отырады, себебі ол сол субъектіде жасалады, сондықтан да субъектінің өрлеуімен мақсат та жоғарылай бастайды. Өссем деген кәсіпкерге тән қасиет: көңіл толмау, күйзелу, аласұру; ал тоқтаған кәсіп иесі — мәңгі тыныштықтағы өлі жан.

Сонымен, мақсат өз қызметін атқару үшін жалпы сипатқа ие болуы тиіс. Сонда ғана тәрбие мақсатының жалпы тәрбие үдерісіне байланысы нақ көрінеді: мақсат — бастау көзі, педагогтың кәсіби қызметінің бірінші бөлігі. Сұлба түрінде бұл былайша сипатталады: тәрбие мақсаты → тәрбие үдерісі → тәрбие нәтижесі.

Бұдан туындайтын ой — мақсат тәрбие үдерісінің мазмұнын айқындайды, мақсат тәрбие нәтижесіне негіз болады, мақсат — педагогтың кәсіби іс-әрекетінің баға-өлшемі, мақсат — педагог санасының үздіксіз айналымда жүретін ой нысаны. Бұған қосымша, тәрбие жүйесі толығымен мақсатқа тәуелді, оған орай өз мән-мағынасына ие болады.

Мақсат категориясына қарама-қарсы категория — арман. Екеуінің бір-біріне ортақ ұқсастығы олардың санада туындап, әрі жасайтын идеялық бейне болуында. Ал, айырмашылығы — осы бейнеге субъект қатынасының әртүрлілігі.

**Арман** — елестің немесе қиялдың субъектіге берер біршама қанағаттану сезімі. Арман адамды шындық болмыстан алшақтатады.

**Мақсат** — бұл да бейне, бірақ онан келетін қанағаттану тек ішкі қабылдаудан емес, сол **бейнені іс-әрекетке қосып**

**шындыққа айналдырудан.** Бұл бейне субъектті белсенді әрекетке бағыттайды, ықпал жасайды. Бұл арада бейне-нәтиже тек іштей қызығу үшін емес, нақты жетістік үшін қажет.

Арман субъекттің енжарлығынан келіп шығады, әркетсіздікке байланысты, ал **мақсат — іс-әрекет, белсенді қызметтің бастау көзі.**

Бірақ, өзіміз жасап отырған, қарама-қайшылығы қабысқан барша дүниеміздегідей бұл екі шекті құбылыс — арман мен мақсат өзара тығыз байланысқан. Арман — мақсат түзу үшін негіз, арман — мақсаттарды қайта қарастырып, үйлестіріп отыруға ықпал. Мақсат та өз кезегінде жаңа мақсатқа жетелейтін жаңа арманға жол ашады. Мақсатқа жетудің жолы түп-тура болмақ емес, ол үшін талай міндеттерді іске асыру қажеттіліктері туындайды.

**Міндет** — бұл мақсатқа жету жолдарындағы бір саты, орындалуы қажет нәтиженің бір бөлігі, осы бөлік өзінің іс-әрекеттік бітімін таппаса, жалпы нәтиже де жоқ. Міндет мақсаттың өзін құрайтын бөлшектерге келуінен пайда болады. Кейін сол бөлшектердің бәрі бірігіп, іс-әрекеттің жалпы нәтижесін алуға жұмсалады. Іс-әрекеттің барысында субъект, әдетте, мақсат жөнінде ойламайды, оның есінде тек міндеттері, өз іс-әрекетін сол міндеттердің кезегімен шешілуі деп біледі.

Мақсаттың **ұмыт болуы** — жалпы бағыттың жойылуына әкеледі, ендеше, міндеттер де тактикалық бағдар ретінде өз маңызын жояды.

**Мақсат болжау** — мақсат пен міндеттердің өзара байланысын тану нәтижесі.

Міндет — мақсаттың бір бөлігі, құрылым бірлігі. Міндет көрер көзге дербес, өз алдына жасағанымен, мақсат бағытында орындалып барады. Мысалы, педагог баланы күнделікті адамгершілікке баули отырып, қоғам азаматын тәрбиелеу бағдарындағы мақсатты мүлде естен шығармауы тиіс, **«Өмірдегі адамның тұлғалық мазмұны оның әр секунд, минут, сағаттағы белсенді тіршілігіне тәуелді»**, деген философиялық тұжырымды бетке ұстау лазым.

Кәсіптік еңбектің ажырамас бөлігі ретінде мақсат болжау мұғалімнің, жоғары оқу орны оқытушысының қызметінің құрамды бөлігі. Осыдан, ертең ұстаздық іске араласамын деген студент мақсат болжау мәселесінің ғылыми мағынасын, педагогикалық қызмет құрылымындағы мақсат болжаудың мәні мен мақсаттың орны және маңызын, мақсаттарды әртүрлі негізде сараптауды жете түсініп, игеруі міндетті.

Әрбір **міндет өзінің орындалуы** сәтінде субъект үшін нақты бір мақсатқа айналады да, ол мақсат өз кезегінде төменірек деңгейдегі жаңа міндеттерді жүзеге әкеледі. Педагог жалпы мақсат бағдарын жаздырмай отырып, таңғажайып үздіксіз міндетке, міндеттің мақсатқа өзгерісі мен ауысу аймағына тап болды. Осыдан да педагогикалық тәжірибеде түсініспестік орын алып келе жатыр: нені мақсат, нені міндет деп танимыз?

Егер тәрбие мақсатының жалпылығы сақталса, онда педагогтың қадам сайын алға қойып, әр сәт сайын шешіп отыратын әрекетінің бәрі — міндеттер. Жалпы мақсаттық бағдар назардан ғайып болып, педагог бір міндет бағытында жұмыс істеп, ойлай бастағаннан, дәл осы міндет мақсат мазмұнына ие болып, өзіне қажетті ендігі міндеттерге ие болады.

Міне, осыдан педагогикалық сөздікте «Тәрбиенің мақсаты мен міндеті», «Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері» тіркестерін жиі кездестіреміз. Бұлардың бірін таңдауымыз белгілі мақсаттың жалпы бағдарына байланысты, бір жағдайдың өзінде мақсаттық мәнге де, міндеттік мәнге де ие бола беретінінен. Мысалы, мұғалім сабақты дайындауда нақты сабақ «мақсатын» белгілейді, ал енді осы мақсаттың өзі жалпы тәрбие мақсатының міндеті болып шыға келеді. Сондықтан, дайындалып жатқан сабақ келесі аталған көп «міндеттің» орындалуы құралына айналады: мәдени, саясат бойынша жасау қабілетін қалыптастыру, адам бола білу қабілетін жетілдіру, әлеуметтік қатынастарға араласа алу қабілетін түзу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, өмірлік бағыт қалыптастырып, өз тіршілігінің мазмұнын реттей алу қабілетін орнықтыру; тұрмыстық міндеттерге дайындау: өмірлік еңбекке дайындық, отбасылық өмірге дайындық, бос уақытын мазмұнды өткізуге дайындау, өзін шығармашылықпен баулуға дайындау.

## 22-сұрақ

---

### Тәрбие үдерісінің ерекшеліктері

#### Жауап

Тәрбие үдерісі — бұл сырттай мақсатты, әрі бағдарлы ықпал мен тұлғаның өзіндік тәрбиесімен кіріге орындалатын тұлға қалыптастыру, дамыту әрекеттерінің жүйісі.

Тәрбие үдерісі — бұл өзара байланыстағы ұдайы дамып отыратын тәрбиелеу жүйесінің тізбегі, мұндағы әрбір тізбек алдыңғы нәтижелер есебінен құралады. Бұл түсінік бойынша тәрбие үдерісі өзіндік даму жүйесі ретінде қарастырылады және оның бірлігі болып дамыту, тәрбиелеу жағдайы (тәрбие ісі) есептеледі. Мұнда тәрбиеленушілер, тәрбие іс-әрекеті, тәрбиеші, оның тәрбиеленушілерімен өзара әрекеті ғана дамып қоймай, келешек күрделі жүйе болып қалыптасушы біртұтас нысан-тұлғаны дамытады.

Тәрбие үдерісі көпқырлы, бірі бірінен басым келген, тұрақты, **өзін-өзі басқару** сияқты қасиеттерімен сипатталады.

Тәрбие үдерісінде мазмұндық және әрекетшендік жақтары анықталады. Бұлардың бірлігі тек тәрбие іске асатын нақты жағдайлар төңірегінен шығуға мүмкіндік беретін жоғары дәрежедегі жалпылау арқылы жасалады. Оқу пәні, мұғалімнің, сынып жетекшісінің, ұжымның тәрбиелік іс-әрекеті — бұлардың бәрі тәрбие үдерісінің бірліктері болып табылады. Бұлардың астарындағы тұтастықты көру үшін педагогикалық дерексіздікке (абстракциялауға) өту қажет. Дерексіздікке жеткілікті көтерілудің дәрежесі — тәрбиелеу теориясының аса маңызды әдіснамалық тұғырын сезе білу. Өйткені, төмен дәрежедегі оймен тәрбие үдерісі тексеріле алмайды, ал әсіре асқақ болса, шындықтан алшақтау қаупі туады.

Біртұтас педагогикалық үдерісте тәрбие ерекше орын алады. Бұл үдерістің орны мен рөлі тұлға қалыптастыру үдерісі құрылымында тез байқалады. Тұлға қалыптастыру басқарушы, бақылаушы тұтастығында, яғни адамдардың саналы ниетпен, алдын-ала белгіленген жоспар және міндеттерге сәйкес әрекет жасаған біртұтас ортасында іске асырылады. Тәрбие бұл тұлғаны мақсат-бағдарлы қалыптастыру үдерісі. Сонымен қоса, ол қоғамға қажетті, әрі пайдалы тұлға қалыптастыру мақсатындағы тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің ұйымдасқан, басқарылған, бақыланып, бірлескен өзара әрекеті. Тәрбие үдерісі — бұл белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің нақты, белсенді **бірлескен әрекеті**.

Тәрбие үдерісінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен бұл үдеріс мақсат-бағдарлы болып табылады. Оны ұйымдастыруда мейлінше белсенділікке жеткізетіні — тәрбие мақсатының тәрбиеленушіге жақын, әрі түсінікті мақсатқа айналуы. Нақты мақсаттардың бірлігі мен оған жетудегі субъекттердің өзара байланысы тәрбиелеу үдерісінің басты сипаты.

**Тәрбие — жағдаятты үдеріс.** Ондағы сан қилы объективті, субъективті әрекеттер бұл үдерістің өте күрделі екенін байқатады. Субъективті жағдаяттар тұлғаның ішкі қажеттіліктерін білдіріп, тұлға қалыптасып, өмір сүретін объективті жағдайлармен біріге, тәрбие міндеттерінің табысты шешілуіне көмектеседі. Ұйымдастырылған тәрбие іс-әрекеті мен объективті жағдайлардың мазмұны мен бағыты қаншалықты сәйкес келсе, жеке тұлғаның қалыптасуы да соншалықты табысты болады. Бұл үдерісті басқарушы **тәрбиеші қызметі** объективті заңдылықтармен шектелмейді. Бұл қызмет тәрбиеші тұлғаның өзіндік бейнесін, даралық қасиеттерін, мінез-құлқын, тәрбиеленушілерге қатынасын білдіретін өнер ретінде танылады. Тұлға әртүрлі әсерлердің ықпалына түседі, жағымды тәжірибе ғана емес, түзетуді қажет ететін жағымсыз тәжірибені де қамтиды. Тәрбие үдерісінің қиындығы, оның өзгерісті, динамикалық, қозғалмалы болуымен байланысты.

Тәрбие үдерісі өзінің **ұзақтылығымен** ерекшеленеді. Негізінен ол өмір бойы созылады. К. Гельвеций жазғандай: «Мен үйренуді әлі жалғастырудамын, менің тәрбием әлі біткен жоқ. Ол қашан бітеді? Менің оған тек өлген соң мүмкіндігім болмайды. Менің бар ғұмырым ұзақ тәрбиеден тұрады».

Тәрбие үдерісінің тағы бір ерекшелігі — оның **үзіліссіз болуы**. Мектептік тәрбие үдерісі — бұл тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара жүйелі, үздіксіз әрекеттестігі. Жеке бір ғана «іс-шара» шәкірттің мінез-құлқын шұғыл өзгертеді деушілер қателеседі. Қай тәрбие жұмысының да белгілі бір мақсатты белгіленген жүйесі қажет. Егер тәрбие үдерісі үзіліп қалса, онда тәрбиеші бала есіне жаңадан «із» салуы керек және оны тұрақты әдетке айналдыруы шарт.

Тәрбие үдерісі — **кешенді құбылыс**, ол тәрбиелік жұмыстардың мақсаты, мазмұны, формалары мен әдістерінің бірлігін білдіреді. Тұлғаның сапалы қалыптасуы кезеңдерімен іске асып бармайды, бір уақытта болатындықтан педагогикалық ықпал кешенді сипатта болады. Қалыптасу кезінде бір қасиеттер екінші қасиеттердің дамуына ыңғайлы әсер етіп отырады.

Тәрбие үдерісінің мұндай сипаты бірқатар маңызды педагогикалық талаптардың ұстанымын, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасындағы өзара әрекеттестіктің мұқият ұйымдастырылуын талап етеді.

Тәрбие үдерісінде нәтижелердің **бірмәнді** және **анық болмауы** да өз алдына құбылыс. Жағдайлар бірдей болғанда да нәтижелер



бөлектеніп тұрады. Мұның өзі субъективті шарттарға байланысты: тәрбиеленушілердің жеке өзгешеліктерінің көптігі, олардың әлеуметтік жағдайы, тәрбиеге деген қатынастары. Сонымен бірге, тәрбиешілер дайындығының кәсіптік деңгейі мен олардың үдерісті басқару шеберлігі де осы үдерістің іске асып, жақсы нәтижелер беруіне үлкен ықпал жасайды.

Тәрбие үдерісі *екі жақты* сипатымен ерекшеленеді. Олар тәрбиешіден тәрбиеленушіге (тікелей) байланыс және тәрбиеленушіден тәрбиешіге қарай (кері) байланыс. Үдерісті басқару негізінен кері байланыс арқылы құрылады, яғни тәрбиеленушілерден түсетін ақпараттар арқылы орындалады. Осы кері байланысты тәрбиеші неғұрлым көп пайдаланса, соғұрлым тәрбиелік әсер де жоғары болады.

## 23-сұрақ

---

### Тәрбиеші тұлғасы

#### Жауап

Тәрбиенің ең маңызды субъективті жағдаяты — бұл **тәрбиеші тұлғасы**. Адам жанының кейбір нәзік тұстарын, тәрбие үдерісімен ілесе жүретін мыңдаған үлкенді-кішілі өзара ықпал-әрекеттерді қамтудың мүмкіншілігі аз. Мұндайда пәрменді тәрбиенің аса маңызды шарты — **тәрбиеші тұлғасы**.

Қазіргі заман тәрбиелеу үдерісіндегі тәрбиешінің рөлі тәрбиелік әсердің бәрін өзіне бұрып, жетекшілікті өз қолына алу емес, керісінше, оның ұйымдастырушылық және бағыттаушылық күшінің мәнділігімен, ондағы демократизмнің, шығармашылық еркіндіктің көптігімен байланысты. Маңызды табыстарға жету үшін тәрбиеші өзі жүргізіп отырған нақты тәрбие үдерісі жағдайын ескеріп, өзінің тәрбие жұмыстарына дұрыс талдау жасап, олардан дұрыс шешім шығаруы тиіс.

Авторитарлы педагогиканы туындатқан төмен кәсіптік деңгей тәрбиеленушілердің тәрбиешіні жатсынуының басты себебі болды. Педагогикалық жаңаша қатынас жасау мектепті демократияландыру және адамиластыру идеялары негізінде іске асады, сонымен қоса, балаға қамқорлық, сүйіспеншілік және рақымшылық сияқты қарапайым адамдық сезімдерді ұқтыру

негізінде мүмкіндік туады. Сондықтан, қазіргі тәрбиешінің негізгі міндеті де тәрбиеленушіні педагогикалық ықпалға дайындап, икемдестіруге байланысты. Педагогикалық ықпалдың өзі де тәрбиеленушіге білінбейтін, жасырын, әдепті болуы қажет. Педагог бала жанының төбеден бақылаушысы болмай, оны достық пиғылмен тәрбиелеп, өсіруі қажет. Бұл орайда өз тұлғалық қасиеттерін өнеге ретінде пайдалана отырып, қазіргі мектеп жағдайында тәрбие үдерісінің келесі бағыттарын іске асырып бару міндеттері:

— үйлесімді, жан-жақты дамыту мақсатын есепке ала отырып, тұлғаны біртұтас қалыптастыру;

— азаматтық құндылықтар, әлеуметтік-бағдарлы сеп-түрткі, ақыл-ой, көңіл-күй және еріктік үйлесім ауқымы негізінде тұлғаның адамгершілік сапаларын қалыптастыру;

— тәрбиеленушілерді ғылыми, мәдени және өнер, т.б. қоғамдық құндылықтарға қатыстыру;

— қоғамның демократиялық өзгеруіне, тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне сәйкес өмірлік бағытта тәрбиелеу;

— тұлғаның мүмкіндіктері мен тілектерін, сонымен бірге әлеуметтік талаптарын ескере отырып, оның икемділігін, ептілігін және қызығушылығын дамыту;

— балалардың даралық және қоғамдық түсінімдерін дамытатын танымдық іс-әрекет ұйымдастыру;

— тұлғаны сапалы тәрбиелеу мақсатында әлеуметтік құнды, әрі жан-жақты іс-әрекет ұйымдастыру;

— тұлғаның аса маңызды әлеуметтік қызметін, яғни, өзгермелі еңбектік іс-әрекет жағдайындағы қатынастарын дамыту, әлеуметтік қуатын көтеру.

## 24-сұрақ

---

### Тәрбие үдерісінің нақты және жалпы заңдылықтары

#### Жауап

Жалпы заңдылық әрекеті тәрбие үдерісінің барлық жүйесіне таралады және ол осы үдерістің маңызды да ірі бірліктерінің арасында байланыстырып отырады. Жүйе ішіндегі бірліктер байланысын анықтайтын заңдылық **жеке (нақты) заңдылық** деп

аталады. Тәрбие жалпы педагогикалық үдерістің бөлігі ретінде осы үдерістің заңдылықтарына тәуелді.

Тәрбие тәжірибесі үшін тәрбие үдерісінің кейбір бірліктерін тәрбие сапасына ықпал жасайтын **заңды қатынастар белсенділігімен** байланыстыру қажет.

Тәрбие нәтижелілігі байланысты:

- 1) қалыптасқан тәрбиелік қатынастарға;
- 2) әрекеттерді ұйымдастыру мен оған қойылған мақсаттардың өзара үйлесуіне;
- 3) тәрбиелік әсердің әлеуметтік мазмұны мен сипатының (бағыттылығы, мазмұны) тәрбиеленушілерге ықпал жасауына;
- 4) объективті және субъективті жағдаяттар байланысына;
- 5) тәрбиелеудің және өзіндік жағдаяттар қарқындылығына;
- 6) педагогикалық әрекеттестіктегі тәрбие үдерісіне қатысушылардың белсенділігіне;
- 7) тәрбиемен ұштасушы дамыту және тәлім үдерістерінің пәрменділігіне;
- 8) тәрбиелік ықпалдың сапасына;
- 9) тәрбиеленушінің жан дүниесіне әсер ету қарқындылығына;
- 10) тәрбиеленушілердегі сөздік және сезімдік үдерістердің даму деңгейі мен педагогикалық ықпалдық сәйкестігіне;
- 11) тәрбиеленушілердің өзара бір бірімен қарым-қатынасының қарқындылығы мен сапасына байланысты болуына.

**Тәрбиенің жалпы заңдылықтары:**

1. Барша тарих кезеңдерінде тәрбие шынайы қоғамдық қажеттіліктен туындайды және ол қоғамға қызмет етеді;
2. Тәрбиенің мақсаты, мазмұны және тәсілдері біртұтас байланыста, бір бірінсіз нәтиже бермейді;
3. Біртұтас педагогикалық үдерістегі тәлім мен тәрбие (тармағынадағы) өзара кіріге ұштасқан.

Келтірілген заңдылықтар тәрбиені ұйымдастырудың жалпы негіздерін құрайды, ал енді сөз болатын заңдылықтар тікелей тәрбиелік үдерісті іске асырудағы педагогикалық құрал ретінде танылуы тиіс. Олардың қатарына кіретіндер:

1. Дамудағы жеке адамның тәрбиесі сол адамды тікелей іс-әрекетке қосу барысында орындалады;
2. Тәрбие — ұйымдастырылған іс-әрекеттегі жеке адамның белсенділігін арттыруға ықпал етуші жағдаят;
3. Тәрбие барысында тәрбиеленушіге деген жоғары гуманизм мен сый-құрмет орынды талаппен ұштасуға міндетті;

4. Тәрбие барысында тәрбиеленушіге алдағы жетістіктерін көрсете отырып, табыс қуанышына ере білуге көмектесу;

5. Тәрбие барысында шәкірттердің ұнамды сапаларын тану мен оларды орынды пайдалану қажет;

6. Тәрбиелеуде баланың жастық және даралық ерекшеліктерін ескеру орынды;

7. Тәрбие ұжымда жүргізіліп, ұжым арқылы іске асырылуы қажет;

8. Тәрбие барысында мұғалімнің, мектептің, отбасының және қоғамдық мекемелердің педагогикалық ұмтылыстарының бірлігі мен келісімі қажет.

Мектептегі тәлім-тәрбие жұмысы да, тәрбие аясындағылардың жеке адамдық сапаларын тәрбиелеу де осы заңдылықтарды ескеру негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

## 25-сұрақ

---

### Тәрбие үдерісінің мазмұны

#### Жауап

Тәрбие мазмұнын түсінерде қойылатын талаптар мен мақсаттарға сай шәкірт білімі, наным, дағдылары, тұлғалық сапасы мен белгілері **тұрақты әдеттер жүйесі** деп қабылданған.

Тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуы — бұл ақыл-ой, тән-дене, адамгершілік, еңбек пен политехникалық, эстетикалық тәрбиелердің біртұтас педагогикалық үдерісте тоғысуы.

Қазіргі заманғы тәрбие мазмұнының негізіне келесі идеялар алынған:

**1. Тәрбие мақсаттарының шынайы болуы.** Бүгінгі тәлім-тәрбиенің нақты мақсаты — адамның ептіліктері мен дарындылығына сүйене отырып, оны жан-жақты дамыту. Бұл мақсатқа жетудің құралы — әр адамның ұрпақтан ұрпаққа өтіп келе жатқан мәдениет қоры негіздерін игеруі. Осыдан тәрбие мазмұнының орталық түсінігі, яғни тұлғаның **«базалық мәдениеті»** келіп шығады. Осы арқылы әрбір тұлға өзін өзі таниды, басқаларға баға береді. Базалық мәдениет құрамы: экономикалық мәдениет пен еңбек мәдениеті, саяси, демократиялық және құқықтық мәдениет, адамгершілік пен

экологиялық мәдениет, көркемөнер, дене мәдениеті, отбасы қатынастары мәдениеті;

**2. Үлкендер мен балалардың біріккен іс-әрекеті.** Тәрбиеші жұмысының мазмұны оның балалармен бірге рухани мәдениеттің жақсы үлгілерін, адамгершілік өнеге, іс-әрекет мәдениетін іздестіру арқылы өмір қалыптары мен заңдылықтарын игеріп, ұғуынан құралады. Бұл үдеріс субъекттерінің өзіндік белсенділігіне тәуелді;

**3. Өзін өзі тану.** Сенімі, демократиялық көзқарас, өмірлік бағыт-бағдары арқылы тұлғаның толық қалыптасуы нақты тәрбиеде жобаланады.

Тәрбие мазмұнындағы маңызды бірлік — адамның өмірлік өзін өзі тану мәдениеті. Өмірлік өзіндік таным — бұл кәсіптік, азаматтық, тұлғалық түсініктерді қамтитын өте кең ұғым. Өмірлік өзін өзі тану мәдениеті арқылы адам өз бақытының және өз өмірінің субъектісі ретінде сезінеді. Адамның өзіне өзі үйлесімді болуы арқылы оның кәсіптік, азаматтық және адамгершілік танымы қалыптасады;

**4. Тәрбиенің тұлғалық бағыты.** Мектептегі тәрбие жұмысының өзегін тек бағдарлама, іс-шаралар, әдістер мен формалар ғана құрамайды, сонымен қоса ол бала, жеткіншек, жасөспірімге бағытталған педагогикалық істің жоғары мақсаты мен мәніне тәуелді. Олардың жеке қызығушылығын, ептілігін, өзіндік мінез-құлығымен бірге, өз сый-қадірін сезіне білу қабілетін де дамыту лазым. Тәрбиеленушілердің қызығушылығы негізінде олардың жоғары рухани қажеттеріне біртіндеп өтуі тәрбие ережесіне айналуы шарт;

**5. Өз еркіндігі.** Тәрбиеленушінің өз еркі болмай, тәрбие жұмыстарын дамыту, бірлесе жұмыс істеу идеяларын іске асыру мүмкін емес. Тәрбие үдерісі еріксіз ұйымдастырылса, ол балаға да, мұғалімге де кері әсерін тигізеді. Егер тәрбиешілер тәрбиеленушілердің қызығушылығына, асқақ арманына, азаматтық және достық борышына, дербестігі мен шығармашылығына сүйенсе, сонда шәкірттердің тәрбиеге деген ықыласы оянады;

**6. Ұжымдық бағыты.** Тәрбие жұмысының мазмұны ұжымда тәртіп құралы ретінде қолданылатын тұлғаны мәжбүрлеу әдісіне емес, оның рухани, адамгершілік күштеріне иек артады. Мектептің нақты тұрмыс, өмірге қарай бағытталуы — тәрбие мазмұны мен тәсілдерін жаңартудың тірегі. Ол келесі мүмкіндіктерге жол ашады:

— тұлғаны тоқыраудан құтқарып, оның жан-жақты дамуына қуат береді;

— ескі уағыздарды жаттай беруден гөрі, әлемді танып, өзгертуге бағыттайды;

— өміршілдік пен жатсынудан гуманистік және бірлескен іс-әрекетке жол ашады.

Өз дәрежесінде және жақсы ұйымдастырылған тәрбие адамды өмірдегі үш негізгі қызметке, яғни **азаматтыққа, іскер жұмысшы** болуға және **үлгілі жанұялық адам** болуға дайындайды.

## 26-сұрақ

---

---

### Тәрбие үдерісінің принциптері

#### Жауап

Тәрбие үдерісінің принциптері (тәрбие принциптері) — бұл тәрбие үдерісінің мазмұнына, әдістеріне, оны ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды айқындайтын бастау ережелері. Олар тәрбие үдерісінің өзіндік ерекшелігін танытады. Педагогикалық үдерістің жалпы принциптерінен нақты тәрбие принциптерінің өзгешелігі — тәрбие міндеттерін шешудегі педагогтар ұсынатын ортақ ережелер екендігінде жатыр. Осы принциптерге қойылатын талаптарды реттейік:

**1. Міндеттілік.** Тәрбие принциптері — бұл кеңес, нұсқау емес, олар толық және міндетті түрде тәжірибеге ұласуды талап етеді. Принциптерді дөрекі түрде әркез бұзу және ондағы міндеттерді орындамау тәрбиелеу үдерісінің пәрменділігін кемітіп қана қоймай, сонымен бірге ол принциптердің негізін, түп-тамырын ыдыратады. Егер тәрбиеші принцип міндеттерін бұзса, онда тәрбие үдерісі өз жетекші күшінен айырылады. Тіпті, мысалы, егер педагог гуманистік принциптерді, жеке басты қадірлеу принциптерін қасақана орындамаса, онда ол заңды жауапкершілікке тартылуы қажет;

**2. Кешенділік.** Принциптер кешенді, бөлінбеген талаптар түрінде тәрбие үдерісінің барлық кезеңдерінде бірігімді қолданылуы тиіс. Принциптер тармақталмай, баршаға тең, әрі барлығы бірдей іске асып отырады;

**3. Бірмәнділік.** Тәрбие принциптері жалпыға бірдей ортақ ережелер ретінде бірмәнді болып келеді, олардың арасында біреуін бірінші кезекте орындау керек немесе ертеңге қалдыра салуға болатын сияқты негізгі немесе қосалқылары болмайды. Барлық принциптерді теңдей мәнді деп бағалау — тәрбиелеу үдерісінің жемісті болуының кепілі.

Тәрбие принциптерінің талаптары баршаға бірдей болғанымен, олардың іс жүзінде тұлғалық шарттарға байланысты екенін есте ұстаған жөн.

Тәрбие үдерісі сүйенетін принциптер белгілі жүйені құрайды. Ол жүйелердің түрлері бұрын да, қазір де көптеп саналады. Әлбетте, принциптердің сипаты, жекелей міндеттері, тіпті кейбір принциптердің өздері заман ағымына қарай өзгеріске түседі. Қазіргі кезең тәрбие жүйесі келесі принциптерді ұстанады: тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы; тәрбиенің өмірмен, еңбекпен байланысы; тәрбиеде ақиқатқа арқа сүйеу; тәрбие гуманизациясы; тәрбиеге тұлғалық тұрғыдан қарау; тәрбиелік ықпалдардың бірлігі.

## 27-сұрақ

---

### Тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы

#### Жауап

Тәрбие мемлекеттік билік пен тәлім-тәрбие мекемелерінің қуатына арқа сүйей отырып, елде қабылданған және жүргізіліп жатқан саясат, Ата Заң мен басқа да заңдар негізінде іске асады. Мемлекеттік қызметті атқаратындықтан тәрбиеші тәрбие саласында мемлекеттік тапсырысты орындайды. Егер мемлекеттік және қоғамдық мүдделер бір біріне сай келіп, азаматтардың жеке мүдделерімен келісімді болса, онда жоғарыдағы принцип талаптары, әлбетте, тәрбие мақсаттары мен міндеттері құрылымына сай келеді. Ал, мемлекет, қоғам және тұлға мақсаттары үйлеспесе, ол принциптің орындалуы қиындайды.

Тәрбиешіде толыққанды тәрбие үшін нақты, деректі материалдар жетісе бермейді. Мектеп — мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның тәлімдік сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған әлеуметтік мекеме және қоғамдық-мемлекеттік жүйе. Мектеп

қоғамдық мекеме ретінде тек мемлекет демеуімен ғана өмір сүре алмайды. Ерте ме, кеш пе, оған қоғам көмекке келуі қажет. Қоғамның мектептен, мектептің қоғамнан бөлініп қалуын, қоғамдық өмірдегі болып жатқан үдерістерден мектептің ажырауын, кәсіби педагогтардың тар және біржақты жұмыс істеуін болдырмау шаралары қарастырылуы қажет. Педагог өзін тәрбие билігінің жалғыз иегері деп ұғынбай, тәрбие істеріндегі халық өкілімін деп түсінуі тиіс.

Қоғамдық бағытты ұстана отырып, тәрбиеші тәрбиеленушілермен тәжірибелік сеп-түрткілі өзара ықпалдастыққа жетуінің маңызы зор. Бұл орайда ұрандаған педагогикадан аулақ болған жөн, өйткені тиімді тәрбие тәрбие мен тәрбиеленушілер арасын байланыстыратын пайдалы іс-әрекетте іске асады. Дегенмен де іс-әрекет (еңбектік, қоғамдық, ойындық, спорттық) тәрбиелік мәнге ие болуы үшін тәрбиеленуші іс-әрекетінің қоғамдық құнды себептерін қалыптастыру қажет. Сеп-түрткілер жоғары парасатты, қоғамдық мәнді болса, онда ұнамды қылықтарға бастау беретін іс-әрекеттің де тәрбиелік сапасы жоғары болады.

Әлеуметтік сапаларды орнықтыру үдерісінде мақсат-бағдарлы ортақтасу мен адамгершілік танымы арқылы гуманистік ұғым қалыптастырып, оны сан алуан қоғамдық пайдалы іс-әрекетті ұйымдастырумен байланыстыру лазым. Сөздік ықпал міндетті түрде пайдалы тәжірибелік істермен бекітілуі қажет, сонымен бірге ол қарым-қатынастағы және басқа адамдармен бірігіп орындалатын іс-әрекеттегі дұрыс әлеуметтік өнегелер көрсету арқылы пайымдалуы тиіс.

Қоғамдық үдерістерге әр адам ерте балалық шақтан араласады. Дегенмен, әлеуметтік жауапкершілік сезімі балада сәл кешірек, яғни мектептің екінші сатысында ояна бастайды. Әлеуметтік сапаларды қалыптастыру кезеңдерінде ұсынылатын тәлімнің баланың жасы мен даму деңгейіне сәйкес келуіне жете көңіл бөлінуі тиіс. Балаларға мектептің бірінші сатысында «президент», «өкімет», «үкімет», «бедел», т.б. ұғымдарын түсіндіруге нақты мысалдар пайдаланылса, тәжірибе жүзінде дер кезінде дәйектеліп, бекітілсе, онда бұл ұғымдар тез меңгеріледі. Екінші, үшінші сатыдағы мектеп осы секілді қажетті ұғымдарды бекітіп, дамытады, нанымдарды қалыптастырады, тәрбиеленушілер әлеуметтік шынайы үдерістерге қызыға отырып, азаматтық сапаларын орнықтырады.

Адамның тұлға болып қалыптасуы оның қоғамдық және еңбектік қатынастарға араласуына тікелей тәуелді. Еңбек адам-



дағы жағымды сапаларды дамытады, яғни еңбек қарқынды болған сайын тұлғаның әлеуметтену және даму деңгейі жоғарылай түседі. Сондықтан, тәрбиеленушілерді қоғамдық өмірге, әртүрлі пайдалы істерге араластырып, оларға деген жағымды қатынасқа баулу қажет. Еңбекке араласа отырып, адамгершілік әрекет-күлік тәрбиесін алған тәрбиеленушілер рухани және тән-дене жағынан қатайып, еңбектің қоғамдық маңызын ұғынады, өзіндік ар-ұят, намыс сапаларын бекітіп, жетілдіреді.

«Тәрбие мектеп үшін емес — өмір үшін» деген ұранмен ежелгі римдік мектеп өз тыңдаушыларын күтіп алады екен. Сол кездегі ежелгі педагогтардың өздері де өмірден, тәжірибеден ажыраған тәрбиенің ешқандай мәні болмайтынын сезген.

Өмір мектебі — ең күшті тәрбие мектебі. Сондықтан, **тәрбиенің өмірмен байланысты болуы** принципі көптеген тәрбие жүйелерінің негізгі принципі болып есептеледі. Ол тәрбиешілердің келесі екі бағыттағы белсенді іс-әрекетін талап етеді: 1) ауыспалы өзгерістері мол қоғамдық және еңбектік өмірмен тәрбиеленушілерді кең және нақтылай таныстыру; 2) тәрбиеленушілерді шынайы өмірлік қатынастарға, әртүрлі қоғамдық пайдалы істерге араластыру.

Тәрбиенің өмірмен байланысты болуы принципін дұрыс іске асыру педагогтан төмендегі бірліктерді қамтамасыз етуін талап етеді:

— шәкірттерге қоғам өмірі мен әрбір адам үшін еңбек рөлін, азаматтардың үздіксіз толастаған сұраныстарын қанағаттандыру үшін қоғамның экономикалық тірек қорының мәнін түсіндіру;

— материалды және рухани байлықтар мен құндылықтарды жасайтын еңбек адамдарына сый-құрмет жасау;

— көп және табысты еңбек ету ептіліктерін дамыту, өзі үшін және қоғам пайдасына орай жауапкершілік және шығармашылықпен еңбектенуге ынталандыру;

— қазіргі заман өндірісінің жалпы негіздерін ұқтыру, политехникалық ақпаратты кеңейтуге талпындыру, еңбекті ғылыми ұйымдастыру негіздерін және жалпы мәдениетті меңгеруге бағыт беру;

— еңбек іс-әрекетінде жеке және қоғамдық көзқарастарды үйлестірумен шаруашылық-тұрмыс қажеттілігіне сәйкес мамандық таңдай білуге баулу;

— қоғамдық мүлік пен табиғат байлықтарына ұқыптылық, өз еңбегі арқылы қоғамдық меншікті молайтуға талпыныс қалыптастыру;

— жауапкерсіздікке, талапсыздыққа, еңбек тәртібін бұзушылыққа, жайбарақаттыққа, енжарлық пен іссіздікке, сергелдендікке төтеп беріп, қоғамдық меншік пен табиғат құндылықтарын талан-таражға түсіруге ымырасыз болуға тәрбиелеу.

## 28-сұрақ

### Тәрбие гуманизациясы

#### Жауап

Қоғамдық өнегелікті арқау ету принципіне тағы бір маңызды принцип жанасады — ол **гуманизация**. Бұл принциптің талаптары: 1) тәрбиеленуші тұлғасын адамилық тұрғыдан тану; 2) оның құқықтары мен тәуелсіздігін сыйлау; 3) тәрбиеленушіге саналы ойластырылған талаптар қою; 4) қойылған талапты орындаудан бас тартқан кезде де оның ұстанымын (бағыт-бағдар) құрметтеу; 5) адамның өзімен өзі болу құқығын қолдау; 6) тәрбиеленушінің санасына тәрбиенің нақты мақсатын жеткізу; 7) қажетті сапалардың ерікті қалыптасуы; 8) тұлғаның қадір-қасиетін төмендететін дене және басқа да жазалаудан бас тарту; 9) тұлғаның нанымдарына қандай да бір себептермен қайшы келетін қасиеттерді (лаңкестік не діни және т.б. ағымдар) қалыптастырудан аулақ болу құқығын мойындау.

ЮНЕСКО қабылдаған «Адам құқығы декларациясының» бірінші бабында былай деп жазылған: «Барлық адамдар өз қадірі мен құқығы бойынша ерікті және тең. Олар өзіндік сана мен намысқа ие және олар бір бірімен тығыз қарым-қатынаста. Тәрбиеленушілерді құлдық бас шұлғушы емес, тәуелсіз адамдар санатында, сондықтан тәрбиеші күш билігін пайдаланбай, шәкірттер төбесінде тұрмай, олардың болашағы үшін жас әулетпен бірлікте күресуі қажет».

Тәрбиелеу үдерісінде тәрбиеленушілердің жеке міндеттемесі мен мүмкіншіліктерін есепке алу маңызды келеді. **Тұлғалық сапаларды тірек қылу** — тәрбиенің өте маңызды талаптарының бірі, осыдан тұлғаның бағыттары мен оның құндылықтар таңдауын ескере білу орынды. Тұлға бағыты оның өмірлік жоспарларын, қалыптасқан өмір салтын, іс-әрекеті мен қылығын басқарушы сеп-түрткілерді білдіреді.

Тәрбиеге тұлғалық тұрғыдан қарау принципі тәрбиешіден келесі міндеттерді орындауды талап етеді: 1) өз тәрбиеленушілерінің жеке темперамент ерекшеліктерін, мінез бітістерін, көзқарастарын, талғамдарын, әдеттерін қырағы танып, жақсы білу; 2) ойлау бейімі, тұлғаның бағыттылық сеп-түрткілері, қызығушылықтары, өмірге, еңбек етуге көзқарасы, құндылықтар пайымы, өмірлік жоспарлары, т.б. сияқты аса маңызды сапалардың қалыптасу деңгейінің қаншалықты болғанын және болатынын нақты білу; 3) тұлға дамытудың әсерлі түрін біртіндеп күрделендіре отырып, тәрбиелік іс-әрекеттерге әрбір тәрбиеленушіні ерекшелігіне орай тарту; 4) дер кезінде мақсатқа жетуге кедергі болатын себептерді анықтап, олардан арылу, ал егер сезіп, жою мүмкіндігі болмаса, онда жаңа туындаған жағдайларға байланысты тәрбие жолдарын ауыстыра білу; 5) тұлғаның өз белсенділігіне көбірек сүйену; 6) тәрбиені тұлғаның өзіндік тәрбиесімен байланыстырып, өзіндік тәрбиенің мақсат, әдіс, формаларын таңдауға көмектесу; 7) тәрбиеленушінің өзіндік іс-әрекетін, белсенділігін, дербестігін дамытып, оған жетекшілік етіп, ұйымдастыра табысқа жетуге бағыттау. Бұл талаптардың бірлікті түрде іске асырылуы баланың жас және жеке ерекшеліктеріне үстірт қарамай, үдерістердің тереңдей дамуына, себеп-салдарлы қатынас заңдылықтарына сүйенуге тәрбиешіні міндеттейді. Тәрбиені тұлғалық тұрғыдан жүргізген кезде жас және жеке ерекшеліктерді есепке алу жаңа бағыт алады.

Тәрбиенің болашақ нәтижелерін жобалағанда тәрбиеленуші мүмкіншіліктерінің кейбір сапаларды қалыптастыруда азаятынын, жасына байланысты жүйке жүйесінің нәзіктігін, сыртқы әсерлерге психологиялық қарсылықтың көбейетінін, сензитивті кезең қажеттерінің өзгеруін естен шығармаған жөн. Тәрбиеші сүйенетін жеткіншек ерекшеліктерінің қатарында олардың қабылдау, ойлау, есте сақтау, сөйлеу, мінез, темперамент, ерік бітістерін атауға болады. Бұл және басқа да ерекшеліктерді айыра тану тәрбиелеуде қиынға соқса да, тәрбиеші табысқа жетуді ниет қылса, қосымша уақытын, күш-жігерін, құралдарын пайдаланып, тұлғалық сапаларды толық және нақты танып-білуге ынтықыласты болуы шарт. Тәрбиеші қазіргі заманғы жастардың біліктілік деңгейінің жоғарылығын ескере отырып, өзі де жан-жақты дамып отыруы керек, яғни өз мамандығы төңірегіндегіні ғана біліп қоймай, сонымен қоса саясат, өнер, мәдениет саласындағы білімдерді жинақтап, өз тәрбиеленушілеріне өзін адамгершіліктің жоғары үлгісі ретінде, адамдық қадір-қасиет, құндылықтың таратушысы ретінде танылуы тиіс.

Балалық және жеткіншек жастағы тұлғалық сапалардың жылдам қарқынмен қалыптасуы озық әрекет етуді, тәрбиеленушіден даму желісіндегі тәрбие мазмұны мен оның ұйымдастырылуы, әдістері және формалары арасында қайшылық туындамай тұрғанда, жағымсыз әдеттер баланың жан дүниесіне орнығып қалмай тұрып, алдын ала қауырт қимылдауды талап етеді. Әйтсе де, талаптарды күшейте отырып, тәрбие ықпалдары бағытталған тәрбиеленушілердің шама-шарқын ескерген абзал. Қиын талаптар баланың өз күшіне сенімін азайтып, көңілін қалдырады, тіпті ең қауіптісі, сол талаптарды үстірт орындауға итермелейді. Мұндай жағдайда жартылай істелінген істі қанағат тұту әдеті қалыптасып қалуы мүмкін.

Тәрбиешілер, әсіресе, тұлғаның негізгі сапаларына, яғни, олардың құндылықтарды таңдау бағытына, іс-әрекет жасаудың және қылық қалыптастырудың өмірлік жоспарларына мән беріп, тәрбие үдерісін түзейді, әрі бұл тұлғалық және қоғамдық қажеттерді қанағаттандыруға бағдарлайды. Кейбір тәрбиешілер нақты тәрбиені тек «қиын» балалар мен тәртіп бұзушыларға қатысты деп ойлайды. Сөз жоқ, мұндай тәрбиеленушілер көбірек бақылауды керек етеді. Бірақ, «жағдайы жақсы» оқушыларға да мойын бұру керек. Сырттай жақсы көріністің көлеңкесінде жаман пиғылды ойлар, сеп-түрткілер, әрекеттер де жасырынып жатуы мүмкін. Бұған ешкімді еш уақытта кінәлауға болмайды, барша тәрбиеленушіге теңдей көңіл бөлу керек.

Тұлғаның сыртқы көрініс, әрекеттерінен оның ішкі мінез-құлқын түсіну өте қиын, осыдан тәрбие мақсаты әрқашан іске аса бермейді. Тәрбиешіге тәрбиеленушінің өзі көмектесуі қажет. Тәрбиеленушіні дос, көмекші, одақтас етіңіз. Бұл түпкілікті сапаларды түсініп, болжаудың ең қысқа, айшық жолы болып табылады.

## 29-сұрақ

---

### Тәрбиелік ықпалдар бірлігі

#### Жауап

Бұл принцип келешек ұрпақ тәрбиесіндегі **мектеп, отбасы және қоғамдық орындар талпыныстарын реттеу** принципі

деп те аталады. Аталмыш принцип тәрбиеге қатысы бар барлық адамдардың педагогикалық әрекеттерді өзара байланыса бірлесе толықтырып және дамытып баруын талап етеді. Егер тәрбие ықпалдарын іске асыру бірлігі, керісінше, өзара қайшы келсе, онда табысқа жету қиынға соғады. Ықпалдар келісімі болмаған жағдайда тәрбиеленуші үлкен психикалық ауыртпалық тартады, өйткені кімге сенерін білмей, кімнің соңынан ерерін түсінбей, ықпалдар ішінен дұрысын анықтай алмай, дал болады. Баланы әрқилы деңгейдегі тәрбие ықпалдарының қайшылығынан құтқарып, тұлғаға болған педагогикалық әсерлерді арттырып бару — тәрбиелік ықпалдар бірізділігі принципін талабы.

Бұл принципті негізге алудан тәрбиеші барлық ықпал етуші жағдаяттарды қамтып, оларды басқаруға мүмкіндік алады:

1. Тәрбиеленуші тұлғасы жанұя, жора-жолдастары, ересектер, қоғамдық ұйымдар, жастар ұжымдары әсерлерінен қалыптасады. Осы ықпалдар ішінде сынып ұжымы мен тәрбиеші беделі ерекше рөлге ие. Тәрбиеші мен тәрбиеленушілер тарапынан қойылатын талаптар бірлікте болып, бір біріне қайшы келмеуі тиіс;

2. Тұлға қалыптастыруда отбасы өте ауқымды қызмет атқарады. Ата-ананың өз баласындағы жекелік қасиеттерді білуі, отбасы ықпалдарының көптүрлілігі мен қайталанбастығы басқа педагогикалық әсерлерден ерекше келеді. Шынына келсек, адамның отбасындағы тәрбиесі түбегейлі болады. Осыдан отбасымен байланыс құру және оны дамыту барлық тәрбие міндеттерін шешуде басты рөл атқарады;

3. Тәрбиешінің өзі жоғары инабаттылық өнегесін көрсете білуі шарт. Педагогтар мен ата-аналар балаларға қандай қажет сапа бергісі келсе, соларды алдымен өз бойында қалыптастыруы тиіс;

4. Тәрбиеде тәрбиеші мен ата-ана арасындағы келіспеушіліктер де аз емес. Кейде ата-ана педагог талаптарын жоққа шығарып, балаларын шектен тыс еркелетеді. Мұндай келіспеушілікті жою үшін екі тараптың да тәрбие талпыныстары өзара үйлесімге келгені жөн.

5. Кейде тәрбиешінің ұжым, қоғамдық орындардың пікірлерімен келіспей, басқа тәрбиешілердің әрекеттерін сынайтын кездері де болады. Осының бәрі тәрбиеленушінің көзқарасы мен нанымын қалыптастыруда өзінің кері әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан, тәрбие субъекттерінің бір біріне саналы талаптар қойып, ұжымның абырой-беделін сақтауға талпынуы — педагогикалық үдеріс тиімділігінің кепілі;

6. Ықпалдар бірлігі принципін іс жүзінде көрінуі сабақта және одан тыс кезде де тәрбиенің біртұтас жүйесіне байланысты. Тәрбие үдерісінің жүйелілігі тұлғалық белгілерді қалыптастырудағы бірізділікті сақтаумен қамтамасыз етіледі. Тәрбие жұмыстарында алдыңғы қалыптасқан сапалар мен қылықтарға сүйену қажет. Педагогикалық ықпал және оның құралдары біртіндеп күрделеніп баруы тиіс. Тәрбиешілер ата-ананы хабардар ете отырып, осы талаптың отбасында сақталып, орындалуын қадағалауы қажет;

7. Тәрбие ықпалдарының бірлігіне жету тәсілі — бұл тәрбие үдерісіне қатысты ересектердің әлеуметтік мекемелер талпыныстарын реттеп бару қызметі. Міне, сондықтан да тәрбиешілер, сынып жетекшілері тәрбиеге қатынасы бар барлық адамдармен қарым-қатынас жасауға күш-жігерін аямауы қажет.

## 30-сұрақ

---

### Тұлғаны ұжымда тәрбиелеу

#### Жауап

Тәрбие формасы — бұл тәрбие үдерісінің **сыртқы көрінісі**. Мазмұн және форманың философиялық категориялары тәрбие құбылыстарындағы ішкі және сыртқы ұғымдардың бірлігін танытады, яғни біріншісі не бар екенін көрсетсе, ал екіншісі қандай түрде екендігін білдіреді. Мазмұн мен форма бір бірімен тығыз байланысты, яғни мазмұн өзгерісі форма өзгерісіне әкеліп соғады және керісінше. Мазмұн қалыптасады немесе формаланады, форма мазмұнмен толығыады. Жетекші рөл мазмұнға қатысты.

Тәрбие үдерісінің мазмұны жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаның рухани, адамгершілік, эстетикалық, еңбектік, әлеуметтік қасиеттерінен құралады. Тәжірибе жүзінде бұл мазмұн өзіне барынша сәйкес келген ұжымда өтеді. Егер бұл сәйкестік бұзылса, онда тәрбие қиын және шешілмес дағдарыстарға тап болады.

Педагогика тарихы тәрбие үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын басынан кешірді. Олардың әрқайсысы өзгермелі жағдайлардағы белгілі бір мазмұнды ашу үшін жа-

салынады. Тәрбие формасын талдаудың алғашқы бағамы сандық өлшеммен беріледі. Тәрбие үдерісінде қамтылған адам санына қарай тәрбие формалары **жеке, шағын топтық, топтық** (ұжымдық) және **бұқаралық** болып бөлінеді. Топтағы (ұжымдағы) тәрбиеленушілер саны 5—7-ден 25—40-қа дейін болса, бұқаралық формада оның шегі болмайды.

Тәрбие үдерісінің пәрменділігі оны ұйымдастырудың формасына байланысты. Тәрбиеленушілер саны тәрбие жұмысының мазмұнына және оны басқаруға әсерін тигізеді. Тәрбиеленушілер саны көбейген сайын тәрбие сапасы нашарлайды. Тәрбиелеуде жеке және шағын топтық формалар болғаны дұрыс. Бұл тәрбие жұмысын ұйымдастыру формаларын өте жылдам және мақсатты бағдарлауға, жағдайдың өзгеруіне қарай педагогикалық амалдарды өзгертуге ыңғайлы. Бірақ, жеке және шағын тәрбиенің жоғары экономикалық шығындарды керек етуі — оның кең тарауындағы елеулі кедергі. Қазіргі жүйелердің көпшілігі тәрбиенің топтық (ұжымдық) формасын пайдалануға көшті. Ол өзінің жеткілікті тиімділігімен, сонымен бірге, өкініштісі, педагогикалық қызметтің салыстырмалы түрде төмен қаржылық бағалануымен ерекшеленеді.

Мектеп тәрбиесін ұйымдастырудың топтық формасы **ұжымдық** деп аталады. Тек ұжымда ғана тұлға өзінің жан-жақты даму мүмкіншілігіне ие, сонымен бірге тек ұжымда ғана жекелей еркіндік болуы мүмкін. **Ұжымдық рухта тәрбиелеу** — педагогикалық тәрбие мақсатындағы негізгі принцип. Мақсатқа жетудің жолдары мен формалары ұжымға байланысты.

Шетелдік жүйе тәрбиесінен кеңестік жүйе тәрбиесінің өзгешелігі — тұлға дамытудағы **ұжымның атқаратын қызметі жетекші** болып белгіленуінде. Кеңес мектебі әлемде бірінші болып, жеке тұлғаға бағдарланған тәрбиеден бас тартып, тәрбие іс-әрекетінің негізіне ұжымды қалады. Сөйтіп, тәрбие тәжірибесі мен теориясының дамуына деген көзқараста үлкен қадам жасады. Ұжым тәрбиелік талпыныстар орталығына айналды, оны қалыптастыру мектептің негізгі міндеті ретінде қабылданды. Жаңа қойылған мақсаттар кіші және үлкен мәселелерді теориялық үйлестіру мен талдауды қажет етті. Оларды шешуге А. С. Макаренко, Н. К. Крупская, В. А. Сухомлинский және т.б. атақты педагогтар күш жұмсады.

Бірақ, кең көлемде көзделген тәрбие жұмыстары жақсы нәтиже бере қоймады, жақсы ойлар іске аспады. Көптеген жылдар бойы үстемдік еткен ұжымдық тәрбие біздің мектептерде

адамды жаңаша тәрбиелеуге өзінің елеулі үлесін қоса алмады. Бұл нені көрсетті, идеяның нашарлығын ба, әлде оның өмір қажеттігіне сай келмегенін бе? Өткенді ойлай келе, бүгінде адамның жеке табиғатын жасау идеясы нақты да қарапайым болып шықты. Бұдан шығатын қорытынды: жекелей дамуды кемсіте не ұжымдауды әсірелеп, тәрбие ісін біржақты қателікке апаруға болмайды. Ұжымдық және тұлғалық үйлесім көп жағдайда тәрбие туралы дұрыс көзқарастарды негізге алуы шарт.

## 31-сұрақ

### Мектеп, сынып ұжымының мән-мағынасы

#### Жауап

Латынның «коллективус» деген сөзі «жиын», «ұжым», «топ» дегенді білдіреді. Осыдан коллектив, яғни, ұжым бұл адамдар тобы. Бірақ, кез-келген топ ұжым ба? Қазіргі әдебиетте «ұжым» түсінігінің екі мәні қолданылады. Бірінші: кез-келген адамдар тобы ұжым болып табылады; екінші: жоғары ұйымдасқан топ қана ұжым болып есептеледі. «Ұжым» педагогикалық әдебиеттерде тәрбиеленушілер бірлестігі деп түсіндіріледі, Ал, мұндай ұжымның **өзіндік маңызды** белгілері бар:

1. *Жалпы әлеуметтік мәнді мақсат.* Кез-келген топта мақсат болады. Мәселенің бәрі оның мақсат-мазмұны мен бағытында. Ұжымның мақсаты Қоғамдық мақсаттармен сәйкес келеді, яғни өкімет заңдарына, Конституцияға, басшы идеологияға сай келмей, ұжым қоғамдық және мемлекеттік қолдау көрмейді;

2. *Жалпы бірлікті іс-әрекет.* Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін жалпы біріккен іс-әрекет ұйымдастырылуы қажет. Адамдар белгілі бір мақсат жолында ұжымдарға бірігеді. Бұл үшін ұжымның әрбір мүшесі біріккен іс-әрекетке белсенді қатысуы керек және ортақ іс-әрекет ұйымдастыруы шарт. Ұжым мүшелерін ерекшелігін белгі — олардың іс-әрекет қорытындысы үшін болған жоғары өзіндік жауапкершілігінің болуы;

3. *Кері байланысты тәуелділік — ұжым мүшелері арасындағы өзіндік ерекше қарым-қатынас.* Бұл олардың іс-әрекеттері мен мақсаттарының бірлігінде ғана емес, ортақ толғаныстары мен бағалауы, өзара талқылауларында да көрінеді;



*Жалпы басқарушы ұйым.* Ұжымда демократиялық қатынас пайда болады. Басқару органы ұжымның беделді мүшелерін ашық және тікелей таңдайды.

Ұжым аталған қасиеттерінен басқа да маңызды ерекшеліктерімен бөлектенеді. Бұл ұжымның ішкі хал-ахуалын, ұжым мүшелерінің бір біріне деген қарым-қатынасын білдіретін сипаттама. Жақсы ұйымдасқан ұжымда бір біріне көмек, бір біріне жауапкершілік, дұрысын айту, өзін өзі сынау, бәсекелестік сияқты сапалар қалыптасады. Формалды қатынастағы адамдар тобында мұндай қасиеттер болмайды, ал ұжым бұл қасиеттерсіз өзінің артықшылығынан айрылады. Жоғарыда аталған белгілері бар ұжымда еңбекке, адамдарға, жеке және қоғамдық міндеттерге негізделген гуманистік қатынастар жүйесі қалыптасады. Берік, ынтымақты ұжымда мұндай қатынас жүйесі тұлға мен барлық ұжым мүшелерінің қызығушылық үйлесімімен, тұлғаның көпшіл беделін мойындаумен ерекшеленеді. Бұл жүйе объективті және субъективті қарама-қайшылықтарды жеңе алатын, өз міндеттерін білетін ұжымның әрбір мүшесінде айқын, сенімді көзқарастар бағытын қалыптастырады.

Мектеп ұжымы құрылымының негізгі де тұрақты бөлігі — басты іс-әрекеті білім игеру болатын шәкірттердің сыныптық ұжымы. Осы сыныптық ұжымда шәкірттер арасындағы тұлғааралық байланыс пен қатынас пайда болады. Осыдан, ол мектеп ұжымдарының басқа да түрлеріне негіз қалайды.

Мектеп, сынып ұжымындағы ерекшеліктерге орай келесі қорытындыға келуге болады: **оқушылар ұжымы — бұл жалпы әлеуметтік маңызды мақсаттарымен, іс-әрекеттерімен, іс-әрекетті ұйымдастыруымен, жалпы міндеттерімен, теңдік жағдайында ортақ мүдде бірлігімен қосылған балалар тобы.**

## 32-сұрақ

---

### А. С. Макаренко ұжым тәрбиесі жөнінде

#### Жауап

А. С. Макаренко тағылымы ұжымды сатылық қалыптастырудың егжей-тегжейлі технологиясына негіз болады. Ол ұжымның өмір сүру заңын былай түсіндіреді: **қозғалыс — ұжымның**

**өмір сүру; тоқтау — оның жойылу формасы.** Әйгілі педагог ұжымның даму принциптерін анықтады: жариялылық, жауапкерлі тәуелділік, болашақ бағыты, әрекеттестік. Ұжым болу үшін топ сапалы тіктелу жолынан өтуі қажет. Осы жолда А. С. Макаренко бірнеше сатыларды белгілейді.

Бірінші саты — **ұжымның құрылуы** (алғашқы бірігу сатысы). Бұл кезеңде ұжым педагогтың тәрбие жұмысының мақсаты ретінде көрінеді, мұның өзі ұйымдасқан, нақты топты (сынып, үйірме, т.б.) ұжымға айналдыруға талпынған субъекттердің бірлескен іс-әрекет мазмұнымен, мақсат-міндеттерімен, құндылықтарымен анықталады. Ұжым ұйымдастырушы — педагог, барлық талаптар осы педагогтан басталады. Ұжым белсенділері анықталып, тәрбиеленушілер ортақ мақсатқа, іс-әрекетке және ұжымдық бірлікке келгенде бірінші кезең аяқталады.

Екінші сатыда **ұжым белсенділерінің ықпалы** арта түсед. Енді олар тек педагогтардың талаптарын қолдап қана қоймай, ұжым мүшелеріне ұжымға не пайдалы, не зиянды екенін байқатып, өз түсініктері бойынша басқара бастайды. Егер белсенділер ұжым қажетін дұрыс түсінсе, онда олар педагогтың сенімді көмекшілеріне айналады. Бұл кезеңде белсенділер жұмысына педагог көп көңіл бөлуі керек.

Екінші кезең ұжым құрылымының тұрақтауымен сипатталады. Бұл сатыда ұжым бүтінделген жүйе ретінде көрінеді, онда **өзін өзі ұйымдастыру** және өзін өзі **реттеу** тетіктері іске қосыла бастайды. Ұжым өз мүшелерінен белгілі әрекет-қылықтар ережелерін орындауды талап ете бастайды, ал талаптар біртіндеп кеңейе береді. Бұл сатыдағы педагогтың басты мақсаты — осы ұжымның алға қойған міндеттерін шешу мүмкіндіктерін мейлінше кең пайдалану.

Тәжірибе жүзінде әр ұжым дара тұлғаның жеке дамуын мақсатты бағыттайтын тәрбие субъектісі ретінде танылуы тиіс. Ұжымның бұл сатыда дамуы кейбір қайшылықтарды реттеуге байланысты, атап айтқанда: ұжым мен жеке тәрбиеленушілер арасындағы жалпы және жеке мүдделер арасындағы; әрқилы субъекттік ерекшеліктері бар топтар және олардың мүшелері арасындағы, т.б. Сондықтан, ұжым дамуында секірістер, тоқыраулар, өзгерістер мен ауысулар болуы заңды құбылыс.

Үшінші және одан кейінгі сатылар — **ұжымның кемелденуі**. Ұжым мүшесі енді алдыңғы даму сатыларында қол жеткізген тұлғалық қасиет-сапаларды топтастырады, жолдастарына қарағанда өзіне жоғары талап қояды, көзқарастары мен әдеттерін,

әрекет-қылықтарын тұрақтандырады. Егер ұжым осы сатыға жетсе, онда ол толыққанды, адамгершілікті тұлға қалыптастыру жолында деген сөз.

Барлық даму сатыларында ұжым ретінде үлкен және кіші үрдістерді (традиция) қалыптастырады. **Үрдіс — тәрбиеленушілердің көңіл қалауымен қабылдайтын әдет-ғұрып, ниетті орнығатын ұжым өмірінің тұрақты формасы.** Үрдісті жүріп-түру қағидаларының бекуіне көмектесіп, ұжымдық мәселелерді бірлікті шешу қабілеттерін дамытады, өмір мазмұнын байыта, бірқалыпты ілгерілей өсуге жол ашады.

Ұжымда **мақсатты тандай білу** өте маңызды. Тәрбиеленушілер мұрат еткен мақсат ұзақ болашақпен байланысты (перспектива). Адам өмірінің басты жетекшісі — ертеңгі қуаныш. Тәрбиеленушіге түсінікті, болашақты көздеген мақсат-мұрат — қиыншылықтар мен кедергілерді жеңуге көмектесетін үлкен күш.

Тәрбие жұмыстарын жоспарлауда болашақ үш ниетті көздеу қажет, олар: жақын, орташа және алыс ниеттер.

**Жақын ниет** — ертеңгі серуен, яғни ұжым мүшелерінің жеке қызығушылығынан туындайтын әрекеттер.

**Орташа ниет** — елеулі уақыт өтуімен орындалатын ұжымдық оқиғаның жобасы.

**Алыс ниет** — адамды өмір бойы ынталандырып барушы үлкен мағыналы, маңызды талаптарға қол жеткізуге арналған мұратты бағдаршам, жұлдыз. Мұндай ниетте тұлға мен ортаның қажеттері міндетті түрде үйлесуі, сонысымен де ұжымға етене енуі керек. Оны өмірдің кез-келген сәтінде ұжымның айқын да қызықты мақсаты болатындай, сонымен өмір сүретіндей, әрі сол мақсатты орындауға талпынатындай етіп құру қажет. Ниет тандағанда жұмыстың нәтижелі бітуін ескеру әбден қажет.

Кейде педагогтың шәкіртке әсері кейбір себептерге байланысты кем нәтижелі болып қалады. Бұл жағдайда оған жолдастары арқылы әсер ету өте жақсы жеміс береді. Бұдан **қосарлы әрекет** (параллельное действие) принципі іске қосылады. Оның негізінде шәкіртке тікелей емес, ұжым арқылы әсер ету талабы жатыр.

А. С. Макаренко **ұжымаралық қатынасқа** көп көңіл бөлді. Оның пайымынша, ұжымның ерекшелігі: 1) үнемі сергектік, іс-әрекетке дайындық; 2) өзіндік қадірін сезіну; 3) мүшелерінің достық бірлігі; 4) әр мүшенің өз қауіпсіздігін сезінуі; 5) іс-қимыл, әрекет белсенділігі; 6) дер кезінде ұстамдылыққа әдеттенуі, көңіл шарпулары мен тілдесудегі өзіне шек қоя білуі.

## 33-сұрақ

### Ұжым және тұлға

#### Жауап

Ұжым мен тұлға арасындағы байланыс — тәрбиені демократияландыру жағдайындағы, адам құқығы мен бостандығын сақтаудағы маңызды мәселенің бірі. Көптеген онжылдықтар бойы ұжымға әсер ету арқылы жеке тұлға қалыптастыру мәселесі педагогикалық әдебиеттерде қарастырылмады. Тұлға міндетті түрде ұжымға бағынуы тиіс есептелінді. Қазіргі кезде адам жөніндегі философиялық тұжырымдарға және әлемдік педагогикалық ой тәжірибесіне сүйене отырып, заманға сай, жаңа шешімдер іздестіруге тура келуде.

Тәрбиеленуші субъектін ұжымдық қатынас үдерісіне енгізу қиын, әрі күрделі шаруа. Ең алдымен **баланың жекелей құндылық** екенін ескеру керек. Болашақ ұжым мүшелерін бір бірінен денсаулықтарына, сыртқы көріністеріне, мінез бітістеріне, қатысу деңгейіне, тәліміне, біліміне, біліктілігіне, т.б. қасиеттеріне қарап ажыратамыз. Сондықтан, олар ұжымдық қатынас жүйесіне әртүрлі болып енеді, жас және даралық жағынан әртүрлі жауап әрекеттер туындатады, кейде ұжымға кері әсерін тигізуі де мүмкін. Ұжымдық қатынас жүйесіндегі тұлғаның жеке әлеуметтік тәжірибесі де маңызды келеді. Ол арқылы баланың сана-сезім ерекшеліктері, құндылық бағдарлау жүйесі, жүріс-тұрысы белгіленеді. Ал, бұлар осы ұжымның үрдіс-тәртіптеріне, құндылықтарына сай келуі не сай келмеуі де мүмкін. Шәкірт тәрбиесі басқалай болған жағдайда тәжірибе ауқымы мен сапасы сәйкес келмей, өз құрдастарымен қарым-қатынас орнатуы қиынға түседі. Әсіресе, жеке әлеуметтік тәжірибе сол ұжымның құнды тәжірибесіне қарсы келсе, онда қарым-қатынас мүлде болмайды.

Тұлға мен ұжым арасындағы қатынас тек тұлға сапасына ғана емес, ұжымға да байланысты. Өз күшін, салт-үрдісін құрған, басқарушы белсенділері бар, дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізген ұжыммен қатынас жақсы орнығады. Бұндай ұжым басқаларына қарағанда өзіне жаңадан кірген тұлғамен қатынасқа оңай түседі. Әрбір адам аз немесе көп күш жұмсау арқылы ұжымдағы өз орнын табуға талпынады. Бірақ, кейбір объективті немесе субъективті себептердің әсерінен тұлғаның барлығы бір-

дей табысқа қол жеткізе бермейді. Табиғи мүмкіндіктері бойынша жеке адам ұжымдағы кейбір құндылықтардың өзіне сәйкес келмеуінен, өз жасқаншақтығын жеңе алмай, үйлесімге келе бермейді. Әсіресе, ұжымның, достарының өзіне деген қатынасын бағалай алмайтын, өзін-өзі тануы мен бағалауы сияқты қасиеттері толық дамымаған кіші жастағы тәрбиеленушілерге бұл қиын соғуы мүмкін. Мұндай педагогикалық жағдайдың объективті себептері бар: іс-әрекеттердің бірсарындылығы, ұжым мүшесінің атқаратын рөлінің тарлығы, ұжым мүшелері арасындағы қатынастың ұйымдастыру формаларының біртараптылығы мен мазмұнының жұтаңдығы, бірін бірі қабылдау мәдениетінің кемдігі, жолдасының ескеруге тұрарлық бағалы да қызықты қасиеттерін елей алмауы және т.б.

Ғылыми зерттеулер нәтижесінде тұлға мен ұжым арасындағы қатынас дамуының кең тараған үш түрі анықталған: 1) Тұлға ұжымға бағынады (конформизм); 2) Тұлға мен ұжым бір-бірімен үйлесімді қатынаста (гармония) болады; 3) Тұлға ұжымды өзіне бағындырады (лидерлік). Бірінші түрі бойынша тұлға ұжым талаптарына өз еркімен бағынады, ал кейде ұжымға сырттай бағынып, әрі қарай өзінің жекелігін және тәуелсіздігін сақтауы мүмкін. Егер тұлға ұжымға кіргісі келсе, онда ұжымның құндылықтарын, ережелерін және үдерістерін қабылдайды. Екінші түрі бойынша жағдай әртүрлі жолмен дамуы мүмкін: 1) Тұлға өз тәуелсіздігін барынша сақтап, ұжым талаптарына сырттай бағынады; 2) Тұлғаның кейбір өзіндік іс-қимылы ұжым талаптарына сай келмейді. Мектеп ұжымдарында көп кездесетін сеп-түрткі немесе себеп-салдардан тұлға кейбір қиын іс-қимылдарға бой ұрады. Мұндай жағдайда субъект ұжым талаптары мен құндылықтарын сырттай қабылдайды, талқылау кезінде ұжымның одан күтетінін айтады, әртүрлі жағдайларда ұжымдағы қалыптасқан қасиеттерді ұстанады, бірақ мектеп ұжымынан тыс жерде бұрынғы қалыптасқан тәжірибесі бойынша өзін басқаша ұстайды, өзгеше ойлайды, басқаша бағалайды. Бұл жағдай кейде уақытша болса, кейде тұрақты болып отырады. Соңғысы тұлғаның бұрынғы әлеуметтік тәжірибесі ұжым тарапынан қолдау көрмей, өз ұжымының тәжірибесімен ұштаспайтын жайларда жиі кездеседі.

Біздің мектептерімізде ұжымға ашық түрде қарсы шығу көп кездеспейді. Алайда, балалар кейде қарсылық білдіреді, оның өзі де негізсіз себептерден туындайды: көбіне өзін-өзі қорғап қалу сезімінің үстемдігінен болады.

Тұлға мен ұжым арасындағы қатынастың қазіргі мектепке сай типі — бұл **бірлікті өмір сүру** талпынысы. Тұлға мен ұжым ұдайы қарым-қатынаста болуы тиіс.

Үшінші нобайда тұлға ұжымды бағындырады, бірақ бұл — сирек кездесетін құбылыс. Нағыз лидер еңбегі, іс-әрекеттері ескерілумен тиісті бағасын алады. Жарқын тұлға, оның өзіндік жеке тәжірибесі ұжым мүшелеріне тартымды болуы міндетті.

Психологтар мен педагогтар жекелік қасиеттердің жасырын түрде дамитын мектеп ұжымы мүшелерінің арасында кең тараған бағыт-бағдарын бөліп қарастырады. Берілген жұмыстарды, әсіресе жауапты тапсырмаларды бар ынтасымен орындайтындар аз емес. Баршаның көзіне түсіп, басқамен салыстырғанда өз беделін көтеру олардың талпынысына күш-қуат береді, көбіне мұндайлар ұжымның дағдарыс кемшілік жағдайына қайғырмайды, ұжым жұмысы нәтижесіне көп мән бермейді, басты мақсаты — өз беделін ғана таныту.

## 34-сұрақ

---

### Ұжымға педагогикалық жетекшілік

#### Жауап

Ұжым үнемі өзгеріп отырады, себебі оны құрайтын адамдар ауысады. Бірақ, ұжымның даму үдерісі кездейсоқ емес, оған педагогтар жетекшілік етеді. Ұжымға жетекшілік етудің нәтижелілігі оның даму заңдылығының қандай деңгейі зерттелгеніне, тәрбие жағдайының қаншалықты дұрыс анықталғанына, педагогтың әсер ету тәсілдеріне байланысты. Мұндай әсердің маңызды шарты — үздіксіз болып келетін, ұжымға әсер ететін тәрбиелік шаралардың бір жүйеге бірігуі. Ал, мұндай бірігімге келесі жолдар арқылы қол жеткізуге болады:

1) Ұжымға болар педагогикалық әсерлерді бірлікті (кешенді) пайдалану;

2) Күнделікті өмірде ұжым мүшелерінің бір біріне үнемі және жан-жақты көмегі;

3) Ұжым өміріне және оның жеке мүшелеріне жағымды әсер ететін жағдайлар жасау;

4) Оқушылардың өзін-өзі басқару ісін кеңейту;

5) Ұжыммен жұмыс істейтін барлық ұйымдардың талпыныстарын біріктіру.

Мектеп ұжымын басқарудың педагогикалық тәжірибесінде келесі маңызды ережелерді сақтау керек:

1. Педагогикалық жетекшілікті тәрбиеленушінің өз қызығушылығына, ынтасына, тәуелсіздігіне орайластыру, әрдайымғы дербес талпынысымен саналы байланыстыру;

2. Ұжым — өзгерісті жүйе болғандықтан, ол үнемі ауысып, дамып отырады және кемелденеді. Сол үшін педагогикалық жетекшілер қарым-қатынас және әсер ету жобаларын жиі түрлендіріп баруы міндетті;

3. Сынып жетекшісі ұжым тәрбиесінде мұғалімдер тобына, сынып ұжымына сүйеніп, отбасыларымен үнемі байланыста бола отырып, жоғары жетістіктерді көздеуі лазым;

4. Құрғақ сөз бен қағаз жүзіндегі іс — тәрбиенің қас жауы;

5. Жетекшіліктің жақсы көрсеткіші — сынып өміріндегі маңызды мәселелерге орай ұжымдық пікірдің болуы;

6. Ұжым мүшелерінің өз міндеттерін орындауын дұрыс қадағалау негізінде тәрбиені дамыту;

7. Тәрбиені ұжымдағы қарым-қатынас құрылымының көп деңгейлігін ескере жүргізу: жекеше қарым-қатынас жасау; бірлескен іс-әрекет қатынастарын дамыту; әлеуметтік мәні бар ұжым іс-әрекетіне байланысты қатынас жасау;

8. Ұжым мүшелерінің атқарып жүрген рөлдері мен олардың шын мәніндегі мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану;

9. Ұжымдағы қатынастың болып жатқан жағдайына белсене араласу;

10. Уақытша ұжымдар құру, үлгерімі төмен шәкірттерді жоғары мүмкіндіктерге жеткізе алатын ұжымға ауыстыру;

11. Ұжым мүшелерін жаңаша қатынасқа кірістіретін ұжымдық іс-әрекет түрлері арқылы бала қалпын өзгертуді әркез естен шығармау.

## 35-сұрақ

---

### Тәрбие әдістері мен тәсілдері

#### Жауап

**Тәрбие әдісі** (гректің «методос» жол деген сөзі) — бұл мектеп тәжірибесінде тәрбиеге қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін

пайдаланылатын **жол, тәсілдер**, тәрбиелеу саласына, еркіне, сезіміне, іс-әрекетіне **әсер ету шаралары**.

Тәрбие мақсаттарына әртүрлі жолдармен жетуге болады. Тәрбиеші тәрбиеленушімен олардың күш-қуатына, мүмкіндіктеріне, ынталарына сүйене отырып, істеген жұмысында қаншалықты жол тапса, сонша тәрбие мақсатына жету тәсіл түрлері ашылады. Әрине, кейбір жолдар басқасына қарағанда мақсатқа тезірек жеткізеді. Тәрбиешінің алдында тәрбиеге сай келетін, көзделген жетістікке тез апаратын және аз күш жұмсайтын жаңа, қалыптан тыс, қолданылмаған жол табу міндеті тұрады. **Құрастыру, таңдау және тәрбие әдістерін дұрыс пайдалану — кәсіптік педагогиканың асқар шыңы болып есептеледі.**

Алайда, тәрбиенің жаңа әдісін жасауға көрінген тәрбиешінің күші келе бермейтіні белгілі. Әдістерді жоғары деңгейге көтеру — үнемі алға тартылатын міндет. Тәрбие үдерісінің жағдайына тура келетіндей, тәрбиеші өз күші мен мүмкіндігіне қарай жалпы әдістерге толықтырулар енгізе отырып, өз міндеттерін шеше алады.

**Тәрбие тәсілі** — жалпы әдістің бөлігі, жеке дара әрекет (әсер ету), нақты іс. Тәсілдер — бұл тәрбиешінің қойылған мақсатқа тез жету үшін тәрбиеленушімен бірге салатын «соқпақ» жолы деуге болады. Егер оны басқа тәрбиешілер де пайдалана бастаса, біртіндеп ол соқпақ үлкен жолға — әдіске айналады. Тәрбие әдістері мен тәсілдерін тану, оларды дұрыс қолдану — бұл педагогикалық шеберлік деңгейінің маңызды сипаттамасын білдіреді. Демек, тәрбие әдістері мен тәсілдері тығыз байланысты.

**Тәрбие құрал-жабдығы** кең ұғымды қамтиды. Тәсілден жеке әсер етуді түсінсек, құрал түсінігі сол тәсілдердің бірлігін білдіреді. Құрал-жабдық — бұл қолданымдағы тәсіл емес, бірақ әлі әдістікке жете қоймаған шара. Мысалы, еңбек — тәрбие құралы, бірақ еңбекті бағалау, талдау, қателігін анықтау — бұл ондағы тәсілдер. Сөз (кең түсініктегі) — тәрбие құралы, бірақ ескертулер, сын айту, теңеу — бұлар тәсілдерге жатады. Осыған байланысты кейде тәрбие әдісі қойылған мақсатқа жету тәсілдері мен құралдары жүйесі ретінде анықталады, өйткені әдіс құрылымында тәсілдер мен құралдар міндетті түрде бірге қарастырылады.



### Тәрбие әдістерін таңдау

#### Жауап

Әдістердің жақсы, жаманы болмайды, тәрбиелеу жолын алдын ала оның қандай жағдайда қолданылатынын ескермей тұрып, оларды жемісті, жеміссіз деп жариялауға болмайды. Әдістерді таңдау көптеген жағдайларға байланысты. Бірақ, жағдаяттардың санталуандығына қарамастан, әдістерді таңдау детерминатты, яғни себепті байланыста болып келеді. Тәрбиеші қолданған әдістерінің себептерін қаншалықты терең түсінсе, әдістің өзіндік сипатын танып, қолдануды білсе, соншалықты әдістің өнімдісін, тәрбиелеу жолының дұрысын таңдағаны.

Тәжірибеде үнемі сақталатын міндет — әдістің үйреншікті біреуін ғана қолданбай, тиімдісін, нәтижелі болатынын таңдау. Тиімді деп, қойылған мақсатқа көп күш-қуат жұмсамай жететін неғұрлым пайдалы жолды айтамыз. Кейбір жағдайларды жете ескерген, өзіне тиімді педагогикалық іс-әрекетті пайдаланған тәрбиеші тәрбие жұмысында әрқашан жоғары жетістікке жетеді. Тәрбие әдісін таңдау — жоғары өнер. Ал, бұл өнер ғылымға сүйенеді.

Тәрбие әдістерін таңдауда ескерілетін жалпы принциптер:

1. *Тәрбие мақсаттары мен міндеттері.* Мақсат әдісті тек қолдап қана қоймай, оны белгілейді. Қандай мақсат болса, оған жетудің нақты тәсілі болуы орынды;

2. *Тәрбие мағынасы.* Бір міндет бірнеше мағынаға ие болатынын естен шығармау қажет. Сол үшін әдісті мазмұнмен емес, нақты мағынамен байланыстыру тиімді;

3. *Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері.* Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне қарай, міндет әртүрлі әдістермен шешіледі. Тәрбие үдерісінің барлық кезеңінде белгілі бір сапалар қалыптасады, бірақ әр жеке сыныпта тәрбие әдісі өзгеріп отыруы тиіс. Бірінші сыныпқа дәл келетіні үшінші сыныптағыларға сәйкес келмейді, ал бесінші сыныптағылар оны қабылдамауы мүмкін;

4. *Ұжымның қалыптасу деңгейі.* Ұжымның өзін-өзі басқару формасының дамуына қарай педагогикалық әсер әдістері өзгеріссіз қалмайды: басқарудың ыңғайлы болып келуі тәрбиеші

мен тәрбиеленушінің бірігіп қызмет етуінің табысты шарты ретінде қажет;

5. *Тәрбиеленушілердің жеке және тұлғалық ерекшеліктері.* Жалпы әдістер, жалпы бағдарламалар тәрбиелік өзара әрекеттегі тек бастама ғана. Жеке және тұлғалық түзетулер (корректировка) қажет. Инабатты тәрбиеші өз әдістерінде әр тұлғаның өзіне тән қабілеттерін дамытуға, оның өзіндік қасиеттерінің сақталуына, «мендік» белгілерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін әрекеттерді жасайды;

6. *Тәрбиелік жағдайлар.* Мұндай жағдайларға психологиялық-физиологиялық, санитарлы-гигиеналық, сонымен бірге сыныпта болатын қарым-қатынастар, яғни ұжымның көңіл-жайы, педагогикалық жетекшіліктің мәнері жатады. Дерексіз (абстрактты) жағдайлар болмайды, олар әрдайым нақты келеді. Арнайы құрылған тәрбиелік іс-шаралар — педагогикалық жағдай деп аталады;

7. *Тәрбие құралдары.* Тәрбие әдістері тәрбие үдерісінің бөліктері ретінде көрінеді, олар педагогикалық құралдар бірлігін түзеді. Әдістерден басқа да тәрбие құралдары баршылық, олар әдістермен тығыз байланыста бірге қолданылады (көрнекі құралдар, өнер шығармалары, бұқаралық ақпарат көздері. Тәрбие құралдарына олармен бірге, әртүрлі іс-әрекет түрлері (ойын, оқу, еңбек), педагогикалық техника (тіл, ым, қимыл, т.б.), мұғалім мен оқушының қалыпты өмірлік іс-әрекетін жасауға көмектесетін құралдарға жатады. Егер аталған жабдықтар белгілі бір деңгейде пайдаланылмаса, олардың маңызы еленбейді. Алайда, осы жабдықтар әсері тәрбие әдістерін таңдауға негізгі ықпал жасайды;

8. *Педагогикалық дәреже деңгейі.* Тәрбиеші өзі білетін, жеке меңгерген әдістерді тандайды. Көптеген әдістер қиын, әрі көп күш жұмсауды талап етеді: кейбір педагогтар бұл мәселені айналып өткісі келеді. Осыдан болатын кемшілік — тәрбиенің жетімсіздігі;

9. *Тәрбие уақыты.* Уақыт аз болып, мақсат ауқымды болған жағдайда «ықпалды әсер ету» әдісі қолданылады. Бұл әдіс, әсіресе қысқа мерзімде қайта тәрбиелеу үшін қолданылады. Мектеп уақытының тұлғаның тұрақты қасиеттерін қалыптастыруға жеткілікті болатынын мойындайтын біртұтас көзқарас жоқ. Кейбір педагогтар уақыттың жеткіліксіздігін алға тартып, ықпалды әсер ету әдістеріне бағытталғанды жөн көреді. Қалай болғанда да, уақыт мерзімі тәрбие әдістерін таңдауда және жобалауда маңызды рөл атқарады;

10. *Күтілетін қорытындылар.* Тәрбиеші әдістерді таңдай отырып, оның табысқа жеткізетініне сенімді болуы қажет. Бұл үшін ол қолданылған әдістердің қандай қорытындыға әкелетінін алдынала болжай білуі шарт.

## 37-сұрақ

---

### Тәрбие әдістерінің жіктелуі

#### Жауап

Әдіс құру — тәрбиелеу міндетіне орайластырылған жауап. Педагогикалық әдебиеттерде көптеген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін әртүрлі әдістерді табуға болады. Әдістер және олардың әртүрлі нобайларының көптігі соншалық, керекті мақсатқа сай келер әдісті таңдауға сол әдістердің жіктелуі ғана көмектесе алады. **Әдістердің жіктелуі** — анықталған белгілерге қарай құрылған әдістер жүйесі. Жіктелудің өзі әдістердің қайсысының жалпы және жалқы екенін, нақты не кездейсоқ, теориялық немесе практикалық екенін білуге, сонымен бірге оларды дұрыс таңдауға, барынша ұтымды пайдалануға көмектеседі. Жіктелуге сүйене отырып, педагог тек әдістер жүйесін ғана танып қоймай, ол әртүрлі әдістер белгілерінің өзгерісін жақсы түсінеді. Кез келген әдістің ғылыми жіктелуі олардың жалпы негіздері мен белгілерін анықтаудан басталады. Тәрбие әдістері жүйесіне орай танылатын белгілер өте көп. Кез келген жалпы белгілерден жеке-дара жіктеме жасауға болады. Қазіргі педагогикада ондаған жіктеме белгілі, бірі тәжірибелік міндеттерді шешуге қажет болса, екіншісі теориялық міндеттерді қарастырады. Көптеген әдістер жүйесінде жіктелудің қисын негізі анық емес. Бұған тәжірибелік мәні бар жіктеулерге негіз ретінде әдістің бір емес, бірнеше маңызды және жалпы тұстарының болуы айқын дәлел.

Тәрбие тәсілдері өз ерекшеліктері бойынша келесідей жіктеледі: сендіру, жаттықтыру, мадақтау және жазалау, іс-әрекетті ұйымдастыру, тәрбиеленушілерді орынды мінез-құлыққа ынталандыру, түсіндірмелі-көрнекі үйрету, үйлесімділікке келтіру, өзіндік тәрбие. Тәрбиелік әсер ету әдістерінің нәтижесі бойынша оларды екі топқа бөлуге болады:

1. Адамгершілік қасиеттерге негіз болар ықпалдар: сеп-түрткілер, қарым-қатынас, ортақтасу, көзқарас қалыптастыратын түсініктер, жанашыл пікірлер, ой толғаулар;

2. Қандай да бір көзқарас, ұғымдарға сәйкес әдеттер орнықтырушы ықпалдар.

Қазіргі кезде тәрбие әдістерінің тиімді жетілуі бір мақсатқа, мазмұнға негізделген тәрбие бағытын қолдайды. Осыған орай тәрбие әдісінің үш тобын бөлуге болады: 1. Тұлғаның ақыл-ойын қалыптастыру әдістері; 2. Іс-әрекеттерді ұйымдастыру және қоғамдық, құқықтық тәжірибе қалыптастыру әдістері; 3. Іс-әрекетке және мінез-құлыққа ынталандыру әдістері.

## 38-сұрақ

---

### Тұлғаның ақыл-ойын қалыптастыру әдістері

#### Жауап

Көзқарас, түсінік, сенімді қалыптастыру үшін тұлғаның ақыл-ойын қалыптастыру әдістері қолданылады. Бұл әдістер сенім, қажетті мінез-құлықтың көңіл-күйін қалыптастыруда да маңызды орын алады. Егер шәкірт педагогикалық әсерден тыс қалып отырса, онда қойылған мақсатқа жету үдерісі өте баяу жүреді. Терең сезім тәрбие аясындағылардың ойы айқын, әсерлі бейнелерге аударылғанда ғана пайда болады. Тәрбиеленушілердің тәрбие іс-әрекетіне белсенді араласу дайындығы қалыптасқан жағдайда ғана әдістер өз мақсатына жетеді.

Әрбір әдістің өзіндік сипаты және қолдану аумағы болады. Педагогтың деңгейі жоғары болған жағдайда бұл топтағы әдістер жүйелі, әрі басқалармен бірлескен түрде қолданылады. Мазмұны мен қолданылуына қарай анағұрлым қиын сөздік, көңіл-күйге әсер етуші әдістері келесідей: әңгімелеу, түсіндіру, этикалық кеңес, пікірталас және көрнекі-тәжірибелік әсер ету әдісі, өнеге-өрнек көрсету.

Барша сыныптарда пайдаланылатын **әдеп (этика) тақырыбындағы әңгіме** — бұл адамгершілікті мазмұны бар нақты деректер мен оқиғалардың сезімдік, айқын көрінісі. Сезімге әсер ету әңгімелері тәрбиеленушілерді моральдық жәйттерді бағалауға, олардың мәнін түсінуге көмектеседі. Этика тақырыбындағы

әңгіме бірнеше қызмет орындайды: баланың білім деңгейін көтеру, басқа адамдардың тәжірибесін баланың тұлғалық, адамгершілік тәжірибесін байытуға бағыштау.

Этикалық әңгімені өткізудің жағдайлары:

1. Әңгіме шәкірттің әлеуметтік деңгейіне сай келуі керек;
2. Әңгіме көрсетпе-көрнекі құралдармен бірге жүргізілуі қажет;
3. Қоршаған ортаның сезімдік әсері әңгіменің мәні мен мазмұнына сай болуы керек;
4. Әңгіме кәсіптік деңгейде өткенде ғана тартымды болады;
5. Әңгіме тыңдаушыларды толғандыруы міндетті.

**Түсіндіру** — тәрбиеленушіге көңіл-күй-сөздік әсер ету әдісі. Түсіндірудің әңгімелеуден айырмашылығы — берілген топқа немесе нысанаға нақты ықпал жасау. Бұл әдісті қолдануда педагог ұжым мүшелерінің тұлғалық сапасына, сыныптың тәлім ерекшеліктеріне сүйенеді. Бастауыш сынып оқушылары үшін түсіндірудің қарапайым тәсілдері мен құралдары қолданылады: «Былай істеу керек», «Барлығы осылай істейді», т.с.с. Бұл әдістің қолдану жағдайлары: а) қылық формасы немесе жаңа моральдық сапаны қалыптастыру және бекіту үшін; б) болған іске тәрбиеленушінің дұрыс қатынасын орнықтыру үшін.

Мектеп тәжірибесінде түсіндіру адам психикасына еніп, іс-әрекеттің себептерін тудыратын және тұлғаға жалпы әсер ететінін сендіруге сүйенеді. **Сендіру** тәрбиеленушіге белгілі бір шешім қабылдату жағдайында пайдаланылады. Сендіру басқа тәрбие әдістерінің әсерін күшейту үшін қолданылады.

**Сұхбат** — тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің пікір алысуға екіжақты кірісуін керек ететін жүйелі және бірізді әдіс түрі. Сұхбаттың (беседа) әңгімеден айырмашылығы — сөйлеушіні тыңдап, оның ойын ескере отырып, онымен қарым-қатынас жасау жолдарын құру. Мұндай әңгіме моральдық, этикалық, тәрбиелік мәні бар тақырыптардан тұрады. Сұхбат мақсаты — адамгершілік түсініктерін тереңдету және бекіту, білімді жалпылау және нақтылап орнықтыру, адамгершілік көзқарастары мен нанымдар жүйесін қалыптастыру. Этикалы сұхбатқа нақты деректер, оқиғалар, сыныптағылардың қылықтары себепші болады. Мұндай сұхбаттасу оқиға ізінше немесе кейінірек, балалар өз қылықтарының жақсы не жаман екенін ойластырып түсінген соң өткізіледі. Сұхбаттасудың нәтижелілігі бірнеше маңызды шарттарға байланысты:

1. Сұхбаттасудың мәселесі болғаны маңызды. Тәрбиеші шәкірттерін үйреншікті емес сұрақтар қоюға ынталандырады, сол сұраққа жауапты балалардың өздерінің табуына көмектеседі;

2. Этикалы сұхбаттар алдын ала дайындалған, жауаптарын айтып қойған дайын желі бойынша өткізілуі тиіс. Тыңдаушыларға өз ойларын баяндауға мүмкіндік беру қажет, оларды басқалар ойларын сыйлауға, оған дұрыс көзқарас нышанымен қарауға үйрету керек;

3. Сұхбатты дәрісбаянға айналдыруға болмайды;

4. Сұхбаттасу құралдары тәрбиеленушінің жан сезіміне жақын болғаны абзал;

5. Сұхбаттасу кезінде барлық көзқарастар мен пікірлерді анықтап, оларды салыстыра білудің маңызы зор;

6. Әңгімеге дұрыс жетекшілік — тәрбиеленушінің оңды шешімге өз бетімен келуіне арқау.

Пікірталастар — тәрбиеленушілерді қызықтыратын әртүрлі тақырыптарға арналған қызу ой сайысы. Мұндай тәрбиелік әдіс орта және жоғары сыныптарда әртүрлі қоғамдық-гуманитарлық тақырыптарда қолданылады. Пікірталас негізі — бұл ақыл сайысы, ой күресі, ол арнайы дайындықты талап етеді. Пікірталас мақсаты — белгілі бір шешім шығару емес, оның маңызы — балаларды үдеріске қосу, әрі оны басқара жүргізу. Педагог балаларға ойды жинақтауға, қисынды дәлелдерге сүйенуге, өз ұстанған бағытын ашып көрсете білуге көмектеседі.

Пікірталас — қиын әдістердің бірі және ол педагогтан жоғары кәсіби біліктілікті, білімділікті талап етеді. Басқаларды үйрету үшін тәрбиешінің өзі алдымен шебер ұйымдастырылған пікір-сайыстар мектебінен өтуі керек.

**Өнеге-өрнек** — өте күшті тәрбие әдісі. Бұл әдіс келесі заңдылыққа негізделеді: көру арқылы қабылданатын құбылыстар тез, әрі ешбір қиындықсыз санада бекиді. Сонымен бірге, кітаптағы, кинодағы бас кейіпкерлерді, тарихи тұлғаларды, атақты ғалымдарды, саяси майталмандарды, т.б. өнеге ету үлкен тәрбиелік мәнге ие. Бұл жағдайдың психологиялық негізі ретінде *еліктеуді айтуға* болады. Еліктеудің арқасында адамдар әлеуметтік және адамгершілік тәжірибе жинақтайды. Еліктеу — жеке адам іс-әрекеті. Кейде еліктеудің аяқталып, шығармашылықтың басталатын кезін анықтау қиынға соғады. Көбінесе шығармашылық өзіндік, ерекше еліктеуден болады.

Өмірде жақсы да, жаман да өрнектер бар. Шәкірттер назарын адамдар өміріндегі теріс қимылдарға аударып, соларды талқылап, дұрыс қорытынды шығаруға бағыттау қажет. Уақытында және орынды келтірілген мысалдар тәрбиеленушінің теріс қылықтардан аулақ болуына көмектеседі. Әрине, тәрбиешінің өз өнегесін, тәрбиеленушілерге қатынасын, іскерлік қасиеттерін, жеке басының қадірін мысал етуі тәрбиенің дұрыс жүргізілуіне әсерін тигізеді. Тәрбиеші өз тұлғасымен, қадір-қасиетімен жүйелі және бірізді әрекет жасаса, өзін мысал етудің оңды әсері ұлғая түседі.

## 39-сұрақ

### Іс-әрекет ұйымдастыру әдістері

#### Жауап

Тәрбие талапқа сай тұлға қалыптастыруға арналады. Тұлғаның түсінігі, нанымдары емес, істеген ісі, қылығы оның тәрбиелілігін сипаттайды. Сол себепті, *қоғамдық қылық тәжірибесін* қалыптастыру және *іс-әрекет ұйымдастыру тәрбие үдерісінің* іргетасы ретінде қарастырылады.

Бұл топқа кіретін барлық әдістер тәрбиеленушілердің тәжірибиелік іс-әрекетіне негізделген. Осы іс-әрекетті басқаруда педагогтар оны құрамдас бірліктерге, яғни **қылық-әрекеттер** мен кіші бөліктер — **амалдарға** (операции) бөліп қарастырумен іске асыра алады. Тәрбие үдерісі педагогтың амалдарды орындаудан іс-әрекеттер басқаруға, содан кейін тәрбиеленуші іс-әрекетін басқаруға өтуімен аяқталады. Тәрбиеленушінің пайдалы істерін ұйымдастыру міндетті түрде олардың басқа адамдармен жан-жақты қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Әртүрлі жағдайда болған ұжымдық қарым-қатынас белгілі бір іске, шешімге әрекет-қылықтың бір жолын таңдауды қажет етеді, яғни тұлғаның күрделі бітістері қарапайым қылықтар негізінде қалыптасады.

Тұлғаның қажетті қасиеттерін қалыптастырудың біртұтас әдісі — бұл **жаттықтыру**. Қоғамдық қылық тәжірибесін игеруде іс-әрекет шешуші рөл атқарады. Тәрбиеленушілерді

нақты, мақсатты бағытталған, белсенді іс-әрекетке кірістірмей, қажетті қылық түрін қалыптастыру мүмкін емес. Іс-әрекетке кірістіру тәсілі — жаттықтыру болады. Жаттығу — автоматты сипатта орнығуы тиіс әрекетті көп қайталап орындаудан болатын тәрбиенің тәжірибелік әдісі. Жаттығу нәтижесі — тұлғаның тұрақты қасиеттері — **дағдылар мен әдеттер**. Әдеттер сана мен ерікті жаңа жұмыстарды атқаруға босатады. Ойлау қабілетімен айналысып, жақсы әдеттердің қалыптасуын қадағалаудан тыс қалған тәрбие өзінің мықты сүйенішінен айрылады. Жаттығу нәтижесінің ұтымды болуы мына жағдайларға байланысты: 1) жаттығулар жүйесіне; 2) оның мазмұнына; 3) жаттығулардың мүмкіндікке сай болуы; 4) көлемі; 5) қайталау жиілігі; 6) бақылау мен түзетуге; 7) тәрбиеленушінің өзіндік ерекшелігіне; 8) топтық, жеке және ұжымдық жаттығулардың үйлесімділігіне; 9) жаттығудың сеп-түрткілік негізіне және ынталандыру істеріне.

**Талап** — бұл тәрбиеленушінің белгілі бір іс-әрекетін тежеп не ынталандырып, жекелей қарым-қатынаста жоғарылайтын, баланың белгілі қасиеттерінің көрінуіне себепші әсер ететін тәрбие әдістерінің бір түрі. Қойылу формасына қарай талаптар түрі: 1) тікелей талап (жеке, нақты, дәл, түсінікті); 2) қосымша (кеңес, өтініш, сенім, қолдау, т.б.); 3) талап-кеңес; 4) ойын түріндегі талап; 5) сенім арқылы талап; 6) талап-өтініш; 7) талап-ишара; 8) талап-қуаттау; 9) оң және теріс талаптар.

**Үйрету** — бұл белсенді жасалатын дағдыландыру. Тез және жоғары деңгейде керекті сапаны қалыптастыру қажеттілігі туғанда осы әдісті қолданамыз. Гуманистік педагогика мәжбүрлі үйретуге қарсы, себебі ол адам құқығына қайшы келеді, оны басқа әдістермен бірге, әсіресе ойын әдістерімен пайдаланған жөн. Үйрету әдісін дұрыс пайдалану шарттары: 1) мақсаттың айқын болуы; 2) түсінімді үйрету; 3) тапсырманы беру уақытымен санасу; 4) орындау жолдарын және нәтижені көрсету; 5) сапалардың бірізді және қатар тәрбиесі; 6) үнемі бақылау жасау.

**Тапсырма беру әдісі** жақсы нәтижелер береді. Жүйелі тапсырма беру арқылы баланы дұрыс, қажет істерге үйретуге болады. Тапсырма беру әртүрлі болып келеді: ол көбінесе шәкірттердің жас ерекшеліктеріне байланысты шешіледі. Тәрбиеленушілердің іс-әрекеті мен жасанды жағдайдағы қылығын ұйымдастыру әдісі **тәрбиелеуші жағдайлар әдісі** деп аталады.



## 40-сұрақ

---

### Ынталандыру әдістері

#### Жауап

Ынталандыру әдісі **мадақ** және **жазалау** болып бөлінеді. Тәрбиеленушінің іс-әрекетіне қойылған жақсы бағаны мадақ дегенге болады. Мадақтаудың түрлері: қолдау, қуаттау, алғыс айту, марапат. Мадақтау әдісі әдептілік пен нақты мөлшерді сақтауды талап етеді. Ең алдымен, мадақтың психологиялық тарапы маңызды келеді. **Мадақтау әдісі** мына жағдайда нәтиже береді:

- 1) Балалардың мадақтау алуға іштей сенімді талпыныстары болуы;
- 2) Мадақтау арқылы тәрбиеленушіні ұжымның қалған мүшелеріне қарсы қоймау;
- 3) Мадақтаудың баланың қылық-ісіне сай болуы;
- 4) Мадақ арқылы шәкіртке жекелей шешім табуды үйрету;
- 5) Мадақтың шындыққа негізделуі.

**Жазалау** — қате қылықты ескертіп, тежеу, өз ар-ұяты алдында, басқа адамдар көзінде кінәсін түсінуге әсерін тигізетін педагогикалық әдіс. Жазалаудың мынадай түрлері белгілі: 1) қосымша тапсырмалар беру; 2) белгілі бір құқынан айыру немесе уақытша рұқсат етпеу; 3) моральдық кемшілігін таныту. Педагогикалық талаптар ішінде жазалау әдісінің нәтижелі болуына негіз қалайтын шарттар:

- 1) жазаның ұжым тарапынан туындауы;
- 2) жазаның нақты болуы;
- 3) жазаның міндетті түрде орындалуы;
- 4) баланың не үшін жазаланғанын түсінуі;
- 5) тәрбиеленушінің намысына нұқсан келтіруден аулақ болу;
- 6) жазалау мақсатының тек ұнамды қасиеттерді баулуға бағытталуы;
- 7) жазаның қате қылықтарды толық түсіну негізінде орындалуы;
- 8) жазаның өш алу құралы болмауы;
- 9) жазалаудың нақты шәкіртке бағытталуы;
- 10) балалардың дара психологиясын біліп, жазалау.

Тәрбиеленушілерге тәрбиесіз болудың пайдасыз екендігін сезіндіретін жағдайларды тудыру — ынталандырудың **субь-**

**ективтік-прагматикалық әдісі** деп аталады. Субъективтік-прагматикалық әдістің нақты формалары мыналар: 1) келісім; 2) жеке өзін өзі тәрбиелеу парақтары; 3) ЭЕМ мониторингі; 4) тәрбиелеу тестері.

**Жарыс** — адамға, қоғамға қажетті сапаларды тәрбиелеуде жастардың табиғи, бәсекелестік қасиеттерін бағыттайтын әдіс. Жарысу, әсіресе, үлгермеушілер арасында маңызды болып, олардың дамуы үшін қажетті мақсатты ынтаға жол ашады. Жарысты ұйымдастыру ондай іс емес, ол тәрбиеленушілердің психологиясын толық білуді талап етеді. Жарысты ұйымдастыруда келесі жағдайларды ескеру қажет:

- 1) жарысты белгілі мақсатқа орай ұйымдастыра білу;
- 3) жарыстың бағытын белгілеп, мазмұнын анықтау.

## 41-сұрақ

---

### Тәрбие өнері мен тәрбиелеу технологиясы

#### Жауап

Тәжірибеде теория технология көмегімен іске асады. «**Технология**» сөзі «техно» — өнер, шеберлік және «логос» — ғылым деген сөздерден құралған. Технологияның өндірістік үдерістегі мәні — бұл қолдану кезінде алдын ала белгіленген нәтижеге жеткізетін, берілген саны мен сапасы арқылы тауар алуға керек болар ғылыми-өндірістік әдістер, құралдар мен алгоритмдер жүйесі. Қазіргі өндірістер осы технологияға негізделеді. Технология — бұл өндірістің қол жеткізер деңгейінің шоғырлы көрініс белгісі, ғылыми жетістіктерді енгізудің тәсілі мен нәтижесі. Кез келген іс-әрекет негізінде технология немесе өнерлік сипат бар. Өнер сезімге негізделеді, ал технология ғылымды арқау етеді.

Технология әзірге түзелмесе, онда жеке шеберлік үстемдік алады. Бірақ, ерте ме, кеш пе, «ұжымдық шеберліктің» жинақты көрінісі технологияға айналады. Соңғы кезге дейін «ой шығармашылығы», оның ішінде адам тәрбиесі де технология түсінігінен тыс болатын. Қазіргі педагогикалық теория технологияның мақсаттылығын, пайдалы және ұтымды екендігін мойындайды, бірақ мектеп өндірісіндегі технологияның механикалық түрде өтуімен ешбір келіспейді. Мектеп тәрбиесі

мен өндіріс түсінік, талаптары бір бірінен алыс емес. Өндіріске де мектепке сияқты қоғам өзінің әлеуметтік тапсырысын жасайды, өндірістегі сияқты мектептің де алдына қойылған міндеттеріне сәйкес, белгілі материалдық қорының болуы көзделеді. Осы міндеттерді шешуде өндірістегідей талап, тәрбие үдерісіне бағытталады. Бұл үдерістің негізі — жоспарланған нәтижеге жету тәсілдерімен, сол тәсілдердің нобайлануы және олардың адамдар іс-әрекетін және қылығын басқаруға байланысты педагогтардың тәрбиелік іс-әрекетінде көрінуі. Мұндағы педагогтардың басқару іс-әрекеті — өндірістегідей жүйенің жағдайы және оның тиімділігін сипаттайтын ақпараттарды пайдалану. Мектептегі тәрбие жүйесі, сонымен бірге өндіріс секілді қоғамдық мақсаттар жолында материалдық қорды іске қосып, педагогтар ұжымына арналған оқу-тәрбиелік міндеттерді шешу бағдарын түзеді, яғни әртүрлі іс-әрекеттер басқаруын ұйымдастырып және орындаушыларды қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін коммуникативті желіні іске қосады. Бірақ, адам тәрбиелеу технологиясының өзіндік ерекшеліктері болатынын ескеру қажет. Өндірістегі қарапайым да анық жұмыс барысына қарағанда мектептегі технологияның күтілмеген күрделі жәйттері мен белгілері сан қилы, олар:

1. Тәрбие үдерісінің өндірістік үдерістен айырмашылығы — оның біртұтас болуында. Тәрбиені жеке амалдарға бөліп-жаруға, жеке қасиеттер қалыптастырып, педагогикалық ықпалдарды кішігірім қадамдар ретінде іске асыру қиынға соғады, тәрбиелік ықпал бірізді — параллель сұлбада емес, кешенді түрде орындалады;

2. Сапаларды қалыптастыру әдістемесін, яғни «технологиялық амалдарды» игеруші тұлғаны тәрбиеге тарту мәселесін өте байыппен, салмақты шешу керек. Тәрбиеші міндеті — технологиялық үдерісті басынан аяғына дейін жүргізу. Осыдан тәрбие жалпы технологияға негізделген **жеке шеберлікпен** ұштасады;

3. Тәрбие технологиясы барлық тәрбиешілерге ортақ, ол тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, оны дамыту жолындағы барша кезеңдерімен толық қабылдануы тиіс. Оларды анықтап, нәтижеге жету бағыт-бағдарын көрсету — педагогика ғылымының міндеті. Тәрбие мәселелерін технологиялық шешуде әрбір тәрбиеші өз мүмкіншілігіне және нақты жағдайларға байланысты шеберлік әрекетін пайдалануы тиіс. Қазіргі тәрбие тәжірибесі өзінің өтпелі кезеңінде тұр. Тәрбиешілердің көбі ғылыми технология бойынша жұмыс істеуді әлі де мойынсынбайды, дегенмен, пай-

дасы көп, сарапталған технологиялық жаңалықтарды енгізуге педагогтар қауымы ыңғай танытуда.

Қазіргі заман тәрбие технологиясы кешенділік бағыт мәселесін шеше отырып, келесі талаптарға жүгінеді:

1. Тәрбиеленушілерге үш бағытта, яғни санасына, сезіміне және қылықтарына әсер ету;

2. Тәрбие және өзіндік тәрбие бірігімі арқылы ұнамды нәтижеге қол жеткізу;

3. Тәрбиеге қатысты барлық жағдаяттардың бірлігі мен реттелуі — тәрбиеге кешенді түрде қараудың кезек күттірмес шарты;

4. Тұлғада қалыптасатын қасиеттер тәрбие істерінің жүйеленгеніне тәуелді. Бұл істер бір арнаға түсіп, үдерістегі ой, дене, адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбиесі міндеттерінің бір мезетте орындалуына жол ашып, кешенді сипатта болуы қажет.

5. Тәрбиедегі сыртқы және ішкі жағдаяттар мен олардың өзара байланысын ескермей тұрып, басқару табысты болмайды. Сипаты туралы педагог ескеруге тиіс негізгі жағдаяттар: 1) оқушының өмір сүру қалпы; 2) әртүрлі аймақтардың өмір сүру жағдайлары мен үрдіс-салты; 3) бұқаралық ақпарат және насихат құралдары; 4) ұжымның өмір сүру жағдайы мен даму деңгейі; 5) шәкірттің ұжымдық қатынас жүйесіндегі жағдайы; 6) тәрбиеленушінің жеке тұлғалық ерекшеліктері.

## 42-сұрақ

---

### Тәрбиелік істер

#### Жауап

Тәрбиенің жүйелілігі, кешенділігі, бірізділігі, үздіксіздігі «**тәрбие ісі**» деген түсінік береді. Бұны соңғы кезде теоретиктер мен практиктер көп қолданып жүр. Тәрбие ісі — тәрбиеленушілердің нақты іс-әрекетін ұйымдастыру мен дамытудың бір түрі (формасы). Тәрбие ісінің ең басты ерекшеліктері — қажеттілігі, пайдалылығы, міндетті орындалатындығы.

Тәрбие үдерісі үздіксіз жалғасты тәрбие ісінен тұрады. Тәрбие ісі ұжымдық және шығармашылық сипатта болатындықтан және **ұжымдық тәрбие істері** немесе **ұжымдық шығармашылық іс-**

**тер** деп аталады, тәрбие ісі — тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара байланысты әрекеттерінің формасы.

Тәрбие ісі өз құрамында адамгершілік, эстетикалық, саяси, ақыл-ой әсерлерін топтастырады. Іс-әрекеттік тұрғыдан тәрбие ісі тәрбие бағытын көрсетсе, кешенді қолдануынан тәрбие сипаты мен мазмұны анықталады.

Тәрбие ісі педагогикалық сәйкес, негізінен, сабақтас құралады. Кез келген тәрбие ісі кезеңдері: 1) мақсат анықтау; 2) жоспарлау; 3) дайындық және ұйымдастыру; 4) жұмыстың міндетті түрде іске асуы; 5) нәтижелерді талдау.

Тәрбие ісінің **мақсаты мен жоспарлауының негізгі көздері:** 1) қоғамдық жағдайларға негізделген әлеуметтік болмыс; 2) белгілі бір кезеңге арналған тәрбие, тәлім мекемесі жұмыстарының бағыты; 3) тұлғада қалыптасуы қажет сапаларға нақтама. Осындай негізгі көздердің бәрі тәрбие ісінің өмірлік күшін толықтырады, оның нақты бағыты мен көкейкестілігін айқындауға көмектеседі. Нәтижесінде төмендегі сұрақтарға оңды жауаптар беріледі:

- а) Тәрбиелік ықпал бағытталаатын ұжым сипаты қандай?
- б) Оның осы бағыттағы даму деңгейі қай дәрежеде?
- в) Істерді орындау барысында неге қол жеткізу керек?
- г) Жоспарланған нәтижеге қандай тәрбиелік құралдар жүйесі арқылы жетуге болады?

Тәрбие ісінің педагогикалық тәжірибесін жалпылау арқылы келесі әдістемелік ережелерді ұсынуға болады:

1. Тәрбие ісінің міндеттерін терең түсіну;
2. Тәрбие ісі педагогикалық іс-әрекетке нақты және кешенді назар сала білуден құралады;
3. Үдерісте тәрбие ісінің міндеттері шешімінің баламалылығын қолдау қажет;
4. Тәрбие ісінің міндеттері мен жағдайларына қарай олардың мазмұнын анықтап алу өте маңызды;
5. Тәрбие ісінің әр кезеңіндегі істер мен құралдар саналы түрде жобаланады;
6. Тәрбие ісінің дайындық кезінде мейлінше ұйымдастыру сапасына мән беру керек;
7. Тәрбие ісінің көптүрлілігі міндетті;
8. Тәрбие ісі адам көңілінің ең әсерлі қозғаушы күші ретінде қабылдануы тиіс;
9. Тәрбие ісі «сіңірлі» үдеріске көнбейді, икемділік және тапқырлықтың кеңдігі — тәрбие ісінің өзіндік ерекше белгілері.

## 43-сұрақ

### Әлеуметтік бағдарлық тәрбие істері

#### Жауап

Тәрбие ісі **мақсаттарына** қарай бірнеше түрге бөлінеді: этикалық, әлеуметтік бағдарлы, эстетикалық, танымдық, спорт және дене тәрбиесі, экологиялық, еңбектік және т.б. Қоғамдық маңызы бар қасиеттерді тәрбиелеу мақсатындағы тәрбие ісін әлеуметтік бағдарлы деп атайды. Бұл бағыттағы тәрбие ісінің негізгі мақсаты — **жастарда әлеуметтік қатынастар жүйесін қалыптастыру.**

Тұлғаның негізгі әлеуметтік сапаларының аса маңыздысы — қоғамда, мемлекетте, әлемде болып жатқанның барлығына жеке азаматтық баға білдіре алу. **Азаматтық борыш** — қазіргі жағдайда аса көкейкесті мәселе. Бұл сапа **тәртіптілікпен**, яғни тұлғаның маңызды әлеуметтік-адамгершілік қасиетімен тікелей байланысты. Тәртіп негізінде ғана әлеуметтік қатынасты пайымдауға, оны ұғуға болады. Тәртіптілік әр адамның қоғам талаптары мен қылық ережелерін саналы орындау әрекеттерінде көрінеді.

Саналы тәртіпті үйретудің негізгі жолы — тәрбие ісін ұйымдастыру. Бұл жұмыстың мақсаты — балаларды әрекет-қылық ережесін, күн тәртібі талаптарын сақтауға, өмірлік іс-әрекеттер тәртібін орындауға үйрету. Ол үшін әрбір тәрбие орнында мінез-қылық ережелері белгіленеді. Ал, бұл ережелер бір жағынан қоғамдық мораль принциптерін танытса, екінші жағынан сол мекеменің жұмыс ерекшелігін білдіреді.

Тәрбие ісінің табысты болуына арқау тәртіптілік бағытындағы жалпы талаптар: 1) әрбір жаңа іс бұрынғыға негізделе отырып, сапалы тәртіп дайындығын жоғары деңгейде жалғастыруы міндетті; 2) тәрбие ісі принциптерге сәйкес, бірақ стандартқа қатып қалмай, орын және уақыт жағдайларын ескеруі шарт; 3) тұлға тәрбиесі бөлшектеліп емес, біртұтас жүретіндіктен, тәрбие істері де белгіленген нақты, жинақы жүйеде орындалуы қажет. Егер тәртіптілік сапасы үнемі өзгеріп жатса, онда педагог әрекет-қылық, мінез ауысуларының қайда, қашан басталғанын зерттеп үйренуі керек. Педагог шеберлігі тәрбие ісі белгілі кезеңде тәрбиеленушіні жаңа сапаға бағыттай алуынан көрінеді.

Тәрбие ісін дұрыс ұйымдастыруға кедергі жасайтын себептер:

- 1) Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының нашар құрылуы;
- 2) Тәрбие жұмысының біржақтылығы, яғни тәртіптілік басқа сапалардан бөлініп қалады немесе оларды кезекпен дамыту ұстанымы белең алады;
- 3) Тәрбие жұмыстарындағы науқаншылдықтан бірізділіктің болмауы;
- 4) Тәрбие субъектінің қатынасындағы мәдениеттің кемдігі;
- 5) Формализм, педагогтың тек әсіре көрсеткішке көңіл бөлуі;
- 6) Тәртіп жолдарын пайдаланудағы қателік: орынсыз төмен не асыра бағалау;
- 7) Тәрбие ісінде әрекеттердің келісімді жүйесінің болмауы, басты мәселе тасада қалып, елеусіздеріне үміт арту.

## 44-сұрақ

---

### Этикалық тәрбие істері

#### Жауап

**Адамгершілік тәрбиесі** — бұл тәрбиеленушінің қоғамдық мораль талаптарына сай санасына, сезіміне, әдет-қылығына, мақсат бағытына жүйелі түрде ықпал ету. Адамгершілік тәрбиесінің негізгі міндеттері: 1) ізгілік сана қалыптастыру; 2) инабаттылық сезімдер тәрбиелеу және дамыту; 3) адамгершілік әдет-қылықтың ептіліктері мен дағдыларын орнықтыру.

Адамгершілік тәрбиесінің құрамы: адам және қоғам байланысын қалыптастыру, өз қылығының қоғаммен сәйкес болуы қажеттігін сезіндіру; адамгершілік білімді адамгершілік нанымға ауыстыру; тұрақты адамгершілік сезімдер мен сапалар орнықтыру; адамның басқалармен қатынасындағы жоғары мәдениет пен инабат әдеттерін бекіту.

Қазіргі мектепте адамгершілік тәрбиесінің мазмұны жалпы адамқұндылығын жоғарылату қажеттігінен көптеген өзгерістерге бет бұрды. Осыдан әрбір тәрбиеленушіге келесі мәселелердің маңыздылығын түсіндіруіміз қажет: 1) адамға ең қымбат — өмір; 2) балалар — өмір жалғасы; 3) тәртіптілікпен байланысқан еркіндік; 4) отансүйгіштік (патриотизм); 5) ұлтжандылық; 6) интер-

национализм; 7) борыш, ар, намыс, ождан, тәртіп сақтау, кішіпейілдік және т.б.

Тәрбие ісінің этикалық бағыттағы құрылымына педагог адам мораль туралы мәліметтер ендіреді. **Мораль** — адам санасының формасы және адамзат мәдениетінің бөлігі. Мораль принциптері мен мәнін түсінуден тәрбиеленушілер өздерінің және басқа адамдардың қылықтарын дұрыс бағалауға үйренеді. Адамгершілік жағынан тұрақталған тұлға моральдық талаптарының шындығына сенімді болады, оларды орындау қажеттілігін мойындайды. Бірақ, адамгершілік қалыптарын білу, түсіну, әрі наным-сенімдер бекуін өзінше қамтамасыз ете алмайды. Адамгершілік білімдер баланың өмір тәжірибесіне өтіп, ой толғанысына еніп, тәрбиеленушілердің өзіндік талқы сарабына түскенде ғана адамгершілік нанымдар дәрежесіне көтеріледі. Этикалық тәрбие ісінің ең басты мақсаты — адамгершілік мінез-қылықтарды қалыптастыру. Тәрбие ісі күнделікті өмір жағдайындағы адамгершілік іс-әрекет **бірлігінен** құралады. Өз қылықтарымен адам айналамен байланысып, қарым-қатынас түзеді. Адамгершілік әдет-қылық тудыру үшін соған сәйкес жағдай жасау керек. Жоғары адамгершілік іс-әрекет қажеттігін қалыптастыру — этикалық тәрбие ісінің маңызды бөлігі.

Адамгершілікті қажеттіліктің көмегімен ізгілік мораль негізі — **еркін таңдау** мүмкіндігі туады. Адамның еркін таңдау мүмкіндігін дамытудан этикалық тәрбие ісі қызметі іске асады. Әдет-қылықтар жүйесі **адамгершілік әдеттерді** қалыптастырады. Әдеттерден адамгершілік қылықтарды қалау тұрақты қажеттілікке айналады. Әдеттер қарапайым (қарым-қатынас ережесі, жүріп-түру мәдениеті, тәртіп) және күрделі болады (еңбекке дайындық және оны қажетсіну). Этикалық тәрбие ісін орындау мақсатында мектеп тәжірибесінде тексерілген келесі ережелерді негізге алған жөн:

1. Адамгершілік тәрбие үдерісі адам үшін «күреске» айналуы тиіс. Тәрбие «күрес» емес, күнделікті күрделі жұмыстан тұратын ұзақ мандай тер ісі;

2. Тұлғаның ізгілікті қасиеттері өмір қажетінсіз қалыптаспайды;

3. Тұлғаны жақсылық жасауға ынталандыратын жағдайлар туындату қажет;

4. Бірнеше әдетті қатар бір мезетте дамытуға болмайды, жан қылықтары болса, одан арылуы тиіс, олардың жақсы не келеңсіз екенін түсіндіру қажет;



5. Жоғары адамгершілік қасиет қарапайым, жәй нәрселерге негізделеді: сыпайылық, есіркеушілік, өнегелі сөйлеу мәнері — гуманистік міндеттің арқауы;

6. Ұжымдық, азаматтық тәртіпті түсіну сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу үшін арнайы әдеттерді ұғыну керек: олар басқаларға қамқорлық, адамды түсіну, өзіншілдік сезімін тежеу, ұжым талабын орындау, қауым алдындағы міндеттер, өз ісі мен сөзіне жауап беру, т.б.;

7. Мораль арқылы жаман әдеттерді айыра білу: өте қатты сөйлеу, басқалар сөзін бөлу және тыңдамау, тырнақ тістелеу, қол сілтеу, т.б.;

8. Арнайы мысалдар арқылы жастарға бір қарағанда елен-бес әдеттердің салдарынан болашақ өз өміріне келетін зиянды түсіндіру, әрі нақты көрсете білу.

## 45-сұрақ

### Эстетикалық және дене шынықтыру тәрбие істері

#### Жауап

**Эстетикалық (әсем) істер** — арнайы бағыттағы тәрбие жұмыстарының жалпы атауы, **мақсаты** — өмір шуағы, әсемдігін сезе білуге баулу: еңбекке, қоғамдық іске, табиғатқа, өнерге, өз қылығына деген ізгілікті қатынас түзуге үйрету. Бұл тәрбиенің басты міндеті — эстетикалық түсінік, баға, талқы, қажеттік, таңдау қабілеттерін дамыту. Эстетикалық тәрбие тұлғада әсемдік сезімін оятады. Адам әсемдікті сезінуден, өз өмірін сұлулық заңымен құруға ұмтылады. Эстетикалық тәрбие адамгершілік, ақыл-ой, еңбек және дене тәрбиесімен тығыз байланысты. Табиғатқа, әдебиетке, театрға, ән-күйге, поэзияға, көркем сурет және т.б. өнерге деген сүйіспеншілік адамның жан-жақты саналы дамуына әсер етеді. Әсемдік рахаты әр адамды жақсылыққа, ұжымшылдыққа, адал еңбекке жетелейді. Ал, дене тәрбиесі сұлулықтың көп белгілерін: дене дамуының үйлесімі, жүріс-тұрысы, адам мінезі, ойлау мәнері, т.б. қалыптастырады.

Эстетика категорияларының ең негізгісі — әдемілік, әсемдік. Әсемдік — бұл өмірдің өзі, бұл табиғат және адам қарым-қатынасы мен оның еңбегінің жемісі. Тәрбие ісі үдерісінде эстетикалық білім дамыту шаралары — бұл конкурс, викторина, мектеп мерекелері,

үйірмелер, шығармашылық топтар, т.б. Тәрбиеленушілер оларда қысқаша мәлімет алып қана қоймай, эстетика ғылымын толықтай түсінуге бастау алады. Бұл сабақтар шәкірттерге эстетикалық таным заңдары мен заңдылықтарынан, өнердің жалпы принциптерінен ақпараттар береді. Тәрбие ісін ұйымдастырғанда эстетикалық қабылдаудың психикалық заңдылықтарын ескеру керек. Эстетикалық қабылдаудың маңызды тұсы — шындықты бейнелеумен бірге жүретін адамның көңіл шарпулары. Жоғары көркемөнер шығармаларын қабылдай отырып, адам қуаныш пен тебіреніс, қорқу мен үміт сезінеді. Бұл сезімдер балаларды әсемдік заңымен өмір сүруге бағыттайды. Эстетикалық тәрбиенің көптүрлі құралдары көркемдік жұмыстарда көрінеді. Тәрбие ісінің эстетикалық бағыттағы құралдары сан алуан: табиғат, еңбек, адам қатынасы, өнер және т.б., тәрбиелеу көздері — қоршаған орта, таным үйрету еңбегі, өнер әлемі, музыка, суреткер шығармасы, т.б.

Қазіргі педагогика тәрбие ісін әртүрлі бағытта ұйымдастыру және өткізуде үлкен тәжірибе жинады. Олардың ішінде: конкурстар, викторина, мектеп мерекелері, үйірмелер, шығармашылық топтар, ұжымдық жаңа жұмыс формасы, «болашақ жұлдыздар» концерті, қуыршақ театры, әдеби-шығарма конкурсы, ұнамды сабақ эстафетасы, гигиеналық мәдениет. Тазалық пен тәртіпті тек тәлім орындарында емес, сол аймақта сақтау қажеттігімен байланыстыру — бұл эстетикалық тәрбие бағытындағы жұмыстар.

Тәрбие ісінің дене шынықтыру бағытындағы мақсаты дене саулығы және тән сұлулығы тәрбиесі міндеттерінен туындайды. Олар:

- 1) Дене шынықтыру, салауаттылыққа дағдыландыру, дұрыс өсуіне көмектесу;
- 2) Спорт — дене тәрбиесі білімдерін меңгерту;
- 3) Қозғалыс дағдылары мен біліктерін дамыту;
- 4) Қозғалыс сапасын дамыту (күш, ептілік, т.б.);
- 5) Адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу (ерлік, тұрақтылық, тәртіп, ұжымшылдық);
- 6) Эстетикалық қасиеттерді қалыптастыру (дене түзулігі, жүріс-тұрыс мәдениеті);
- 7) Дене шынықтыру мен спортпен үнемі айналысуды әдетке айналдыру;
- 8) Гигиеналық дағды мен ептілікті қалыптастыру.

Дене тәрбиесі бағытындағы істер алға қойылған көптарапты міндеттерді адамгершілік, ой-сана, эстетика, еңбектік тәрбие түрлерімен бірге шешуге көмектеседі. Бұл бағыттағы тәрбие ісінің кең тараған түрі — сабақ алдында мектептегі еңбек күнін бастайтын дене машықтары.

## 46-сұрақ

---

### Экологиялық және еңбектік тәрбие істері

#### Жауап

Қазіргі кезеңде экологиялық апат қаупінің алдын алатын, табиғатты қорғау жұмыстарын жүргізу көкейкесті мәселелердің бірі болып тұр. Өмір біржақты экологиялық тәрбие ісімен шектелмей, оларды үздіксіз табиғат қорғау әрекетімен байланыстыруды, еңбек тәрбиесімен ұштастыруды талап етеді. Осыған орай, тәрбие ісі бастауы экология туралы білімдерге, яғни қажетті ақпараттарды қабылдау, талқылау, түсінуге негізделеді. Жергілікті материалдар мен экология туралы жалпы мәліметтерге қосымша табиғатқа көмек қажеттігін түсіндіру — педагогтың тікелей парызы. Егер жасөспірім өзінің ертеңгі күні, өзімен бірге достары және жақындарының бақыты ауаның, судың тазалығына байланысты екенін түсінсе, жасыл желек пен ағын суды таза ұстауға көмек тигізсе, оның табиғатты қорғаушылар қатарында болғаны.

Экологиялық тәрбие ісі негізі — табиғатты қорғау ниеттерін тәрбие жүзінде іске асыру. Бұл істің көзі адам өмірінің бастауы — жер, су, ауа, аң, өсімдік. Аймақ қажеттігі, жергілікті табиғат жағдайы тәрбие ісі бағытын, түрін, оны ұйымдастыру және іске асыру формалары мен мазмұнын анықтайды (жасыл патрульдер, орман достары, аңдар мен құстар қорғаушылар тобы).

Рухани және материалдық байлық — еңбек жемісі; еңбектің арқасында адам кемелденеді, өз тұлғасын қалыптастырады. Сол үшін мектептегі еңбек тәрбиесі шәкірттерді психологиялық тұрғыдан және тәжірибе жүзінде еңбеккерлікке дайындауға бағытталуы тиіс. Қазіргі экономикалық және қоғамдық даму кезеңі тұлғаға жоғары талаптар қояды:

- 1) Еңбекті маңызды қоғамдық борыш ретінде бағалай білу;
- 2) Барлық жұмыс түрлерінің маңыздылығын тану, еңбекті және оның нәтижесін құрметтей білу;
- 3) Еңбекте үнемі белсенділік, жаңалық, шығармашылық таныту;
- 4) Ой-сана және дене күші деңгейіне қарай еңбек ету қажеттілігін іштей сезіну;

5) Еңбекті ғылыми ұйымдастыру принциптеріне сүйене жүргізу;

6) Еңбекке адам өмірінің негізгі қажеттігі ретінде қарым-қатынас жасау.

Еңбекке психологиялық дайындық тәрбие ісі жүйесінде қалыптасады, ол келесі міндеттер негізінде шешіледі:

- 1) еңбек мақсаты мен міндетін түсіну;
- 2) еңбекті қажетсіну;
- 3) еңбек дағдылары мен біліктерін қалыптастыру.

Елде экономика және экология жағдайларының өзгеруі, маңызды заңдар қабылдануы еңбек тәрбиесінің бағытына өзгерістер енгізеді. Еңбек тәрбиесі үдерісінде алған білім, ептілік және дағдылардың негізгі мақсаты немесе педагогикалық істің соңғы жемісі емес, ол тұлғаның басты қажеттілігі — еңбек ету қабілетін дамыту құралы. Еңбекке үйрету мен оған байланысты тәлімді ұйымдастыру формаларын заман ағымына орай мұғалім таңдайды. Еңбек сүйікті іске айналуы үшін балаға еңбектің жемісі мен одан болатын қуанышын сезіндіре білуі керек. Сол үшін тәлім ісін жоғарылай сатылап, бірақ қол жететін деңгейде құру керек: істеген еңбегінің жетістігін түсінген жасөспірім өзіне сенімі артып, еңбегін мақтаныш ете бастайды.

Еңбек тәрбие ісінің белсенді бағыты сынып жетекшісінің өз жұмыс тәжірибесіне байланысты. Осыдан мектеп тәжірибесіне көптеген жаңа жұмыс формалары енуде. Олар: еңбек вахтасы, еңбек мерекесі, жасалынған заттар көрмесі, тазалық сақтау, гуманитарлық көмек, мектепті көгалдандыру, колөнершілер сайысы, жақсылық жасау аптасы, көңілді ұсталар қаласы, еріктілер жұмысы, қамқоршылық көмек, ниеттілер көмегі, еңбек десанты, мектеп жөндеу бригадасы және басқалар.

## 47-сұрақ

---

### Әлеуметтік жұмыс

#### Жауап

Өткен жүзжылдықта үшінші Еуразиялық революция тыныш та, қантөгіссіз өтті. Ескірген мемлекет және оның қоғамдық құрылымы опат болып, өзімен бірге байырғы тәрбие

жүйесін де жойып тынды. Мұның зардабы, ең алдымен тұлға қалыптастыруда жетекші маңызға ие болған қоғамдық және отбасы тәрбиесін күйзеліске түсірді.

**Қоғамдық (әлеуметтік) тәрбие** — бұл «адам-адам» қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар мен осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер (қайырымдылық қорлары, ұйымдары, қоғамдар, бірлестіктер, т.б.) тарапынан болатын істер. Қоғамдық тәрбие мәселесін *арнайы педагогика* саласы зерттейді. Оның пәні — тұлға қалыптастыруда ықпал жасайтын *қоршаған орта заңдылықтары*. Дәлірек айтсақ, отбасы, ресми ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, діни-руханият мекемелерінің қоғам мүшелеріне жасайтын әсерлері.

Педагогиканың басты назары тағдыр тәлкегінен адасқан «тәуекелшіл топтарға» (нашақорлар, маскүнемдер, жезөкшелер, бас бостандығын өтеп жатқандар, қылмыстық топтарға іліккендер мен заңға қайшы діни секта арбауына түскендер және т.б.) аударылады. Мұндай адамдар маманданған педагогикалық жәрдемге өте мұқтаж келеді. Әлеуметтік педагогика шұғылданатын және бір өмір саласы — бұл ересектер мен кәрілер тәрбиесі, нарықтық экономика қыспағынан өзгеріске келген адамаралық қатынастар, аяусыз бәсекелестіктер жағдайына жеке тұлғаларды икемдестіру, Сонымен бірге, бұл педагогика саласын қызықтыратын мәселелер — қызмет бабында көтерілу, әйел-қыздар тәрбиесі, кәсіптен қанағат табу, жұмыстан бос уақытты пайдалы ұйымдастыру. Адамдарды рухани кемелдендіруге орай діни мекемелермен белсенді байланыс жасау тетіктері де осы әлеуметтік педагогиканың айналысатын шұғыл міндеттерінен тұрады. Қоғамдық тәрбие өркениетті елдерде тұрақты тәрбиелік іске айналып, кәсіби деңгейге көтерілген. Бұл сала батыстық педагогика ғылымында *«әлеуметтік жұмыстар»* атамасымен қабылданған.

«Әлеуметтік жұмыстар» — адам мен адамның инабаттылық қатынастары қажеттігінен туындаған іс-әрекет құбылысы. Бұның бастауы ежелгі дүниеден келе жатқан адам қайырымдылығы мен Жаратқан алдындағы борышты сезінуден, қасіретті жандарға қол ұшын беру жүйесі ретінде қалыптасқан. Дегенмен, арнайы дайындықты қажет еткен бұл әлеуметтік жұмыстар біздің бүгінгі заманымызда ғана қоғамдық кәсіп түрінде танылып отыр.

Әлеуметтік жұмыстар, сонымен бірге — адамның қоғам қолайсыздықтарына икемделуін жеңілдететін үздіксіз, жүйелі орындалып баратын іс-шаралар бірлігі. Тәжірибе көрсеткендей,

жекеленген, нақандық тәрбие істерінен түсер пайда шамалы, сондықтан әлеуметтік жұмыстар мемлекет және қоғамдық көзқарас қолдауымен ұйымдасқан қуатты кәсіби ұйымдарды (коммерциялық, коммерциялық емес) сүйеніш етеді. Әлеуметтік жәрдем — бұл қоғамның жоғары мәдениеті мен өркениеттілігінің көрсеткіші. Әдетте, мұндай істер барша қауымның қолдауы мен сый-құрметіне ие болып, жоғары беделімен танылуда, мысалы, «Бөбек» қайырымдылық қоры — елімізде алғаш ұйымдастырылып, бүгінде мол игілікті әлеуметтік шараларға бастау берген әлеуметтік мекемелердің ең танымалы.

Әлеуметтік педагог қызметін рухани-имандылық борыш ісі, кәсіби қызмет және бизнес ретінде қарастыруға болады. Өз тәжірибелік іс-әрекетінде алғашқы батыстық әлеуметтік тәрбие қызметкерлері кең ауқымды мәселелермен шұғылданған: адамдарға тіл үйрету, индустриалды қоғамда қызмет етуге қажет ептіліктер мен дағдыларды меңгеруде жәрдемдескен. Әлеуметтік педагогтар өз алдына қоғамдағы әділетсіздік пен теңсіздікті (әсіресе, әйелдер мен балаларға байланысты) жою және ғылым жетістіктерін кедейлерге жәрдем көзі ретінде пайдалану мәселелерін қойып, оларды шешуге ұмтылыс танытуда. Олардың пайымдауынша, әлем халықтарының жоқшылық жағдайдағы тұрмысы себептерін тек ғалымдар ғана шеше алады, ал ғылыми әдістеме нақты ұсыныстардың іске асуын тездетеді.

«Тәжірибелік әлеуметтік жұмыстар» 1970 ж. бері қолданыста. Алғашқыда бұл жұмыс түрі әрқилы түсіндіріліп, **әдіснамалық тұрғыдан** қажетсінушілермен (қорғаушы адвокатқа ісі түскен, алыс-беріс жүргізуші мекемелерге қатысты арызы барлар) жұмыс, топтар мен қауымдардағы істер; **бағыт-бағдар тұрғысынан** — балаларды әлеуметтік қамсыздандыру, отбасылық көмек қызметтері, дәрігерлік жәрдем, тәрбиелік түзету мекемелеріндегі жұмыстар; әлеуметтік қызмет аясына түскен адамдар мен **даудамайлы топтар** — кедейлер, мүгедектер, есі ауысқандар, ақылы кемдер, қараусыз қалған балалар, маскүнем және нашақорлар. Әлеуметтік қызметтер мән-мағынасы біртіндеп аталған тар бағыттағы істерден кең қоғамдық маңызды мәселелерді қамти бастады. Олардың ішінде бастылары: жекеменшік құқықтарының бұзылуы, балаларға қастандық, ерлі-зайыптылар жанжалы, психикалық және тән сырқаттары, қаңғыбастық, қоғамнан аласталу, оқу жасындағылардың мектептен тыс қалуы, балалардың отбасын жатсынуы ж.т.б. Бұдан былай аталған мәселелерді топтар бойынша арнайы мамандандыру қажеттігі туындап отыр,

себебі әлеуметтік қызметтердің байыпты да терең дайындығы үшін бұл өте қажет.

Қазіргі күнде **әлеуметтік тәжірибе** жұмыстары келесі салаларға бөлінген: қоршаған орта, балаларға жәрдем, денсаулық және салауатты өмір, есі ауысқандармен жұмыс, кәсіптік дайындық, кәрілер мен жетімдерге қамқорлық, сауат ашу, білім көтеру, тәрбие түзету мәселелері. Бұл — мамандануға болған аса кең бағыт-бағдар. Осыдан белгілі әлеуметтік бағытты таңдаған маман өзінен жәрдем күткен адамдар мен топтар жөнінде қажетті білімдерді жеткілікті игеріп, туындаған мәселелерді шешуде жоғары біліктілік танытуға ұмтылғаны жөн.

Бұрынғы ТМД елдерінде әлеуметтік тәрбие жұмыстары осы күнге дейін ескірген мемлекеттік жүйеден босай алмай отыр. Ал, осы үдерісті жандандыруға тиіс қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер селқостық танытуд. Қоғам мен әрбір жеке адам үлкен күйзеліске түсіп, қайдан жәрдем күтерін білмей алаңдауда. Сондықтан да әлеуметтік қызмет көздерін тез дамытып, нарықтық заман адымына жедел жәрдемге келу — бүгінгі күннің шұғыл да көкейкесті мәселесі

## 48-сұрақ

### Отбасы тәрбиесі

#### Жауап

Отбасы тәрбиесі — көзделген нәтижеге жету мақсатында **ата-аналар мен жанұя мүшелерінің тарапынан жасалатын ықпал** үдерістерінің жалпы атамасы. Әлеуметтік, отбасы және мектеп тәрбиесі ажырамас бірлікте орындалатын істер ауқымын құрайды. Отбасылық тәрбиенің мектеп тәрбиесімен тоғысқан тұсындағы мәселелер **жалпы педагогикада** қарастырылады да, ал сол мәселенің әлеуметтік жағдайлары **әлеуметтік педагогиканың үлесінде**.

Отбасының жетекшілік маңызы онда тәрбиеленіп жатқан адамның тән-дене және рухани дамуына әсер етуші ықпалдар мәні мен мағынасының тереңдігіне тәуелді келеді. **Бала үшін отбасы бір, жағынан тіршілік қоршауы болса, екінші тараптан тәрбиелік орта.** Баланың алғашқы өмірі жағдайындағы отбасы

ықпалы басқа жағдайлар мен кейінгі жас кезеңдерінде болатын ықпалдардан басымдау келеді. Зерттеу деректеріне сүйенсек, отбасы — бұл мектеп те, ақпарат көзі де, қоғамдық ұйымдар да, еңбек ұжымы да, дос-жарандары да, отбасы — бұл әдеп пен өнер кілті. Осыдан, педагогтар нақты да дәл тұжырымға келіп отыр: **тұлғаның қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасыға тәуелді.** Неғұрлым отбасы жақсы болып, оның тәрбиелік ықпалы ұнамды келсе, тұлғаның тән-дене, рухани-адамгершілік, еңбектік тәрбиесінің өнімі де жоғары. Аса бір кездейсоқтық болмаса, әр уақыт тұлғаның кемелденуі келесі заңдылыққа тәуелді: **жанұя қандай болса, онда өсіп, ер жеткен адам да сондай.**

Жеке адамның қалыптасу үдерісі мен оның нәтижесін көрсететін отбасы тәрбиесінің күші мен қуатын мойындайтын болсақ, ендеше мемлекет пен қоғам да тәрбиелік шараларын дұрыс жолмен ұйымдастыруда, ең алдымен отбасыға үлкен назар аударғаны жөн. Бұл — өркениетті елдер ұстанған бұлжымас ереже.

Неке мен отбасыға деген үстірт көзқарас, халықтық және ұлттық үрдістерді естен шығару, инабаттылық принциптерінен тайку, шектен тыс арсыздық пен маскүнемдік, іштей тәртіптің болмауы мен жыныстық салғырттық, ерлі-зайыптылар арасында жоғары белең алған ажырасулар — бәрі де отбасындағы бала тәрбиесіне болатын теріс ықпалдардың көзі.

**Отбасы — тұлға қалыптастырушы бесік.** Осыдан, «Азамат қалыптастырамын десең, бесігінді түзе» деп, ұлы ғұлама М. Әуезов бекер айтпаған. Отбасында адамаралық қатынастар негізі қаланады, бүкіл өмірге жетер еңбектік және әлеуметтік бағыт-бағдар түзіледі. Отбасында өз ретімен қарапайым да жеңіл шешіліп жатқан көптеген күйбеңдер баланың есейген, ересек шағында бітіскен шырғалаң күйге түсіп жататыны баршаға аян. Жоғарыда әңгіме арқауы болған тұжырымдарды жинақтаумен келесідей қорытындылар жасауға болады:

— отбасы ықпалы басқа тәрбиелік әсерлердің бәрінен де күштірек. Жас ұлғаюмен ол әсер бәсеңдеуі мүмкін де, бірақ ешқашан өз маңызын жоймайды;

— қандай да бір басқа жағдайларда қалыптасуы мүмкін болмаған сапа қасиеттер тек отбасында ғана өрісін алады;

— отбасы тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оның тәндік, моральдық және еңбектік тәрбиесіне болған мүмкіндіктерді мейлінше шоғырландырып, іске қосады. Қоғамның азамат мүшесі отбасынан бастау алады, қоғам келбеті отбасынан көрінеді;



— салт-үрдіс жалғастығын қамтамасыз ететін отбасы;  
— отбасының аса маңызды әлеуметтік қызметтері — азамат тәрбиелеу, елжандылық қалыптастыру, ұлтжандылыққа баулу, болашақ жанұя иегерін кемелдендіру және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру;

— отбасының кәсіп таңдауға да тигізер ықпалы орасан.

Нарықтық экономикалық жүйеге байланысты отбасындағы тәрбие жетімсіздігінің кейбір себептері ретінде келесі жағдайларды алға тартуға болады:

1. Көптеген еңбеккер отбасылардың экономикалық жағдайының әлсіздігі;
2. Қоғамдық өмір мәдениетінің төмендігі;
3. Отбасы анасы — әйел мойнына артылған екіталай міндет-жұмыс орнында, жанұяда — ауыртпалық;
4. Көптеген әлеуметтік-тұрмыстық және моральдық себептердің салдарынан болып жатқан ерлі-зайыптылардың ажырауы;
5. Бала тәрбиесінде ер адам әйел көмекшісі деген қоғамдық пікірдің белең алуы;
6. Күннен күнге шиеленісіп бара жатқан өулеттер арасындағы бәсеке, дау-дамай;
7. Отбасы мен мектеп арасындағы байланыстың күннен күнге әлсіреуі.

Отбасы дағдарысын ретке келтіру және оның тәрбиелік ықпалын көтеру бағытында қазіргі заман педагогикасы қандай тиімді ұсыныстар беруі мүмкін?

Бұл орайда педагогика қандай да тосын жаңалық ашып беруі мүмкін емес: тәрбиенің қоғамдық, экономикалық қатынастардың жалпы заңдылықтарына тәуелділігі — объективті шындық. Бәріміз де осы заңдылықтардың құрсауындамыз. Барша үмітімізді мұғалімге артамыз, тәрбиелік жақсылықтарымызды оның жанпидалығынан күтеміз. Жалған, алдамшы ой-пікірлерден арыла білген шынайы ұстаздың өз іс-әрекетін келесідей жоспарға орайластырғанын жөн деп білер едік: отбасындағы қатынастарды гуманизациялау, яғни адамиластыру. Әміршіл-әкімшіл ықпал, қатаң талап не үркіте зорлаудың заманы өтті — алдыратын лыпасы жоқ пенде неден қорықсын, тек кеңпейіл мұғалім жан дүниесімен сәулеленген қайырымдылық, мейір, нақты көмек, ұстаздық жанашырлық қана күйзеліске ұшыраған ата-аналар көңіліне демей беріп, өз перзенттерінің жарқын болашағы үшін қарбаласта оларды шаршап-шалдығудан азат етуі мүмкін;

— адамдардың рухани дүниесін қалыптастырып, нығайтуда зайырлы мектеп пен мұсылмандық тәрбие ошағы — мешіттердің ықпалдарын біріктіру, әрі осы ықпалдарды жалпыланған қызмет түрінде шашыратпай, нақты отбасының нақты тәрбиесіне бағыттау;

— педагогикалық мүдде-ниеттерді гуманитарлық қор, қоғамдар мен ұжымдар жұмыстарымен үйлестіре отырып, қайырымдылық-тәрбие бағдарламасын жасау. Ең бастысы, жалпы адамға, оның табиғатына берілген қайырымдылық пен мейірімге болған сенімінен ажырап қалмау — әрбір тәрбиешінің негізгі ұстанымы болғаны жөн.

Атам қазақ басынан талай «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламаны» кешкен, солай болса да ортасында жүрген дана тәрбиешілерінің, ғұлама ұстаздарының болуынан өз болмысын сақтап қалғаны баршаға аян. Дүние ауыспалы, ал педагогиканың міндеті қоғам өзгерістерінің ізімен жалғаса, дамып бару. Әр дәуір ұрпақтары арасындағы тартыс, бәсеке мәңгілік, бірақ олардың нақты кезеңдердегі шешімі әрқашан жаңаланып барғаны дұрыс. Ал, ондай шешімдерді ата-аналар есіне салу, отбасылық драмалардың астарлы, көзден таса бұлтарыстарын тереңнен түсіну — педагогтың міндеті. Қаншалықты отбасы болса, тәрбие ерекшеліктері де соншалықты мол. Алайда, олардың көптірлілігіне қарамастан, жанұядағы ересектер мен балалар арасында кезігетін қатынастардың жалпылай нобайын ажырата тану мүмкіндігі баршылық. Отбасындағы қатынастар тура сол қатынастардың қай бағытта, қай дәрежеде өсіп, өрістеуі мен балалар тәрбиесінде болған келенсіз ықпалдардың салдарына тәуелді анықталады. Олар:

1. Балаларына құрмет көрсете алатын отбасы;
2. Қайырқом, мейірлі отбасы;
3. Күнделікті дүниепараздыққа жүгінген отбасы;
4. Алауыз, жауласқан отбасы;
5. Теріс әлеуметтік бағыттағы отбасы;
6. Ата мен аналардың педагогикалық үйлесімсіздігі жайлаған отбасы;
7. Тұрпайы тәрбие әдістерімен қаруланған отбасы.

Отбасындағы тәрбие мазмұны демократиялық қоғамның өзекті мүдде-мұраттарына орайластырылады. Болашақтағы еңбектік, қоғамдық, отбасылық өмірге бейім, дені сау, психикалық болымды, адамгершілікті, иманды, парасатты тұлға дайындау — отбасы міндеті. Жанұялық, тәрбие мазмұнының

құрамды бірліктері ежелден белгілі бағыт-бағдарларды, тән-дене, адамгершілік-имандылық, сана-сезім, эстетикалық, еңбек тәрбиесін қамтиды, олар өз кезегінде жас әулетті экономикалық, экологиялық, саяси, жыныстық тәлім әдістерімен толықтырып отырады.

## 49-сұрақ

---

### Отбасылық тәрбие ережелері

#### Жауап

Ұзаққа созылған өз тарихы бар отбасы балаларды тәрбиелеу жөнінде орасан көп бақылаулар нәтижесін жинақтап, **қорытты**. Осы қорытулар негізінде аса маңызды тұжырымдар жасалып, олар отбасындағы балаларды тәрбиелеудің жалпы заңдылықтары ретінде белгілі жүйелерге орай топтастырылған. Дегенмен, олардың бәрі ғылыми заңдылық байланыс белгілеріне ие болмаса да, өз дәрежесі бойынша алғашқы тұрмыстық деректі пайымдар мен қарапайым көзқарас, пікірлерден жоғары келеді. Олардың бәрінің төркін мәні — ата-аналарға кеңес, отбасылық тәрбие ережелері.

Ата-аналар өз тәрбиелік әрекеттерін осы ережелер тұрғысынан салыстыра бағалап барады, сонымен бірге ережелер педагогтар үшін, әсіресе егде ата-аналарға өнімді де негізді кеңестер беріп отыруға қажетті.

Жалпы адамзаттық мәдениеттің бірегейлігі мен тұрақтылығын ескеретін болсақ, балалар ата-аналарынан өз тұлғалық қажет сапалары жағынан онша алшақтамайды. Егер әке мен шеше екеуінің болымды да болымсыз барша қажеттері мен сапаларының қосындысын тең ортадан бөлетін болсақ, олардың жұптастығынан болған баланың біршама дәл бейнесін алуға мүмкін екендігін ғылым дәлелдеп отыр. Бұдан табиғат-ананың біз үшін аса күрделі мәселе туындатпайтынын байқаймыз. Солай да болса, отбасындағы бала тәрбиесіне байланысты көкейкесті мәселе-сұрақтар түбегейлі шешімін таппауынан қате кемшіліктер бітер емес, бітпейді де.

Отбасы тәрбиесінің тиімділігін көтеруге кедергі болар жәйттер қандай?

Біріншіден, **нәсілдік**. Егер ата-аналардың өздері балалық шағында қандай да жүйке, тәндік, сана-сезімдік жүктемелерге кезіккен болса, олардың өз ұрпақтарында да қайталанатынына дайын болып, тумадан көрінетін дерттердің алдын алғаны жөн. Екіншіден, **өзгеріске түсіп, үздіксіз күрделеніп баратын балалардың болмыс, тұрмыс жағдайлары**, әлбетте, мұндай жәйттердің жүз беруі, бермеуі әрі соларға байланысты мәселе туындауы ата-аналардың өздеріне тәуелді. Үшіншіден, күннен күнге төмендеп бара жатқан **отбасылық тәрбие мәдениеті**. Әрине, бұл тұрғыдан ата-аналардың жетімсіз педагогикалық мәдениетін ғана кінәлап қоймай, халықтық тәлім-тәрбие үрдістерінен алшақтап бара жатқанымызды, барша қоғамдағы тәрбие салт-үрдістерінің келеңсіз бағытта белең алып жатқанын ескеріп барған жөн. Аталған және басқа да сан қилы әлеуметтік-қоғамдық себептер негізінде ата-аналар ықпалы мен бала тәрбиесінің сапасы арасында мың сан тәуелді байланыстар орбитіні белгілі. Солардың арасынан аса көзге түсер, маңызды болған жәйттерге талдау беріп және олар бойынша жасалатын тұжырымдарға орай ата-аналар мен педагогтарға қажетті кеңес, ұсыныстарды алға тартқан жөн болар. Отбасы проблемаларымен шұғылданушы әлеуметтік педагогика тәрбиеге байланысты аса нәзік те тереңдей жайлаған тәуелділіктерді байқастырып, оларды қазіргі заман балаларын қоғамдық оңды үрдістерге икемді тәрбиелеу сапасын көтеру үшін пайдалануды ұсынады. Олардың арасында елеулі маңызды болғандары:

1. **Баланы қоршаған жақын орта басымдылығы (приоритет)**. Өмір дәлелдегендей, адамдардың бір біріне ықпал жасау дәрежесі олардың арасындағы жақындыққа тікелей де тура байланысты. Жақын-жуықтар шеңберіндегі қатынастардан туындайтын талап, шектеулер жалпы қоғамды қоса, бізден аулақ болған қауымдастықтар мен әлеуметтік топтардан болатын ықпалдардан гөрі, салмақты да әсерлілеу. Осыдан да баланың болашақ сәтті өмірін қамтамасыз етуде отбасының рөлі орасан;

2. **Мейір мен сүйіспеншілік баланы билеудің басты құралы**. «Әркім сүйгенінің құлы» деп атам қазақ бекер айтпаған. Балаңызды тәрбиелі көргіңіз келсе, оны аталық мейірім мен аналық махаббатқа бөлеңіз. Сонда әке-шеше тарапынан қолданылатын басқа ықпалдардың қажеті болмай қалады;

3. Бала тәрбиесінде ұлы ғұлама **В. Гете** даналығынан бірер сөзді ереже ретінде қабылдау артық болмас: «Егер біз адамдарды сол күйінде қабылдайтын болсақ, онда оларды тәрбиеден

алыстатқанымыз. Ал, егер біз оларды **болашақтағы өзіміз арман еткен тұлға ретінде қабылдасақ, олардың бойындағы табиғаттан дарыған жақсылықтарының жүз беруіне, содан азаматтық кемелге жетуіне көмектескеніміз;**

4. **Ата-аналар өзіміздігіне (эгоизм) негіз болар «мүдделі күтім» (востребованное ожидание):** адам пендеге кейде тән болатын қасиет — өз қалауымызды ғана қалайтынымыз, осы қалаудан қандай да ауытқу болса, оған деген қызығушылық өрістей даму орнына, керісінше, құрдымға кетеді. Ал, мұндай өзгеріс, сіз қанша тырысқаныңызбен балаңыздың даму барысында көрініп, жобалаған жоспарыңызды ақтамайды. Тәрбие барысында күткен мүдденіз орындалмай, сіз қиналасыз, атасы мен анасы күткеніндей бола алмағанына балаңыз күйзеледі. Нәтижесінде, жалпы отбасындағы тәрбие дағдарысқа ұшырайды;

5. **Балаға қаратылған ниетті өтініш әсерін күшейте түсу** ата-ана қалауы ауытқу ықтималын кемітеді. Бұл үшін өз қалауыңызды әдейі керісінше талаппен ауыстырыңыз (инверсия). Мысалы, айтқанды қылмай жүрген баланы ұйықтатқыңыз келсе, қандай да сылтау тауып, көзін жұмдырмаңыз; беті-қолын жуып-шайып жүретін еткіңіз келсе, суға жақындатпай көріңіз, сонда баяғыдан сізді қинап келе жатқан кері өжеттік сіздің қалауыңызға қызмет ете бастайды; яғни, өз «менін» көрсетуге табиғатынан күштар бала «ұйықтағаным ұйықтаған», «жуғаным жуған» деумен өзі бұрын қаламайтын әрекетін енді сезбестен орындаумен болады;

6. Отбасылық тәрбиеде **дағдарысқа кезіктіру тәсілін қолданудың пайдалы тарапы** бар. Бала үшін қатерлі, түсініксіз, немен аяқталары белгісіз жағдайларды әдейі ұйымдастырып, одан баланы өзінше жол тауып шығуға мәжбүрлеу қажет. Әлбетте, мұндайда ата-ана баласының қандай да қатерге ұрынып қалмауын аңдып, оның әрекеттеріне бақылау қойып, тәрбие үдерісіне реттеу-түзетулер беріп барады. Осындайда қажетті бейімділіктерді алған бала болашақ өміріндегі қай дағдарысқа да дайын болып өседі;

7. Балаға үйретіп жатқанын өзі орындай алған мұғалім — ұлағатты ұстаз;

8. Баламен араласа жүргізілетін жұмыста «үзілді-кесілді үнсіздіктен» сақтаныңыз;

9. **Бір жөнді қаталдықта ұстау.** Алдын ала көзделген құлық-әрекет қалпы шеңберінде өскен баланың болашақта кім, әрі не болары күні ілгері түсінікті келіп, қатер туғызбайды;

10. Бала тәрбиесінде ұсақ-түйек болмайды. Ірі жетістіктерді бала болмысындағы майда-шүйде қажет сапаларды біріктіре қалыптастырудан бастаңыз;

11. Педагогтар мен ата-аналар өздерінің **бұрыннан қалыптасқан қатынастар тәуелділігінде қалып қоятынын** ұмыпаған жөн. Кейде ата-аналар оқиғаны қабылдауды оқиғаның өз мәнінен шығармай, солоқифаға болған бұрынғы қатынасына тәуелді болып қалады, яғни бала қылығын өткен бір уақытта жек көргенімізден, бұдан былайғы да қылықтарын оңды қабылдамаймыз. Мысалы, сағат кешкі 20-дан соң баланың кешігіп келуін жаман әдет деп қабылдауымыздан, бұдан былайғы кешіккендерінің бәрін, қандай себептер табуына қарамастан теріс бағалаймыз;

12. **Әр бастауыңыз жаңалықты болсын.** Кешегіңізді қайталамауға тырысыңыз. Табиғаттан үлгі алыңыз: ағаштан үзілген миуа өз орнына қайта ілінбес. Балаңызға болған кешегі ықпал бүгін сол күйінде оған әсер ете алмайды;

13. **«Қызықсыну екпініне» арқа сүйей отырып, балаға әр іс басында жеңілдік беріңіз.** Содан соң, бірте-бірте талапты күшейтумен, ақырында алғашқы талап күшіне өзгертіңіз. Іс бастауындағы «қуаныш сезімі» тұрақты бекіп, сол сезім кейін де балаға қолдау-қуат көзіне айналады;

14. Бала тәрбиесіндегі көптеген кемшіліктер негізі бір себепті — **бір топқа біріктірілген «ұсақ-түйектер» санының ұлғайып кетуі.** Осындай жинақталып келген «ұсақ-түйектердің» адамның өз болмысын анықтамай, сырттай «бет әлпетін» айқындайтыны бар. Мұғалім санасында қалыптасқан оқушы бейнесі «жалпыланған» күйде болып, нақты тәрбиелік ықпалға үйлеспей қалады. Сондықтан да әрбір отбасы өз перзентінің дарындылық тарапын баса айтып, мұғалімдерден баланың ұнамды тараптарына ыңғайласа жұмыс жүргізуін талап еткені жөн;

15. Мүмкіндігі болса, **үйде баланың оқу жұмыстарын орындайтын дөңгелек формалы** стол пайдаланыңыз. Дөңгелек стол төңірегіндегі адамдардың әрқашан еріксіз қайырымды болатыны ғылымда дәлелденген;

16. **Ата-ана әлпеті мен олардың ғажайып келбеті** ұнамды ықпалға ие болатыны баршаға аян. Осы киелі ықпалды жалықпай пайдалануға күш салыңыз;

17. **Отбасында өшпенділікке бірде-бір орын қалмауы тиіс.** «Өшпенділік жолын қалаған адам екі табыт арқалайды, бірі — өзінікі» (О. Уайльд). Бала қылығына егесіп, оны қандай да

жақсылықтан айырған әке мен шеше оған өшпенділік жасағаны. Мұндай жағдайда балаға ықпалды қатынасыңызды ашу-ызаға бұрмай, экономикалық жолмен шешкеніңіз дұрыс: істемеген екенсің — ешнәрсе алмайсың, ештеңе саған берілмейді;

18. **Ешбір пендеге өз өмірін қате, кемшіліксіз, «басын жарға үрмай» жүріп өту бұйырмаған.** Өмір күрделілігі мен таңданарлығы да осынысында. Көбірек өмір, тіршілік, тұрмыс жайында баламен сұхбаттасыңыз. Құрғақ уағыздан гөрі, балаңызға үлгі-өнеге көрсетіңіз, өз тәжірибеңізді әңгімелеңіз, отбасылық, бабалар тарихын қозғаңыз, өсиет, хадис сөздерін пайдаланыңыз;

19. **Бос әрекеттен қашыңыз, адами намысын оятып, баланы өз бойында мақтаныш көздерін табуға үйретіңіз.** Өз қадір-қасиетін сезіп, бағалай білген адам қандай қиыншылық кезіксе де ұяттан үстем болуға, ел көзінде аяқ асты болмауға тырысады, бар күшін салып бағады;

20. Әр қандай жүйе тұрақты да берік болуы үшін баланы уақытылы-уақытымен «**сілкілеп**» тұрған жөн. Өз балаларыңыз бен шәкірттеріңізді осылайша берік, белсенділік тексерісіне салып тұрсаңыз, тәрбиелік ісіңіздің қаншалықты жемісті болғанына не боларына көзіңіз жетеді;

21. Алдымен көздеген әрбір ісіңізді **ой сарабынан өткізуді** ұмытпаңыз, әрекет кейін бола береді;

22. Баланың қандай да келеңсіз істелген әрекетіне қатынасыңыздың алғашқыда сезімдік болатынын, ал екінші әрекетіңіз **насихат айту** көңіл шарпуыңызбен бірге жүреді. Осы байланысты өз мүддеңізге бірлікті қолдана біліңіз;

23. Ғылым дәлелдегендей, уақыт қорының 20 пайыздық алғашқы мезетінде көздеген нәтиженің 80 пайызы қолға тиеді, ал қалған 80 пайыз уақытында 20 пайыз нәтиже орындалады. Сондықтан, «**қуалай**» тәрбиелеуді **үрдіс етпеңіз, пайдасы шамалы**;

24. **Біркелкілік пен бірізділік** — тәрбиедегі маңызды принциптер;

25. **Балалардың ересектермен қатынасында теңдік болмайды**, бұлардың арасындағы қатынас **тәуелділік пен бағыныштылыққа** негізделген. Мұндай теңсіздік арадағы көңіл жақындығы не алшақтығымен өлшенеді. Балаларға қойылатын шектеулер осы қатынасқа тәуелді. Балаларыңызбен қатынастың қандай, қаншалықты болары — өз шешіміңізге орайлас;

26. Басқалар көзінше берілген ескертуді бала әрдайым **жазғыру, кінә қою** ретінде қабылдайтыны белгілі. Балалармен тілдесуде мұны ешқандай ұмытуға болмайды;

27. **Талаптар әрқашан әділ де анық қойылып, нақты орындалуы тиіс.** Өз педагогикалық талаптарыңызды орынсыз, қажетсіз түсіндірме, құрғақ сөзді, екіұшты насихаттармен күрделендірмеңіз;

28. Тіл алмайтын балаларды күтілмеген, «**тосын жағдайға**» салып тәрбиелеңіз;

29. Балаға болған **қадағалау неғұрлым жақын** болса, оның арқасында орындалатын басқару қызметі тиімділеу келеді. Өз қалауыңызға орайластыра қадағалау дәрежесін белгілеп алыңыз;

30. Өзіңіз таңдаған тәрбие ықпалы нәтиже бермей жатса, **әрекетіңіздің бағдарын шұғыл өзгерткеніңіз жөн**;

31. **Балалар саналы парасаттылықтан гөрі, тұрақтылықты сезінгіш.** Өте дұрыс, бірақ «бір мезеттік» ықпалға қарағанда, оншама ойланылмаған, алайда ұзаққа созылған әсер пайдалылау келеді;

32. **Тар шеңбердегі адамдармен** болған қатынас өзара қызығушылықты кемітеді. Егер мұндай байланысты кеміте алмайтыныңызға көзіңіз жетсе, ата-аналар назарын, міндетін өзіңізге аударудың жолын қарастырыңыз. Сонда әке мен шеше міндеті қандай да уақытқа ауысып — балалар сізден тартынатын болады;

33. **Әр адамның өзінің келеңсіз өмір тәжірибесінің күші әсерлілеу келеді**, яғни «балық басын жарға үрмай қайтпайды». Сөзбен қайталай үйрете бергенше, кейде балаға ыстық үтікке қолын басып күйдіруге, мұрнын қанатуға, тізесін жарақаттап алуға «рүқсат» бергеннің кемістігі болмайды.

Айтылғандардың бәрі — отбасылық тәрбиеде қажет болар тәуелділіктердің шет-шеңбері ғана. Өз тәжірибе, қорытуларыңызбен бұларды толықтырып бару ата-аналар мен педагогтар тәрбиесінің ықпалын көтерудің міндеттері, әрі қажетті шарттары.



### Отбасына педагогикалық қолдау беру

#### Жауап

Мөлтек аудандағы отбасы мен қоғамдық тәрбие істерін ұйымдастыру, жетекшілік мектепке жүктелген. Тәрбиелік ықпал көздерін орайластыруда бүгінде мектеп жұмыстарын қайта қарастырып, өткен дәуірлердегі ата-аналар мен қоғамдық мекемелер арасында қалыптасқан бір тарапты формальды істерден бас тартып, педагогикалық ағарту — сауаттандырудың гуманистік бағдарына өткені жөн.

Балаларды тәрбиелеуге байланысты осы заман тәжірибесінде мектеп, отбасы және қоғамдық іс-әрекеттерді бірлестіре орындаудың келесідей ұйымдастыру формалары қабылданған:

1. Педагогикалық ұжым, ата-аналар комитеті, жер-жердегі қоғамдық кеңестер, клубтар, кітапханалар, стадиондар, тәртіп сақтау және денсаулық мекемелерінің жоспарларын біріктіре түзу, сонымен тәрбие үдерісіне қатысушылардың нақты міндеттерін айқын бөлістіріп беру;

2. Мектеп күшімен ата-аналар және қоғам өкілдерін балалармен жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдерімен таныстырып, жүйелі үйрету;

3. Тәрбие жұмыстарының барысын тыңғылықты зерттей отырып, олардың нәтижесін бірлікті талдауға салу, сонымен кезіккен кемшіліктердің алдын алып, оларды болдырмауға бірлікті ат салысу. Ата-аналарға арналған негізгі жұмыстарды мектеп ата-аналар бірлестіктері (комитеттер, кеңестер, конгрестер, қолдау қоғамдары, кешендер, клубтар, т.б.) арқылы орындап барады. Мұндай бірлестіктердің әрбірі өз жарғысына (ереже, регламент, жоспар) ие болып, олар негізінде өз іс-әрекетінің басты бағыт-бағдарын белгілейді, тәрбие үдерісіне қатысушылардың міндеттерін айқындайды. Көп жағдайларда отбасы, мектеп және қоғамдық мекемелердің бірлікті ортақ жоспары түзіледі.

Тәлім жүйесіндегі жаңа қатынастарға орай, ата-аналар көптеген мүмкіндіктерге ие болып отыр: оқу пәндерін таңдау, олардың меңгеру көлемін анықтау, оқу жоспарларын түзу, оқу тоқсандары мен демалыс мерзімдерін белгілеу және өзгерту, мектептің оқу, білім бағдарын таңдау, мектепшілік жарғылар

қабылдау, тәртіп, оқу еңбегі, тыныс алу, тамақтану, оқушыларға дәрігерлік көмек шараларын қарастыру, мадақтау және жазалау жобаларын ұсыну, т.б. Бір сөзбен келісімді ұйымдастырылған бірлік тәрбие істері нәтижесінде мектеп пен отбасы балалар тәрбиесінде өзара шынайы үйлесімді жолдас болып, өздеріне жүктелген міндеттерді бірігіп атқарары сөзсіз.

Жалпы әдептілік, эстетикалық, адамгершілік, ерік пен сана-сезімдік құндылықтар қорын түзу ата-аналар мектебін ұйымдастырудан басталады. Қарым-қатынасқа шебер оның белсенді мүшелері барша ата-аналарды гуманистік педагогика негіздерін үйреніп, меңгеруге насихаттап, қызметтестік педагогика мен іс-әрекеттік тәрбие бағыттарын игеруде үлкен табыстарға жетуде. Өз білімдерін толықтыруға ынталандыру нәтижесінде ата-аналар отбасындағы балалар тәрбиесін ұйымдастыруда көп нәрсені үйренуде.

## МАЗМҰНЫ

1-сұрақ. Педагогика — тәрбие жөніндегі ғылым.....	4
2-сұрақ. Педагогиканың пайда болуы мен дамуы.....	5
3-сұрақ. Педагогика нысаны, пәні және қызметтері.....	11
4-сұрақ. Педагогикалық ғылымдар жүйесі.....	14
5-сұрақ. Педагогика және басқа ғылымдар.....	17
6-сұрақ. Педагогика әдіснамасы жөніндегі түсінік.....	19
7-сұрақ. Педагогиканың философиялық негіздемесі.....	21
8-сұрақ. Педагогиканың жалпы ғылымдық әдіснамасы.....	25
9-сұрақ. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық принциптері.....	26
10-сұрақ. Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру.....	26
11-сұрақ. Педагогикалық зерттеу әдістемесі мен әдістер жүйесі.....	30
12-сұрақ. Тұлғаның даму үдерісі.....	34
13-сұрақ. Нәсілдік және қоршаған орта.....	36
14-сұрақ. Іс-әрекет және тұлға дамуы.....	38
15-сұрақ. Тұлға қалыптасуының өзегі тәлім — жалыадамзаттық құбылыс.....	41
16-сұрақ. Тәлім — әлеуметтік құбылыс.....	43
17-сұрақ. Тәлім үдерісінің жүйелілігі.....	47
18-сұрақ. Тәлім — педагогикалық үдеріс.....	50
19-сұрақ. Қазіргі заман тәлім-тәрбие жүйесін реформалаудың негізгі бағыттары.....	53
20-сұрақ. Тәрбие — арнайы ұйымдастырылған қызмет.....	54
21-сұрақ. Тәрбие мақсаты және міндеттері.....	56
22-сұрақ. Тәрбие үдерісінің ерекшеліктері.....	61
23-сұрақ. Тәрбиеші тұлғасы.....	64
24-сұрақ. Тәрбие үдерісінің нақты және жалпы заңдылықтары.....	65
25-сұрақ. Тәрбие үдерісінің мазмұны.....	67
26-сұрақ. Тәрбие үдерісінің принциптері.....	69
27-сұрақ. Тәрбиенің қоғамдық бағытта болуы.....	70
28-сұрақ. Тәрбие гуманизациясы.....	73
29-сұрақ. Тәрбиелік ықпалдар бірлігі.....	75
30-сұрақ. Тұлғаны ұжымда тәрбиелеу.....	77

31-сұрақ. Мектеп, сынып ұжымының мән-мағынасы.....	79
32-сұрақ. А. С. Макаренко ұжым тәрбиесі жөнінде.....	80
33-сұрақ. Ұжым және тұлға.....	83
34-сұрақ. Ұжымға педагогикалық жетекшілік.....	85
35-сұрақ. Тәрбие әдістері мен тәсілдері.....	86
36-сұрақ. Тәрбие әдістерін таңдау.....	88
37-сұрақ. Тәрбие әдістерінің жіктелуі.....	90
38-сұрақ. Тұлғаның ақыл-ойын қалыптастыру әдістері.....	91
39-сұрақ. Іс-әрекет ұйымдастыру әдістері.....	94
40-сұрақ. Ынталандыру әдістері.....	96
41-сұрақ. Тәрбие өнері мен тәрбиелеу технологиясы.....	97
42-сұрақ. Тәрбиелік істер.....	99
43-сұрақ. Әлеуметтік бағдарлық тәрбие істері.....	101
44-сұрақ. Этикалық тәрбие істері.....	102
45-сұрақ. Эстетикалық және дене шынықтыру тәрбие істері.....	104
46-сұрақ. Экологиялық және еңбектік тәрбие істері.....	106
47-сұрақ. Әлеуметтік жұмыс.....	107
48-сұрақ. Отбасы тәрбиесі.....	110
49-сұрақ. Отбасылық тәрбие ережелері.....	114
50-сұрақ. Отбасына педагогикалық қолдау беру.....	120

*Сәбет Балтабайұлы Бабаев  
Шамурат Байманұлы Оразов  
Қарлығаш Сәбетқызы Бабаева*

## **Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы**

*Оқу құралы*

*«Нұр-пресс» ЖШС бас директоры  
Н. Н. Жансеитов*

*Оператор: Г. О. Умурова  
Беттеуші: А. А. Сляднева  
Дизайн: А. О. Савельев  
Корректор: А. А. Серимова*

Басуға 07.04.2019 қол қойылды. Қаріп түрі «Таймс».

«Нұр-пресс» баспасы  
050057 Алматы қ.,  
М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.  
Тел/факс: (727) 2747-833, 2742-650.  
E-mail: law-literature2006@rambler.ru